Искусственное стимулирование социального расслоения этнических групп определялось как одна из сверхзадач советского строительства и, в свою очередь, порождало новые коллизии. В частности, традиционное деление территории между родами не отличалось устойчивой определенностью, тогда как новые границы советского самоуправления «нарезали» этническую территорию, как и в имперской управленческой практике, нарушая субэтнические пространственные ориентиры и связанные с ними социальные и хозяйственные системы. На место уездных начальников, волостных управителей и аульных старшин пришли председатели сельсоветов, волостных и районных исполкомов, отражавших не привычные социально-родственные взаимосвязи, а классовые и идеологические приоритеты. Роль посредников-аткаминеров и переводчиков стали играть всевозможные активисты общественных организаций, санкционированных властью. Однако, как и прежде, борьба за доступ к административному ресурсу была важнейшей частью комплекса мер по отстаиванию реальных и символических атрибутов верховенства родов. Хозяйственная основа функционирования родовых объединений после социально-экономических преобразований 1920-1930-х гг. была уничтожена. Сами роды стали неотъемлемой частью этнокультурной самоидентификации казахов, проявлявшейся в т.ч. в конкуренции за обладание должностным и чиновным статусом, подразумевавшим целую систему преимуществ и предпочтительных позиций в советской общественной системе. Сумевшие продвинуться по карьерной лестнице на самый верх республиканской системы власти переживали, пожалуй, наиболее драматические социально-психологические трансформации, пытаясь совместить прежние индивидуальный опыт, организационно-управленческую культуру, систему личных связей и зависимостей с

требованиями новой центральной власти, которая, впрочем, тоже была вынуждена использовать и в чем-то воспроизводить традиционные политические практики.

Этнополитика большевиков была подчинена доктрине создания однородных в Этнополитическое строительство как главный инструмент достижения равенства и процветания народов в стратегии большевиков по самоопределению наций-этносов «спотыкалось» о массу объективных и субъективных проблем. Далеко не последнее место в этом ряду занимал острейший дефицит достойных политических лидеров и управленцев. Вынужденное использование вынужденно признавших советскую власть представителей немногочисленной дореволюционной казахской интеллигенции (движение Алаш) оказалось краткосрочным и не удовлетворило обе стороны. При этом алашординцы сделали максимально возможное, дабы реализовать свой автономистский проект в новых обстоятельствах, прямо участвуя в определении границ и создании Казахской АССР (управление, экономика, образование, здравоохранение, наука и культура), без чего современный Казахстан был бы невозможен.

Однако новый слой политической элиты, с помощью центра вскоре вытеснивший алашординцев, не смог выстроить рациональные и эффективные отношения как внутри быстро образовавшихся собственных группировок и группочек, так и в координатах формировавшейся противоречивой системы взаимоотношений СССР – РСФСР – КАССР. «Кавалеристам», на скаку берущим высоты власти в угоду амбициям, но, как правило, без должной «амуниции», противостояли местные и присланные из центра «ломовые работники», стремившиеся честно, ответственно и бескорыстно исполнять свой гражданский долг. Переменчивые коалиции, групповая и индивидуальная память о пережитом, социальная и личная зависть, клановые, родственные, политические связи в прошлом и настоящем, необходимость считаться с реальными условиями советского строительства в этнокультурном контексте, индивидуальные служебные планы и моральные критерии персонажей достаточно усложняли ситуацию. Решающее значение приобрела позиция союзной власти и руководства РКП (б), столкнувшихся с необходимостью оптимизировать структуры управления и персональный состав органов власти в автономии с учетом, в частности, знаний о личных качествах представителей казахстанского «политического класса», подтвержденной ими лояльности, проявленного умения вписаться в номенклатурный ландшафт и решать бесчисленные социально-экономические, политико-правовые и культурные проблемы на месте в соответствии с общегосударственными приоритетами и распоряжениями центрального аппарата.

Качество управления, характер и эффективность взаимодействия общегосударственных, российских и автономных структур власти, культура нарождающейся советской этнобюрократии, само существо власти определялись множеством противоречивых факторов и обстоятельств. Не последнее место среди них занимали уровень образования и политико-правовой культуры, межпоколенческие отношения, личные амбиции и карьерные интересы, нравственные приоритеты и социальные установки отдельных групп и представителей политической элиты, в т.ч. в казахском обществе. Между тем сама «политическая крыша» - Казахская советская автономия, выстроенная усилиями советской центральной и (под ее присмотром) этнонациональной власти и затем возвышенная до ранга союзной республики СССР, оказалась

неплохим фундаментом для государственного строительства в постсоветский период.

Мақалада советтік этносаяси зиялы қауым өкілдерінің қалыптасу үрдісі Қазақстан мысалында көрініс тапқан.

ӘОЖ 94(574.1) «1941/1945»

*Рысбеков Т.З. - т.ғ.д., профессор,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың
құрметті ректоры*

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДА

1941 жылы 22 маусымда Ұлы Отан соғысы басталған мезетте-ақ одақтың басқа аймақтары тәріздес Батыс Қазақстан/Ақтөбе, Гурьев, Батыс Қазақстан облыстары/өңірінде де соғыстың алғашқы күні-ақ халық жиындары мен ереуілдер өтіліп, оған батысқазақстандықтар белсене қатысып, Отанды қорғауға дайын екенін білдіріп, еріктілер тізіміне жазыла бастады.

Мәселен, соғыс басталған, яғни 22 маусым күні Ақтөбе қаласында өткен жалпы қалалық жиынға 20 мыңнан астам халық жиналса, Гурьев облысының Мақат кәсіпшілігінде – 1500 адам, Форт-Шевченкодa – 3000 адам қатысқан жиындар өтілсе, Батыс Қазақстан облысындағы іргелі білім ордаларының бірі – Орал пединститутында жиын өтіп, Отан қорғауға қасық қаны қалғанша шайқасуға ант қабылдап, студенттер В.Жевак, И.Афанасьев, А.Нестеренко, Д.Черняев, З.Мұқанов, Л.Ошибов, т.б. тізімге бірінші болып жазылды.

Кейін мұндай жиындар өңірдің барлық өндірістік мекемелерінде, колхоздарда, оқу орындарында өтілді. Жиынға қатысушылар үлкен жігерлілікпен, патриоттық сезіммен Отанын қорғау басты борышы екенін сезіне отырып, тез арада майданға жіберуді талап етіп, әскери комиссариаттарға өз өтініштерін білдіре бастады. Олардың қатарларында табиғатынан нәзіктілік пен батырлықты байқатқан ел басына қауіп төнген уақытта Томирис, Бопай апаларындай жауға қарсы шығып, майданға аттануға өз өтініштерін білдірген қазақтың қыздары да болды. Мәселен, Гурьев қаласында да соғыстың алғашқы күндерінде 23 қыздан майданға жіберу туралы өтініш түссе, Ақтөбе қалалық әскери комитетке 25 маусымның өзінде-ақ 392 арыз түссе, оның 90-ы отбасын құрған әйелдер болды, ал 27 маусымға дейін Ақтөбе облысынан өтініш білдірген әйел-қыздардың саны 140-тан асқан.

Тіпті кейбір отбасылы қыз-келіншектер Отанын жаудан қорғауды бірінші кезекке қойып, өз балаларын мемлекет қарауына қалдырып, өздері ер азаматтарымен бірге майданға баруға батыл шешім қабылдады. Солардың бірі – Ақтөбе қалалық балалар бақшасының тәрбиешісі Т.А. Сидельникова Отанын қорғауға әзір екенін, 3 жастағы баласын балалар үйіне қалдырып, өз еркімен Қызыл Армия қатарына алуға өтініш білдірсе, Некрасов көшесі 66 үйінің тұрғыны А.Р. Бучацкой радиодан Сыртқы Істер Халық Комиссариатының орынбасары Молотовтың сөзін естігеннен кейін, Кеңес Одағының азаматы ретінде күйеуімен бірге майданға аттанып, Отанын ақырғы демі біткенше қорғауға әзір екенін айтып, өз еркімен өтініш жазды. Мұндай еріктілер қатары аймақта күн сайын артып отырды.

Дегенмен де, майданға аттанушылардың саны артқанымен оларды әскери іске үйретуде өзіндік қиындықтар кездесті. Олардың ең бастысы - әскери басшы командирлерінің жетіспеуі болды. Соғыс алдындағы сталиндік репрессияның өршіген кезеңінде әскер басшыларының 55 пайызы жазықсыз қуғындаудың құрбаны болды. Азамат соғысының от-жалынында шыңдалған 43 мыңға жуық Қызыл Армия командирлері сталиндік лагерьлерде опат болды. Даңқты командирлер, әскери теоретиктер репрессия тұзағына ілініп, қолбасшыларының қатары сиреген болатын. Қорғаныс халық комиссариатындағы Әскери Кеңестің мүшелерінен, небәрі 10-ақ адам жазықсыз жаладан аман қалды. Міне, осындай орасан қиыншылықтарға тап болып, байырғы командалық корпусының қатары сиреген Кеңестік Қарулы Күштер Ұлы Отан соғысына өте қиын жағдайда кірісті.

1941 жылға дейін құрлықтағы әскер қатарының өзінде штат бойынша 66900 командир жетіспесе, ұшқыш-техниктер құрамында кадр жетіспеушілігі 32,3%-ға дейін жетті. Сонымен қатар оқу-жаттығу, даярлық үшін әскери қару-жарақтардың жетіспеушілігі байқалды. Кейбір қару-жарақ түрлерін қолдан жасауға тура келді.

Сонымен қатар, жау әскерінің ел ішіне етене енуі жауынгерлердің әскери даярлығына да өз кедергілерін тигізді. Уақыттың шектеулі болуына байланысты кейбір белгіленген оқу-жаттығу сағаттары толық орындалмай жауынгерлер соғыс даласына жіберіліп отырылды. Мәселен, бір ғана Ақтөбе облысы бойынша 1924 жылы туылғандардан 186 адам, 1925 жылы туылған 11 адам әскери даярлықсыз майданға аттандырылған.

Соғысқа аттанған жауынгерлердің арасында білімі таяз, тіпті сауатсыз адамдар саны да басым болғаны байқалады. Мәселен, 1941 жылы 1 қыркүйектегі құпия мәлімет бойынша, 1905-1918 жылдары туылған әскери міндеттілердің арасында Ақтөбе облысы бойынша 920 сауатсыз, 1082 шала сауатты, 3981 орыс тілін білмейтіндер, Гурьев облысынан 2181 сауатсыз, 4324 шала сауатты, 5710 орыс тілін білмейтіндер. Батыс Қазақстан облысы бойынша 1850 сауатсыз, 3447 шала сауатты, 4544 орыс тілін білмейтіндер болғаны анықталған.

Майдан даласында барлық бұйрық-нұсқау орыс тілінде берілетінін ескерсек, орыс емес ұлт өкілдеріне, оның ішінде орыс тілін білмейтіндер мен сауатсыздарға көптеген қиындықтар туғызғанын байқауға болады. Орыс тілін білмеу, олардың ұрысқа белсенді түрде араласуын шектей түсті, сонымен қатар «ұлы орыс» өкілдерінен жасақталған командирлердің бұйрықтарын да түсінбейтін кездері болғаны белгілі. Мұның басты салдары соғыстың алғашқы кезеңінде адам шығынының көп болуына да өзіндік себептерін тигізгені аян.

Осы себептен КСРО ХКК-нің 1942 жылы 24 тамыздағы № 1423 орыс тілін меңгермегендерге орыс тілін оқуы туралы төңірегінде қаулысы шықты. Қаулыда орыс тілін меңгермегендерді 90 сағаттық бағдарлама көлемінде орыс тілін оқыту міндеттеліп, оқыту 1942 жылы 15 қыркүйектен бастап республикалық ХКК мен облыстық атқару комитеттеріне мектептерде орыс тілін оқытуды ұйымдастыру, оларды маманданған және тәжірибелі мұғалімдермен және оқу-жазу құралдарымен қамтамасыз ету міндеттелді. Орыс тілін оқудағы барлық шығындар жергілікті бюджет арқылы жүргізілді. Осыған орай әскер қатарында мемлекет тарапынан шала сауаттылар мен сауатсыздарға көңіл бөлініп, орыс тілін игеруге арналған оқу да ұйымдастырылған. Осындай шаралар тылда да атқарылды. Оқытуға мектеп мұғалімдерімен қатар жоғары сынып оқушылары да пайдаланылды. Мәселен, Гурьев облысында 529 мұғалім мен оқушылар 217 сауатсыздарды, 4419 шала сауаттыларды және 235 орыс тілін білмейтін әскери шақырылғандарды оқытты. Кейін тағы да 3959 сауатсыз және 6181

шала сауаттыларды оқытты.

Дегенмен де, бұл жүргізілген шаралар соғыс жылдарында майданға аттанған жауынгерлерді толық сауаттандырып, орыс тілін өз мәнінде үйрете алмады. Оған уақыттың аздығымен қатар кәсіби маман тапшылығы да өз әсерін тигізді.

Соғыс жылдарында халықтың барлығы бірдей Отан алдындағы борышын түсіне бермеді. 1941 жылдың 29 маусымындағы Директиваға сәйкес әскери міндеттілер 5 күн мерзім ішінде тіркелуге міндетті, ал дәлелсіз келмегендер мобилизациядан бас тартып, қашқындар есебінде Соғыс Трибуналының сотына берілді.

Халық арасында майданға барудан бас тартушылар, әскери қызметтен қашқандар да кездесіп отырды. Олардың ішінде қарапайым халықтармен бірге, кейде комсомол, партия мүшелері де кездескен жағдайлар болды. Мәселен, Шалқар ауданындағы комиссия төрағасы Хасановтың 1941 жылы 2 желтоқсандағы хабары бойынша кейбір партия мүшелері: Федосов, Литовченко, Давыдов, Кургулин, т.б. майданға өз еркімен аттанудан бас тартқан.

Кейбір партияның жауапты қызметкерлері, ауылдық кеңестің төрағалары жалған тізімдер жасап, өз жақын-жуықтарының туған жылдарын кемітіп, оларды әскери қызметтен босатылатын құжаттар әзірлеумен шұғылданғандықтары да анықталды. Ақтөбе облысы Ойыл ауданының № 21 ауылдық кеңесінің төрағасы Асауов Дәулет өзінің 1924 жылы туған ағасы Асауов Кенжеғалиды Қызыл Армия қатарына барудан босату үшін оған 1926 жылы туған деген анықтама берсе, Ключевой ауданындағы Маржанбұлақ ауылдық кеңесінің төрағасы мен хатшысы Ташаев пен Делманов Қызыл Армия қатарына шақырылуға тиісті адамдардың шаруашылық кітаптарындағы туған жылдарын өзгертумен және жалған құжаттар жасаумен айналысқан. Қызыл Армия қатарына шақыру алған кейбір азаматтар тұрғылықты мекен-жайын тастап, әскерге барудан қашып-пысып жүрген. Олар – дезертирлер (әскерден қашқандар) өздерінің алыстағы жақындарын паналап жүрсе, кейбіреулері арнайы топ құрып, қарақшылық әрекеттермен айналысқан. Мәселен, Жұрын ауданының азаматы Спан Мұрзабаев әскер қатарынан қашып келіп, 14 адамнан тұратын топ құрып, қарақшылық әрекеттермен шұғылданған.

Кеңес үкіметінің жүргізген саясатына қарсы өсек-аяң, алып-қашпа әңгімелер таратып, халықтың кеңес үкіметіне, фашистік Германияны жеңетіндігімізге сенімсіздік көзқарас қалыптасуына ықпал ететін әртүрлі топтар да орын алған. Бұл топ майдан тылындағы еңбекшілердің еңбек етуіне, майданға аттануларына кедергілерін тигізіп, халық наразылығының тұтануына әрекеттер жасамақ болған. Ондай топтар 1941 жылдың тамыз-қыркүйек айларында Ақтөбе облысының Байғанин, Шалқар, Родников, Новоресей аудандарында тіркелген. НКВД ұйымдары Орта Азия Республикаларының аудандарына, Ауғанстан мен Иранға халықты көшірумен айналысқан контрреволюциялық топтарды құрықтаған.

Наразы топтар, қашқындық әрекеттер одақтың, республиканың барлық аймақтарында орын алғаны туралы бұрын жарияланбаған деректер сақталған. Қашқындармен күрес үшін арнайы топтар «үштіктер» құрылған. Олардың құрамына аудандық комитеттің хатшылары, НКВД-нің аудандық бастығы және аудандық әскери комитет төрағалары енді. Мысалы, Ақтөбе облысында қашқындармен күрес жүргізетін кеңестік-партиялық ұйымның құрамында 690 мүше болған. Мұндай арнайы топтар барлық аймақтарда құрылды. Бұл топтардың негізгі міндеттеріне аудан орталықтары мен қалаларда айына кемінде екі рет, ауылдық жерлерде айына, бір рет тұрақты тексеру жүргізу жүктелді.

Осындай шаралар нәтижесінде, біріншіден, жалған құжат жасаушылар тосқауыл болса, екіншіден, әскерден қашушылардың саны азая бастаған.

Соғыс басталғаннан – 1942 жылдың 1 қыркүйегі аралығында әскерден қашқандардың республикада 2206 оқиғасы тіркеліп, оның Ақтөбе облысында 289-ы, Гурьев облысында 44-і, Батыс Қазақстан облысында 81-і тіркелгені анықталған.

Соғыс жағдайындағы жаңа міндеттерге сәйкес жергілікті советтерге тиісті нұсқау-тапсырмалар беріп, олардың жұмыстарында өзгерістер пайда болды. Сонымен бірге Советтер жұмысындағы демократиялық формалары туралы принциптер өзгерген жоқ. Бұл негіздер Одақтың жаңа Конституциясымен бекітілген болатын, олар Советтер мен оның жергілікті органдарының Отан соғысы кезеңіндегі барлық жұмысына тірек және негіз болды.

Жергілікті кеңестер міндетін айқындау мен қызметін жандандыруда үлкен маңызы бар құжат 1942 жылдың 18 наурызында қабылданды. Осы қаулы шешімдерінің орындау барысын қадағалау үшін облыстық атқару комитеті 1942 жылдың сәуір мен маусым айы аралығында Орал қалалық Кеңесі атқару комитетінің, Жәнібек, Теректі, Фурманов, Шыңғырлау және Жымпиты аудандық кеңестері жұмысын тексеруді ұйымдастырды. Тексеру мақсаты – аудандық атқару комитеті жұмыстарының жайын анықтау, соғыс кезінде төменгі буындарға басшылық жасау сияқты маңызды істің қалай жүргізіп жатқанын бақылау еді.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы кеңес органдары қызметінде Қызыл Армияға бүкілхалықтық көмек ұйымдастыру, майдан мен тыл арасындағы байланысты күшейте түсу жұмыстары басты бағыттың бірі болды. Соғыс басталысымен-ақ тиісті мекемелер мен ұйымдарға еңбек ұжымдары мен жекелеген азаматтардан хат, өтініштер, жиналыс пен митингі қаулы-қарарлары келіп түсе бастады, бұл құжаттарда олар майданға жеке қорларымен көмек беру ниеттерін білдіріп жатты. Кеңес органдары баспасөз бен радио арқылы, белсенділер мен үгітшілер күшімен облыс жұртшылығы Қызыл Армияға жылы киім мен елде қорғаныс қорын құрудың саяси және экономикалық маңызы туралы үгіт-насихат жұмыстарын ұйымдастырды.

Соғыстың алғашқы күндерінен бастап 1942 жылдың аяғына дейін елдің қорғаныс қорына Батыс Қазақстан облысы еңбекшілерінен келіп түскен қаржылай және басқаша көмек түрі: миллион 545 мың сом қаржылай көмек, 486 алтын, 20 кг, 972 гр күміс, 541 гр платина, 1900,5 тонна астық, 22,3 ц май, 19 т пішен, т.б. бұдан басқа облыс еңбекшілері майдан жауынгерлеріне Жаңажылдық, май мерекесіне және революцияның 24 жылдығына сыйлықтар жинауды ұйымдастырып, майданға 30 вагоннан астам сый-сәлемдемелер жіберді.

1942 жылғы Мемлекеттік Әскери заемның орасан табыспен өтуі советтік патриотизмнің тамаша көрінісі болды, заемға жазылу бұрын-соңды болмаған қысқы мерзімде және тамаша нәтижемен аяқталды. Облыс бойынша 31,415 мың сомға әскери заемға жазылу жүргізілді.

Облыс еңбекшілері барлығы бір кісідей жұмылып, майданға нақты көмек көрсету жолында ерлікпен еңбек етті. Олар ауыл шаруашылық жұмыстары бойынша жоспарды орындап қана қоймай, Тамбов колхозшыларының патриоттық бастамасы бойынша республикада бастаған патриоттық қозғалысқа да үлестерін қоса білді. «Қазақстан колхозшылары» деген атпен жасақталып жатқан танк колоннасы мен әскери ұшақ эскадриласы құрылысына облыстан 52928 мың сом аударылды. Бұл істе Зеленов, Тайпақ, Орда және Шыңғырлау

ауданы еңбекшілері белсенділік танытып, басқа аудандармен салыстырғанда қаржыны көбірек жинады.

1942 жылғы астық өнімдерін жинауға майдангерлердің әйелдері, үй шаруасындағы әйелдер, колхозшы-әйелдер де белсене қатысты. Олар өздерінің ерлері мен балалары майданда жаумен қалай шайқасса, еңбекте өздерінің солай күш жұмсайтынын мәлімдеді. Олар өз сөздерінде тұрды, еңбекте ерліктің үлгісін, норманы орташа алғанда 120-130%-ғаасыра орындады.

Қала мен облыс көлемінде халық жасақтарының батальоны мен жауынгерлік жасақтар ұйымдастырыла бастады. Жайық пен Еділ бойынан Чехиядағы Вяткаға дейін даңқты әскери жорықты басынан өткізген 152-ші арнайы атқыштар бригадасы құрылды. Смоленск мен Белоруссия жерінде ерлікпен шайқасқан 101-ші арнаулы ұлттық қазақ атқыштар бригадасы да біздің облысымызда құрылды.

Жау қолында қалған территориялардан көшірілген өнеркәсіп орындары мен адамдардың кейбіреуі Орал қаласына орналастырылды. Олардың жалпы саны 14 өндіріс орны мен мекемелер болды. Солардың ішінде Ленинградтан көшірілген К.Ворошилов атындағы заводты ерекше атауға болады. Соғыс жылдарында майданды қару-жарақпен қамтамасыз етіп, жеңіске зор үлес қосқаны үшін завод ұжымы Мемлекеттік қорғаныс Комитетінің ауыспалы Қызыл туын екі рет иемденді, ал конструкторлары Н.Н.Шамарин, В.Д.Горбунов және Г.И.Жигарь өнертапқыштық бастамалары үшін бірінші дәрежелі сталиндік сыйлықтың иегерлері болды.

В данной статье нашли отражение исторические факты, характеризующие участие Западно-Казахстанской области в Великой Отечественной войне.

ӨОЖ 929 (574.1)

*Рысбеков Т.З. - т.ғ.д., профессор,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың
құрметті ректоры*

БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР - КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ

Қазақстандықтардың ерлігі Сталинградты неміс басқыншыларынан қорғау кезінде ерекше көзге түсті. Себебі, Қазақстан территориясы Сталинград облысымен шектесіп жатты. Қазақстанның Батыс Қазақстан, Атырау (Гурьев) және Ақтөбе облыстарының Сталинградқа жақындығын ескеріп, майданға байланысты осы майданның жақын тылына айналды. Ал Батыс Қазақстанның Орда, Жәнібек, Казталовка және Жалпақтал аудандары тікелей Сталинград әскери округына қараса, Сайхын, Шоңғай, Тасқала, Переметное, Қазақстан, Шыңғырлау темір жол станциялары да Сталинград майданының қарамағына енгізілді. Сталинградты Қазақстанның орталық, шет аймақтарымен және Орта Азиямен байланыстыратын ірі темір жол станциясы әрі облыс орталығы – Орал соғыс аймағы деп табылды. Майданда оқ-дәрі, қару-жарақпен қамтамасыз етуге Астрахань арқылы сауда, Батыс Қазақстан облысының территориясы арқылы құрғақта байланыс жасайтын.

Доспанова Хиуаз. Әскери ұшқыш қыз Хиуаз Доспанованың ерлігінің өзі жеңіске үлкен үлес қосты. Авиация штурманы Х.Доспанова Кавказ бен Қырым

шайқастарында 300 рет әскери тапсырмамен әуеге көтерілді. Орал аэроклубын бітірген Х.Доспанова Москва медициналық институтына оқуға барып, соңғы емтихан тапсыратын кезде соғыс басталып кетеді. Оның тағдырында елеулі бетбұрыстың орын алуына Совет одағының Батыры, атақты ұшқыш М.Расковамен кездесуі себепші болды. М.Раскованың басшылығымен Хиуаз Доспанова Москвадан Бранденбургке дейінгі шайқастарға қатысты.

Ахмиров Касым Шабанович 1923 жылы Саратов облысының Дергачев ауданындағы Алтыата селосында дүниеге келген. 1937 жылдан Батыс Қазақстан облысының Красновский совхозында тұрды. Соғысқа дейін есепші, май құюшы, тракторшы болып жасады. Взвод командирі Қасым Шабанұлы 1941 жылдан Воронеж, Орталық және т.б. майдандарда шайқаса отырып, Берлин қаласына дейін жетті. Украина жеріндегі Чумакиев хуторы үшін, шайқастағы ерлігі үшін кіші лейтенант К.Ш. Ахмиров Кеңес одағының Батыры атағына ие болды. 1949 жылы қайғылы жағдайда қайтыс болды.

Борисюк Александр Евстафьевич 1921 жылы Тула облысының Белев қаласында дүниеге келген. 1925 жылдан Батыс Қазақстан облысының Зелен ауданы Серебряково ауылында тұрады. 124 атқыштар дивизиясының құрамындағы миномет взводының командирі Борисюк А.Е. Карел мойнағындағы Вуокса өзенінен өтудегі ерлігі үшін 1945 жылы 24 наурызда жоғары атаққа ие болды. Оның қарсаңында 15 ақпанда Польшаны азат ету шайқастарының бірінде қаза болды.

Видяшев Николай Тимофеевич 1903 жылы Орал қаласында туылған. Фин соғысында 257-ші атқыштар полкын басқара жүріп Выборг бағытындағы шайқастағы ерлігі үшін 1940 жылы 21 наурызда Кеңес Одағының батыры атағы берілді. Видяшев Н.Т. 3 наурызда шайқас үстінде қайтыс болған.

Волков Филипп Григорьевич 1901 жылы Бөрлі ауданының Бөрлі ауылында дүниеге келген. Азамат соғысына қатысқан. Чехославакия жеріндегі ерлігі үшін жоғары атаққа ие болған. 1948(9) жылы қайтыс болған. Бөрлінің бір көшесі батырдың есімімен аталады.

Гребнев Андрей Феокистович 1942 жылы Теректі ауданының Покатиловка ауылында дүниеге келген. 1945 жылы сәуір айында Днепрді өтудегі және Белоруссия жерін жаудан азат етудегі ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. 1973 жылы қайтыс болды.

Гринько Иван Устинович 1922 жылы Ақтөбе облысының Кузнецовка ауылында туылған. 1934 жылы ата-анасы Ташкент облысына көшіп, 1940 жылы тамызда әскер қатарына алынады. Орынбор ұшқыштар училищесін бітірген Иван Устинович 1942 жылы майданға аттанады. Әуе шайқастарындағы көрсеткен ерекше ерлігі үшін 190-шы шабуылшы авиация полкының эскадриля командирінің орынбасары Гринько И.У. 1944 жылы 26 қазанда Кеңес Одағының Батыры атағына ие болады.

Джунусов Мажит 1917 жылы Жаңақала ауданының Саралжын ауылында туылған. Соғысқа дейін шопан болып жұмыс жасаған 303-ші атқыштар дивизиясының автоматшысы жүздеген жау солдатын және офицерлерін жер қаптырды. 1943 жылы 27-ші қыркүйектегі Днепрден өтудегі ерлігі үшін осы жылдың 20-шы желтоқсандағы КСРО Жоғары Советі Президиумының жарлығымен Кеңес Одағы Батыры атағы берілді. Соғыстың сәуірі айында Праганы азат ету үшін болған шайқаста қаза болды.

Доспанова Хиуаз

Жаксығұлов Садық Шәкелұлы 1924 жылы Жаңақала ауданының №20-шы ауылында дүниеге келген. 1942 жылы 6 тамызда майданға аттанды. 73-ші гвардиялық Сталинград атқыштар дивизиясының құрамында шайқасқан Садықтың даңқы Полтава түбінде Днепрді өтудегі ерлігінен кейін кең тарады. 1944 жылы 22 ақпанда ерлігі жоғары бағаланды. Өзінің әскери қызметін Австрия жерінде аяқтады.

Зрелов Иван Петрович 1924 жылы Калинин облысының Появилowo деревнясында дүниеге келген. 1955 жылдан Теректі ауданының Федоровка селосында тұрған. 1983 жылы қайтыс болды. 1944 жылы Оңтүстік Буг өзенінен өтудегі ерлігі үшін Кеңес одағының Батыры атағы берілді.

Искалиев Сүндетқали Шыңғырлау ауданының Константиновка ауылында туылған. 1942 жылы шілдеде майданға аттанды. Ол Александр Матросовтың ерлігін қайталады. Бұл шайқас 1944 жылы 24 маусымда Могилев облысының Быхов ауданының Лидчица деревнясы үшін болды. Өлгеннен кейін, 24 наурыз, 1945 жылы Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Коняхин Иван Иванович 1921 жылы Калуга облысының Куровск деревнясында дүниеге келген. 1962 жылы қайтыс болды. Польша жерін азат етудегі Висла өзенінен өтудегі ерлігі үшін 1945 жылы 27 ақпанда жоғары атаққа ие болды.

Коровин Артем Иванович 1918 жылы Оралда дүниеге келген. Соғыс қарсаңында Архангельск облысында болып, әскер қатарына сол жақтан алынған. Ол Карелия шайқасында болды, Калинин майданының құрамында Латвия, Литва, Шығыс Пруссияны азат етуге қатысты. Ол өте ержүрек барлаушы болды. Литва жеріндегі ерлігі үшін 24 наурыз 1945 жылы Кеңес Одағының Батыры атағын алды. 1945 жылы майданда қаза болды.

Куличев Иван Андреевич 1920 жылы Астрахань облысы Жоғары Басқұншақ станциясында теміржолшылар отбасында дүниеге келген. Балалық шағы Орал қаласында өтті. Мектепте оқи жүріп еңбек етті: алғашқыда есепші кейін Орал темір жолы бөлімшесінің жанар-жағар май қоймасының бухгалтері болды. 1940 жылы әскер қатарына алынды. Алдымен Москва, кейін Пермь ұшқыштар мектебін бітірді. Авиация генерал-лейтенанты, КСРО еңбек сіңірген әскери ұшқышы. Днепродзержинск плацдармында 80 жау самолеттерімен теңсіз ұрыс жүргізді. Осы шайқаста 8 танк, 38 автомашина, 5 теміржол вагоны, 2 самолетті атып түсірді. 1944 жылы 26 қазанда КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының Жарлығымен И.А. Куличевқа Кеңес Одағы Батыры атағы берілді. 1957 жылы қайтыс болған.

Малин Константин Яковлевич 1923 жылы Саратов облысы Озинки ауданының Малаховка селосында дүниеге келген 30-шы жылдары Батыс Қазақстан облысына көшеді. Орал аэроклубын аяқтаған К.Я.Малин Чкалов авиация мектебіне түседі. Өзінің әскери жолын 1944 жылы Бобруйск операциясынан бастайды. 106 әскери ұшу тапсырмасын орындап, 9 танк, 110 автомашина, 58 зеңбірек, 10-даған қоймалар мен теміржол вагондарын, 700-ден астам жау солдаттары мен офицерлерін жойды. 1945 жылы 15 мамырда Жоғары атаққа ие болды.

Маметова Мәншүк Жиенғалиқызы 1922 жылы Орда ауданында дүниеге келген. Ата-анадан ерте қалған Мәншүк анасы Әминаның тәрбиесінде болды. Соғыс басталғанда Мәншүк Алматыда медицина институтында оқып жүрген болатын. 1942 жылы тамызда өз еркімен майданға аттанды. 1943 жылы 16 қазанда Невель түбіндегі шайқаста пулеметші Мәншүк ерекше ерлік көрсетіп, Шығыс қыздарының ішінде ең алғаш болып Кеңес Одағының Батыры

деген Жоғары атаққа ие болды. Өзі өлгенмен, аты Невель мен Қазақстанның көптеген қалаларында мәңгі сақталды. Біздің облысымызда көшелердің, мектептердің аты аталған. Оралда мемориалдық музейі мен ескерткіші бар.

Масин Темір Жантекеұлы 1907 жылы Орда ауданының Орда поселкесінде туылған. 1928 жылы педагогикалық училищені бітірді. Мұғалім, мектеп директоры, аудан оқу бөлімінің меңгерушісі, МТС-тер мен совхоздың саяси бөлімінің бастығының орынбасары болып жұмыс істеді. Әскерге қатардағы жауынгер болып алынған Темір Жантекеұлы алдымен взвод, кейін рота командиріне дейін көтерілді. 1944 жылы 1 шілдеде Могилев-Минск тас жолының бойындағы шайқаста капитан Т.Масин басқарған рота 800-дей жау солдаттарымен офицерлерін, 74 автомашина және 43 мотоциклді жойды. Тапсырманы үлгілі орындағаны үшін Т.Масинге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Соғыстан кейін Тайпақ аудандық партия комитетінің секретары қызметінде жүріп, даладағы астықтың өртің сөндіремін деп қатты күйік алған батыр қайтыс болды. Облыста батыр есімін де шаруашылық, қалада көше аталады. Оралда жерленген.

Майданов Қайырболат (Николай) Сайынұлы 1956 жылы 7 ақпанда Батыс Қазақстан облысының бұрынғы Жымпиты (Қазіргі Сырым) ауданы, Тасқұдық ауылында дүниеге келген. 1973 жылы Ақжайық (қазіргі Теректі) ауданының Шағатай ауылында орта мектепті бітірген. Чапаев (қазіргі Ақжайық) ауданында ДОСААФ комитеті жанынан жүргізушілер курсы аяқтап, Кеңес әскері қатарына алынады. Сарытау (Саратов) Жоғары әскери ұшқыштар даярлайтын училищеде оқыды. Ауған соғысына қатысып, көрсеткен ерлігі үшін 1988 жылы 29 шілдеде Кеңес Одағының батыры атағын алды. Қызыл Жұлдыз, Қызыл Ту, 3 дәрежелі «КСРО Қарулы Күштері қатарында Отанға қызметі үшін» ордендерімен марапатталды. Ауғанда 50 рет әуеге көтеріліп, ауыр шайқастарға қатысқан. Кейін Шешенстан соғысына қатысады. Аргун шатқалында болған шайқастағы ерлігі үшін «Ресей батыры» атағына ие болды. (2000 жылы 28 қаңтар). Бұл атаққа ол қаза тапқаннан кейін ие болды.

Мордасов Иван Андреевич 1923 жылы Приурал ауданының Рожков поселкесінде дүниеге келген. 1942 жылы ақпанда майданға аттанып, Сталинград және беларус майдандарында шайқасты. Белоруссияны азат ету мен Днепрден өтудегі ерлігі үшін Жоғары атаққа ие болды. Өзі осы шайқаста қаза болды.

Наумов Георгий Васильевич 1904 жылы Орал қаласында туылған, он бес жасынан еңбекке араласып темір ұстасы, механиктің орынбасары болып жасады. Содан кейін байланысшы қызметін меңгерді. Майданда да байланысшы болды. Сталинград түбінде, Воронежде соғысты Днепр арқылы дивизия басқармасы мен бөлімшелердің арасындағы байланысты өз өмірін сарп ете отырып орнатқаны үшін Кеңестер Одағының Батыры атағы берілді.

Неткалиев Ерденбек 1914 жылы Жәнібек ауданының Қамысты ауылында туылған. 1936 жылы Алматы мал дәрігерлік институтын бітіріп, соғысқа дейін Қызылордада ауылшаруашылық техникумда оқытушы, облыстық атқару комитетінде инспектор болып жұмыс жасады. Майданда атты эскадронның командирі болды. Мыңдаған шақырым жер жүре отырып, 1945 жылы 31 қаңтарда Германияның Рарцебур қаласы үшін шайқаста арнайы дайындықтан өткен СС дивизиясының 400-ден астам жауынгерлері мен офицерлерін жоя отырып, теңдесі жоқ шайқаста қаза болды. 1945 жылы 24 наурызда Батыр атағы берілді.

Панфилов Дмитрий Иванович 1913 жылы Бөрлі ауданы Бөрлі поселкесінде туылған. Жалал-Абадта әскер қатарына алынды. Яссы түбіндегі шайқаста 3 тәулікке созылған шайқаста жаудың 3 зеңбірегін, 5 бронетранспортері, 2 автомашинасын жойды. 1945 жылы наурызда Кеңес Одағы Батыры атағын алды.

Рамаев Гияз Галиаскарович 1921 жылы Орал қаласында туылған. Әскер қатарына 1940 жылы Саратовта шақырылды. Сталинград түбіндегі шайқастағы ерлігі үшін ержүрек барлаушыға. 1944 жылы қаңтарда Батыр атағы берілді.

Садомсков Павел Степанович 1923 жылы Приурал ауданы Дарьинск поселкесінде дүниеге келді. 1943 жылы Днепрден өтер кездегі ерлігі үшін ержүрек барлаушыға Батыр атағы берілді. Соғыстан кейін Самараға көшті.

Скоробогатов Анатолий Макарович 1906 жылы Тасқала ауданының Бірінші Чижә ауылында туылған. Қысқа мерзімді курсты бітіріп, соғыс жылдарында танкист болды. Майданға 26-шы жеке гвардиялық ауыр танктер полкында жүргізуші-механик болды. Ленинград майданындағы 1944 жылы маусым айындағы Томск стансасы үшін шайқаста ерлікпен қаза тапты. Жау қоршауында қалып қойып, өртенген танктен экипаж шықпады.

Стрелец Дмитрий Лаврентьевич Приморье өлкесінің Гордеевка деревнясында дүниеге келген. 1953 жылдан Орал қаласында тұрады. Донец өзенінен өтіп, оң жағалауда плацдарм дайындаудағы өжеттігі үшін 1945 жылы наурыз айында Кеңестер Одағының Батыры атағы берілді.

Стрижаченко Алексей Авраамович 1911 жылы Черкас облысының Смелянск ауданында Белозерье селосында дүниеге келген. 17 жасында құюшы болып жұмыс жасады. 20-шы жылдардың аяғында «Нове життя» коммунасымен Батыс Қазақстан облысының Теректі ауданына қоныс аударды. 1933 жылы әскер қатарына шақырылды. Әскери борышын орындап қайтқаннан кейін колхоз басқармасының орынбасары, кейін басқармасы болды. 1941 жылы қазан айында әскерге шақырылды. Сталинград түбіндегі шайқаста, Украинаны жаудан азат етуде танк ротасының командирі болды. Соғысты Дунайда полк командирі ретінде аяқтады. Украина жерінде шеберлікпен өткізген операциясы үшін 1944 жылы 19 наурызда Кеңестер Одағының Батыры атағына ие болды.

Тарасенко Василий Федорович 1912 жылы Теректі ауданында туылған. 1929 жылы он жеті жасында колхозға мүше болды. Соғыс қарсаңында бригадир болып жасады. Ұлы Отан соғысы жылдарында инженерлік әскерде болды. Өзінің саперлік шеберлігін Днепрден өту кезінде көрсете білді. Осы ерлігі үшін 1943 жылы 30 қыркүйекте Жоғары атаққа ие болды. Соғыстан кейін Батыр жауынгер еліне қайтып оралды.

Тиханенко Андрей Яковлевич 1912 жылы Шыңғырлау ауданының Лубенко поселкесінде туылған. Сегіз жасында анасынан, ал он жасында әкесінен жетім қалды. Үлкен анасының қолында тәрбиеленіп, 1930 жылы колхозға мүше болып кірді. 1941 жылы 24 маусымда майданға аттанды. Москва түбіндегі шайқасқа, Литваны азат етуге қатысты. Литваның Пуни елді-мекенінің қасында Неман өзенінен өткендердің алғашқыларының қатарында болған қатардағы пулеметші жауынгердің ерлігі Жоғары бағаланып, Батыр атағына ие болды. Батыр жауынгер осы шайқаста ерлікпен қаза болды. Лубянка поселкесінде батырдың мүсіні қойылған.

Орақпаев Есен Шегрейұлы 1922 жылы Чапаев (қазіргі Ақжайық) ауданының Киров ауылында дүниеге келген. 1942 жылы майданға Жалпақтал (бұрынғы Фурманов) педагогикалық училищесінің үшінші курсынан аттанған. Жас зеңбірекші-офицер көптеген шайқастарға қатысып, көптеген жау

танкілері мен техникалары, адам күштерін жойды. 1944 жылы қараша айында Тиссадан өту кезіндегі өжеттілігі мен қайсарлығы үшін 1945 жылы наурыз айында Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Соғыстан кейін облыс шаруашылықтарында жұмыс жасады.

Хитев Борис Никитович 1909 жылы Орал қаласында туылған, 1941 жылы Москва облысы Коломна аудандық әскери комиссариатында армия қатарына алынды. Өзінің табандылығы мен тапқырлығын байланыс офицері Днепрден өту кезінде көрсете білді. 1943 жылы қазан айында Кеңес Одағының Батыры атағы (қайтыс болғаннан кейін) берілді.

Хусаинов Ахмедияр 1924 жылы Орда ауданында дүниеге келді. Мектеп бітірген күні Ұлы Отан соғысы басталды. 1942 жылы әскер қатарына алынды. 1943 жылы қазан айында Мелитополь қаласы үшін болған шайқаста көрсеткен жанқиярлық ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Соғыстан кейін Абай атындағы педагогикалық институтты (қазіргі Алматы мемлекеттік университеті) бітіріп, ұстаздық жұмыста болды.

Черненко Николай Власович 1924 жылы Бөрлі ауданының Успенровка селосында дүниеге келді. 1942 жылы 10 тамызда Орынбор облысының Дзержинск аудандық соғыс Комиссариаты әскер қатарына алды. Соғыста Сталинград, Орталық және бірінші Белорусс майдандарында шайқасты. Бранденбург түбіндегі шайқастағы көрсеткен ерлігі үшін 1945 жылы 31 мамырда КСРО Жоғары Кеңесінің Призидиумының жарлығымен Кеңестер Одағының Батыры атағы берілді.

Чумаев Григорий Иванович 1917 жылы Приурал ауданының Кирсаново поселкесінде дүниеге келді. Соғысқа дейін тракторист болып жасады. Майданға 1942 жылдың желтоқсанында аттанды. Одер өзенінің Батыс жағалауында ержүрек барлаушы өзінің батыл қималдарымен ерекше көзге түсті. Қабірі Бресавль жанында. 1945 жылы 10 сәуірде Кеңестер Одағының батыры атағы берілді.

Чуриков Николай Степанович 1910 жылы Жәнібек ауданының Жұмат ауылында дүниеге келді. Ата-анадан ерте қалып, балалар үйінде тәрбиеленді. Жұмысшылар факультетінде оқыды. Соғысқа дейін Орал қалалық Осоавиахим кеңесінде төраға болды. Днепрден өту кезіндегі ерлігі үшін Кеңестер Одағының Батыры атағына ие болды. Соғыстан кейін еліне оралды. Сырттай 1957 жылы ауылшаруашылық институтын бітіріп, агроном-энтомолог мамандығын алды.

Чурилин Алексей Павлович 1917 жылы Орал қаласында туылған. Соғысқа өз еркімен аттанып, 1942 жылы әскери-авиациялық училищені аяқтап, 611-ші авиация полкінде жауға қарсы соғысты. Венгрияны жаудан азат ету кезінде қару-жарақ тиеген 24 автомашина мен 21 жау самолетін атып түсірді. Соғыс жылдарында 273 рет аспанға көтеріліп, 83 әуе шайқасына қатысты. Жеке өзі немістің 12 «мессершмистін», 2 «фокке-вульві» мен 3 «юнкерсін» атып түсірді. 1945 жылы 18 тамызда Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Шагалеев Фарид Сұлтанович 1947 жылы Барнаулда дүниеге келді. Орал авиаспорт клубында механик және ұшқыш-инструктор болып жасады. Ауғанстандағы ерліктері үшін Кеңес Одағының Батыры атағын алды.

Шеведов Георгий Григорьевич 1908 жылы Шаңғырлау ауданының Шілік ауылында дүниеге келген. 1929 жылдан соғыс басталғанға дейін Бөрлі ауданында Облавка поселкасында тракторшы, бригадир болды. 1941 жылдың 14 шілдесінен майданға аттанған тәжірибелі тракторшы тез арада танкистік мамандықты игеріп алды. 21-ші гвардиялық Житомир Қызыл Тулы танк бригадасының құрамында Румыния және Венгрияны азат етуге қатысты. Румыния жеріндегі Серет

өзеніндегі және Венгрияның Комарно қаласы үшін шайқастағы асқан ерліктері үшін 1945 жылы 24 наурызда Кеңестер Одағының Батыры атағын алды. Өзі Комарно қаласы үшін болған шайқаста 9 қаңтар 1945 жылы қаза болды.

Щурихин Александр Авгостонович 1923 жылы Чапаев (қазіргі Ақжайық) ауданының Коловертний поселкесінде дүниеге келген. 1942 жылы 23 тамызда өз еркімен майданға аттанды. Барлаушы, барлау взводының командирі болды. Ол Буг, Днестр, Прут өзендерінен өткенде тапқырлық пен өжеттік, асқан ерлік көрсетті. 1944 жылы 13 қыркүйекте Кеңестер Одағының Батыры атағына ие болды. 1945 жылы Румыниядағы Солтүстік Трансильванияның Фроше-Ваяке деревнясының қасында қаза болды. Орал қаласының көшелерінің бірі Батыр есімінде.

Ұлы отан соғысы жылдарында көрсеткен ерлігі, батылдығы, тапқырлығы мен өжеттіктері үшін біздің 6 жерлесіміз Даңқ орденінің үш дәрежесінің иегері болды:

1. Балашов Александр Георгиевич
2. Захаров Владимир Апполонович
3. Имашев К.И.
4. Ковалев Алексей Леонтьевич
5. Муханбетов Бисенғали
6. Шамов Михаил Михайлович.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Президенттік мұрағаты /ҚР ПМ./. 708 – қор, 5/1-тізбе, 383-іс.
2. Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты /Ат. О ММ./. 369-қор, 1-тізбі, 4-іс.
3. Қозыбаев М.Қ. Майдангер студенттер. Алматы: «Мектеп», 1985
4. Летопись города Атырау – Алматы; Өнер, 2001, - 215с.
5. Ақтөбе облыстық мемлекеттік мұрағаты /Ақ.О ММ./.30-қор, 1-тізбе, 484 – іс.
6. Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты. – Алматы: қазақ университеті, 1992. – 272 б.
7. Ақ. О ММ. 13-қор, 5/1-тізбе, 561-іс.
8. ҚР ПМ, 708-қор, 5/1- тізбе, 561-іс.
9. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты /БҚО ММ./. 850-қор,9-тізбе, 1-іс.
10. ҚР ПМ, 708-қор, 5/1-тізбе, 561-іс.
11. Социалистік құрылыс. 1941, 24 желтоқсан, № 305, 2б.
12. Ақ. О ММ. 13-қор, 10-тізбе, 310-іс.
13. Ақ. О ММ. 13-қор, 10-тізбе, 300-іс.
14. ҚР ПМ. 708-қор, 6/1-тізбе, 1234-іс.
15. Ақ. О ММ. 13-қор, 13-тізбе, 223-іс.

В данной статье нашли отражение архивные материалы о западных казахстанцах, получивших звание Героев Советского Союза.

ӘОЖ 94(574)

*Қалыш А.Б. - т.ғ.д., профессор,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ҚАЗАҚТАРЫНДАҒЫ ЖЕРЛЕУ ЖӘНЕ ЕСКЕ АЛУ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРЫ

Қазақ халқының және басқа да этностардың дәстүрлі отбасының ерекшеліктерінің бірі – жерлеу рәсімі болып табылады. Жерлеу рәсімінің эволюциясы, ерекшелігі қазақтарда ислам дәуіріне дейінгі тәңірлік кезеңнен, Ресейлік самодержавие (отарлау) дәуірінен және Кеңестік тоталитарлық кезеңнен өтіп, бізге келіп жеткен көп дәстүрдің бірі болып табылады. Тоталитарлық мемлекеттік жүйенің қарсылығына қарамастан қазақтардың өз жерлеу дәстүрін сақтап қалуының басты себептерінің бірі – олардың исламды әдет-ғұрыптардың негізі етуі жатса керек. Ислам дінінің арқасында қазақтар «интернационализация» саясатына қарамастан өзінің біртектілігін сақтап қалды. Бұл үлкен «мәдени» қарсы тұрушылықтың арқасында ғана мүмкін болды.

Кеңестік билікке ашықтан-ашық қарсы шығу мүмкін емес жағдайда, дәстүрлі жерлеу рәсімі көшпенді және отырықшы халықтарды, олардың әлеуметтік жағдайына қарамастан жақындастыратын, қиындықты бірге бөлісетін, кей жағдайда дұшпан болып кеткен тараптарды да татуластыратын құрал болғандығын атап өту керек. Қазақ қоғамында бұл үрдіс өз-өздігінен тиесілі құбылыс ретінде жүріп жатты. Тоталитарлық билік оған еш араласа алмады.

Қазақ қоғамындағы туыскандық қол ұшын беру тек өлім кезінде ғана емес, сонымен бірге той-домалақта, табиғи апаттар кезінде (жұт, су тасқыны, жер сілкіну, т.б.) де қазақтың дәстүрлі қоғамының ажырамас бөлігі болып өмір сүріп келеді. Осындай жалпы халықтық көмек дәстүрлері бүгінгі қазақ қоғамына да тән. «Бірлесіп көтерген жүк жеңіл» деген нақыл сөз осыдан қалса керек.

Аталмыш мақалаға негіз болған материалдарды автор өзінің 1980-2010 жж. Ақтөбе облысының Байғанин, Мұғалжар, Темір және Хромтау аудандарында этно-шаруашылық үдерістер тақырыбында жүргізілген экспедицияларының барысында жинақтады. Автордың бұған дейінгі зерттеулері мен мақалалары Батыс Қазақстанның ең ірі облысы – Ақтөбе облысы аумағындағы сәбилер мен балаларға қатысты әдет-ғұрыптарға, үйлену дәстүрлері мен дәстүрлі шаруашылық мәселелеріне арналған болатын. Ендігі кезектегі зерттеулер аталмыш облыс қазақтарының жерлеу және еске алу әдет-ғұрыптарына арналады.

Жергілікті қазақтардың жерлеу рәсімдері, басқа халықтар сияқты мынадай құрамдас бөліктерден тұрады: 1) марқұмның қайтыс болуы мен өз үйінде қондырылуы; 2) мәйітті жерлеуі мен басын қарайтуы; 3) садақалары (қонақасынан жылын беруге дейін).

Марқұм қайтқаннан соң міндетті түрде оның туыстары жақындары мен таныстарына осы қайғылы хабарды жеткізеді. Осының бәрін қайтыс болған адамның ең жақын туыстарының бірі, ең жаны ашитын, тәжірибелі және беделді, барлық жосын-жоралғыларды білетін азамат басқарады. Егер қаза кездейсоқ немесе кенеттен болмаса, отбасы жерлеу рәсіміне дайын болып отырады. Марқұмның отбасына қайыр болсын айтуға туыстары, ауылдастары және басқа да ұлттардың өкілдері келеді.

Көңіл айтуға келген адамдарды сол отбасының жесірі, қыздары мен қарындастары және т.б. жақындары жоқтаумен қарсы алады. Жоқтау

дәстүрлі еске алу әдет-ғұрпының маңызды элементі болып табылады. Қаралы қайғы арнайы әдет-ғұрып әндерімен (жөктау, дауыс шығару, зар) айтылады. Ол әрбір үйге ниетін білдіріп келген адамдарға қайталанып дауыстап айтыла береді. Көңіл айтып келушілер қазалы отбасына дәстүрлі және кең таралған жұбату сөздерін айтады. Ол сөздер мынадай түрде айтылады: «Бұл фәни дүниеде бәріміз де қонақпыз, арты қайырлы болсын, топырағы торқа болсын»; «Оның көрмеген қызығын балалары мен ұрпақтары көрсін» және т.б. Қазіргі уақытта еліміздің тек Жетісу мен Шығыс Қазақстан өңірлерінде осы жерлеу салтында дауыс шығарып жылау ер адамдарында да кездеседі [1-2].

Еліміздің басым аймақтарында, соның ішінде біз қарастырып отырған Ақтөбе облысында марқұмды әдетте тек үшінші күні жерлейді. Қалыптасқан бұл жағдайды бірнеше себептермен түсіндіруге болады. Біріншіден, жерлеуге алыстағы туыстарының келіп үлгеруіне, отбасының жерлеуге қажетті қаржылық және басқа да жағдайларды дайындауына байланысты. Екіншіден, халықтың ұғымы бойынша қайтқан кісі бірінші күні «өз үйінде қонақ», екінші күні – «тұтқын», тек үшінші күні жерленеді. Ал Оңтүстік Алтай қазақтары, Сібір татарлары, алтайлықтар, сондай-ақ Орталық Азияның басқа да халықтары – өзбектер, тәжіктер, түркімендер, қырғыздар шариятта көрсетілгендей жерлеуді сол күні немесе егер адам кешке қайтыс болса келесі күні жерлейді. Осы бағыт Оңтүстік Қазақстан мен Қызылорда облыстарының кейбір аудандарында және ислам дінінің салафит масхабын ұстаушыларында жиі кездеседі.

Қайтыс болған адамның денесін бірінші күні қажетті қалпына келтіруге тырысады: мәйітті дәрет алдыртады және денесін тіктейді (қолдарын ұзыннан денесіне туралайды, аузы ашылмас үшін жағын, екі аяғын байлайды, көзін жұмдырады, ал бетін құбылаға қаратады), ақ киім кигізеді немесе ақ матаға орайды және таза жапқышпен жабады. Марқұмды бөлек, көлеңкелі және салқындау бөлменің оң жағына жатқызады. Бұны белгілі танымал этнограф Ө.Т.Төлеубаев былайша түсіндіреді: «қазақтар марқұмға соңғы рет құрмет көрсетеді, халықтық түсінік бойынша көшпелілерде киіз үйдің оң жағы ең құрметті болып есептелген, ол жерге тек шаңырақ иесі ғана емес, сонымен қатар ең қадірлі қонақтар, жақын туыстары немесе жолаушылар отыратын» [3, с. 153]. Сонымен қатар марқұмның денесінің дұрыс сақталуы үшін жылы күндері мәйіттің астына жоңышқа немесе жан-жағына құм салады, мүмкіншілік болса мұз қояды.

Үйдің барлық бөлмелерінде қазіргі басқа араласып отырған еуропалық этностар сияқты үйдегі айналардың және телевизордың беттері ақ матамен жабылады. Осындай инновацияны біз марқұмның отбасы мен жақындарының қаралы жағдайдағы киімдерінің сыртқы пішімінен байқадық. Қалыптасқан дәстүр бойынша қазақтардың және басқа да мұсылман дінін ұстаған халықтардың ер азаматтары белін ақ құшақпен байлайды, ал әйелдері – шаштарына ақ орамал тағады. Жергілікті өңірде Орта Азия Республикаларынан қайтып келген оралмандардан басқа ерлерде мұны кездестірмедік, ал әйелдерде бұл дәстүр толығымен сақталған. Қалаларда, еліміздің басқа да облыстарының орталықтарында, Астана мен Алматыдағы сияқты соңғылардың киімдері мен бас орамалдарында дәстүрлі ақ түспен қатар көршілес еуропалық халықтарға тән қара түстері де кездеседі. Біздің ойымызша, бұл инновация тек қана полиэтникалық ортаға ғана байланысты емес – көп жағдайда ақпараттық құралдарға, әсіресе теледидар мен көркем фильмдерге де байланысты деп ойлаймыз.

Екінші күні кешкісін жақын ағайындары мен алыстан келген қонақтарға арнайы қой сойылып, қонақасы тартылады. Мұнда құран оқылмайды, тек бата беріледі. Ал қарт адамдар ішінен марқұмға ең жақындары өлікті таң атқанға дейін күзетуге қалады. Марқұм жатқан бөлмеде шырақ немесе свет түнімен жағылып тұрады.

Жерлейтін күні, яғни шығарып салуға дейін марқұмның денесін салттық жуындыруға көшеді (сүйекке түсу), оған егде тартқан 7-9 адам қатысады. Оған қатысушылардың бірі марқұмның бауыры болады (жанашыры), қалғандары – негізгі генеалогиялық немесе рулас топтардан (әр атаның баласы) құралады.

Мәйітті жуындырғаннан кейін оны ақыретке (кебінге) орайды, себебі шарифат бойынша сүйекті киіммен жерлеуге болмайды. Сондықтан кебін ерлер және әйелдер киімінің негізгі бөлігін білдіреді, сонымен қатар Орталық Азияның және Қазақстанның барлық халықтарында бірдей жабын болады. Соңында мәйіттің үстін қымбат кілеммен, беренмен немесе шапанмен жабады және жерлеуден кейін оны молдаға береді. Барлық жуындыруға қатысушыларға құрмет ретінде марқұмның жақсы немесе сатып алынған киімдері таратылады.

Мәйітті үйден шарифат бойынша кілемге орап, аяқ жағымен табытпен шығарады. Ақпаратшылардың түсіндірмесі бойынша бұлай бағытталуының себебі – мәйіт үйге қайтып оралмауы және өзінің артынан тірілерді алып кетпеуі үшін жасалады.

Мәйітті үйден шығарған соң жиналған қауымның алдында молда дәуір айналдыруға («фидияға») кіріседі, яғни оның күнәларын сатып алу басталады. Бұл қағида ислам дінін ұстанатын барлық халықтарға тән. Соңында өліктің жаны жай табу үшін молда «жаназа» оқуға кіріседі, бұған тек дәрет алған, көбінесе ересек адамдар қатысады. Осында дәстүрлі әдет-ғұрып бойынша қатысып отырғандарға, оның ішінде молдаларға, негізгі генеалогиялық топтардың үлкендеріне сыйлықтар беріледі: қымбат шапандар, береннің, қыжым, вельвет қиындылары немесе орамалдарға түйілген теңгелер. Кейбір елге белгілі азаматтар мен ақсақалдарға шапанды аямай мол қылып үлестіреді. Аталмыш ғұрып 2008 жылдың қыркүйек айында Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Қаншағаш қаласының ірі кәсіпкері, қайраткер-азамат Сағынтай Мұсаұлы Өнешевтің жерлеу рәсімінде анық байқалды [4].

Кейбір жағдайларда қайтыс болған адам елге танымал болса, кеңес үкіметі кезінде қалыптасқан дәстүр бойынша жаназаның алдында қаралы митинг өткізіледі. Онда марқұмның өмірбаяны, елге, қоғамға сіңірген еңбектері, жақындары мен жолдастарына жасаған жақсылықтары айтылады.

Егер зират жақын жерде орналасса, өлікті бірнеше ер адамдар кезекпен-кезек табытпен апарады, ал егер алыс болса – көлікпен жеткізеді. Қайтқан адаммен қоштасу үшін жаназаға қатысқан жамағаттың көпшілігі зиратқа барады, ал әйелдер үйде қалады. Бұл дәстүр еліміздің барлық облыстары мен аудандарына тән. Ал Маңғыстау және Ақтөбе облыстарының ауылды жерлеріне Орта Азия Республикаларынан көшіп келген оралмандарда зиратқа шағын ғана адамдар барады, ал қалғандары ас-садақаға қатысады. Батыс Қазақстанның облыс орталықтарында, орыс және еуропалық аралас елді- мекендерде жерлеуге қазақ әйелдерінің кейбіреулері қатысады, сондай-ақ бейітке де барады.

Соңғы жылдары бұған шектеу бағыттары байқалуда: тек жақын туысының немесе отбасы мүшесінің әйелдері ғана кейбір жағдайларда ғана жіберіледі. Республиканың көптеген аудандарында (оңтүстік, батыс, оңтүстік-шығыс) бұл тыйым қатаң қадағаланады; кеңес уақытында ол тек Орталық Азияның көптеген аудандарында ғана күшке ие болатын.

Жерлеуге дейін қабыр дайын болады: ауылды жерлерде мүмкіндігінше мәйітті қайғылы отбасының жақын бауырлары немесе жолдастары қазуға тырысады. Ал қалаларда оны арнайы жалданған адамдар қазады. Қазіргі кезде зерттеліп отырған аймақта қабыр екі түрлі болады: а) құмды, сулы жерлерде – «ор», шеттері кірпішпен қаланады, тереңдігі ер адамның беліне дейін, ал әйел адамның көкірегіне дейін; б) көп жағдайда биіктігін адам отыратындай қылып «лақаттап» (лақат, жандама) жерлейді. Қабырға мәйітті түсірмес бұрын кілемді алып тастайды, оңтүстік-батысқа бағыттап оң жағымен бетін Меккеге (құбылаға) қаратып жатқызады. Бейіттің бірінші түрін тас немесе бетондық плитамен, шпалдармен, олардың үстін тольмен (қара қағазбен) бастырып үстін топырақпен әртүрлі қылып көмеді. Екінші түріне келсек, жандаманың сыртын көп жерлерде саман немес қызыл кірпішпен жауып, қалғанын топырақпен толтырады. Моланың соңғы түрі Қазақстанның басқа да аудандарында кездеседі.

Жерлеу жыртис таратумен және құран оқумен аяқталады. Жыртыстың немесе қол орамалдың бір бұрышына 50-100 теңгелік және ұсақ ақша оралады. Ол өлген кісі жағынан топырақ салғандарға ризашылықты білдіреді.

Благодаря принятой в государстве модели президентской республики, страну удалось вывести из экономического и политического хаоса, обеспечить в ней порядок и стабильность. Данная модель не позволила «утопить» необходимые обществу рыночные реформы в парламентской говорильне, оказала максимальное содействие их успешной реализации. Весьма органично вписался в эту модель такой институт как Ассамблея народа Казахстана. Этот созданный в 1995 году орган является важным элементом казахстанской политической системы, выступая в качестве инструмента сохранения в обществе межэтнического согласия. Все ключевые государственные решения в стране принимались и принимаются с обязательным учётом его позиции. За период своего существования Ассамблея народа Казахстана прошла эволюцию от консультативно-совещательного до конституционного органа. В настоящее время она имеет конституционный статус организации, обеспечивающей представительство различных этнических групп страны в её общественно-политической жизни.

Глобальный экономический кризис обострил ещё не решённые проблемы казахстанской экономики.

Конечно, ситуация в Казахстане и до мирового экономического кризиса была далека до идеала, кризис же её ещё более усложнил, обострив существующие противоречия и породив новые (в том числе и внутри самой правящей элиты). Казахстанцам предстоит решать ещё множество проблем, в первую очередь связанных с переводом экономики на пути индустриально-инновационного развития, отходом от её сырьевой направленности. Весьма актуальными политическими проблемами являются создание реально действующей конкурентной партийной системы, укрепление институтов местного самоуправления, борьба с коррупцией, формирование гражданской политической культуры.

Мақалада Батыс Қазақстан облысының Ұлы Отан соғысына қатысын сипаттайтын тарихи фактілер орын алған.

ӘОЖ 316.74

*Исенов Ө. – т.ғ.к., доцент,
Қостанай мемлекеттік
педагогикалық институты*

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ЖАСАУЫЛДАР ИНСТИТУТЫ

Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік институттарының бірі – жасауылдар институты. Қазақ тарихы ғылымындағы күрделі мәселелердің бірі – тарихымыздағы дәстүрлі қоғамының саяси және әлеуметтік құрылым жүйесін саралау болып табылады. Өйткені, қазақ тарихының кешегі XX ғасырды айтпағанның өзінде оған дейінгі негізгі дерегіміз – ата шежіре, атадан балаға жеткен шежірелік ауызша тарих айту. Ал олардың көпшілігінің өзгеріске ұшырап, әртүрлі алып қосулар болғандығы шындық.

Ұлыстардың, тайпалық бірлестіктердің билеушілері мемлекет басшысы ретінде ханға вассалдық бағыныштылықта болатын. Олар тайпаны немесе бірнеше тайпаны хан атынан басқара отырып, соғыс бола қалған жағдайда жасак

ретінде белгілі мөлшерде жауынгерлер шығаруға, өзіне бағынышты халықтан алатын салықтың бір бөлігін ханға беруге міндеттенді. Ханның нөкелерден тұратын өз жасағы болған. Бірақ ең басты әскери күш жасақтар еді. Жасақтардың басшысы болды. Олар жасақтарының құрамының санына қарай онбасы, елубасы, жүз басы, мың басы, түмен басы деп аталды. Олардың көмекшісі жасауыл деп аталған [1].

Түркі тайпаларының басшылары көп жағдайларда – әмірлер аталса, Ноғай Ордасында – мырзалар атанған. Бұл мемлекеттердің түркі тілдес орталарында «бек» байырғы түркі атауы – «басшылар» дәрежесінде кеңірек қолданылған.

Жоғарыда айтылғандай әскери құрамның сарбаз жауынгерлер санына қосымша «бек» дәрежесін қосып атау дәстүрге айналған. Мысалы, мыңбегі, жүзбегі, т.б. Сондай-ақ, бек дәрежесі мен атақтар әлеуметтік және қызмет иерархиясының жоғарғы сатысына көтерілген түркі ақсүйектерінің өкілдеріне де берілген. Мысалы, жүзбегі «жүздібегі» – «жүздікті басқаратын бек» атағы. Әскери және қоғамдық-әкімшілік атақтардың мынадай өрлеме қатарындағы белгілі лауазымдар (шен): онбегі, жүзбегі, қосынбегі, мыңбегі, түменбегі, т.б. Құрамына «бек» сөзі кіретін бұдан да басқа толып жатқан атақ-мансаптар бар, мысалы, тубегі (ту ұстаушы), құсбегі бұл сөзді қосбегі деп оқып, әскерилерді азық-түлікпен, пәтермен қамтамасыз етуші деп, яғни квартирмейстер деп аудару керек деген де пікір бар.

Бірақ кейбір деректемелерде «жүзбегі» терминінің жүзбегі немесе оған синонимдес сөздермен аударылуға тиіс екендігіне күмән туғызатындай болып қолданылуы да ұшырасады. Мысалы, түрік тілді «Таварих-и гузида-йи нұсрат-наме» шығармасында «Оғыз (Окуз) тау жүзбегі Құшшы-жүзбегі», немесе «Чакмак (Чикмак) жүзбегі» сияқты сөз тіркестері де кездеседі. Аталған адамдардың мәтіннен мәлім болатын атақ-дәрежесінің жоғарылығы оларды әдеттегі жүзбегілер қатарына қоспайды [2, 66 б.].

Академик Е. Бекмаханов дерегінде бидің шешімін орындату үшін жасауылды жіберетіні айтылады. Сонымен қатар, жасауыл ақы деген болатын ол жасауылдың еңбегіне төленетін ақы деп жеткізеді. Олай болса, дәстүрлі қазақ қоғамында жасауылдар институтының әскери қызметімен қатар сот шешімін орындатушылар болғанын дәлелдейді [3, 99 б.].

Сонымен, қазақ қоғамындағы жасауыл институтына қатысты жасауылдардың қызметін анықтауда жасауыл Алыбай Қосақөзұлының қызметіне қатысты белгілі тарихшы-профессор Ә. Мұқтар: «XVIII ғасырдың алғашқы жартысындағы қиын-қыстау кезеңде Қазақстандағы саяси оқиғаларға белсене қатысқан жасауыл Алыбай Қосақөзұлы да Ресейдің сыртқы істер мұрағатында, Орынбор мұрағатында қатталған құжаттардан табылып отыр. Оның туған және өлген жылдарын анықтау мүмкін болмаса да тұлғаның кіші жүз ханы Әбілқайыр, Нұралы жанынан табылуы көп нәрсеге жауап бергендей» [1], – дейді.

Ата шежіреде оны 1700-1710 жылдары дүниеге келген деп есептейді. Ол кезеңде Алыбай шыққан Әлімұлының кете рулары, соның ішінде ақкетелері өзге қазақ руларымен Хиуа, түркімен, Еділ қалмақтары ортасында, Каспий теңізі жағалауларында, Жайық өзені бойларында еркін көшіп-қонған.

Аталған рулар заманында Әбілқайыр ханға негізгі тірек болды. XVIII ғасырдың алғашқы жартысын зерттеушілер сол кезеңдегі кете руларынан Әжібай би, Алтай, Арал батырлары атайды. Ал олар Алыбай Қосақөзұлына шежіре бойынша Тайқожаның (ақкете) Тұрсынбайынан қосылатын аталастар. Әжібай би мен Арал батыр Болпыш биден өрбісе, Алтай батыр Ебескі батырдан тараған [1]. Орынбор мұрағатындағы деректерде, алғаш рет Алтай батыр

есімі 1736 жылы кіші жүз ханы Әбілқайырға келген Орынбор экспедициясының бұрынғы суретшісі ағылшын Джон Кэстль жазбасында аталады. Жазбада, Әбілқайыр хан тапсырмасы мен Алтай батыр бір топ би, батырлармен бірге Орынборға аттанған елшілер құрамына енгізілген. Бұл арада белгілі жазбаға алғысөз жазған тарихшы К.Есмағамбетов: «Бұлардың (елшілердің. – автор.) ішінде Бәйбекті қоспағанда, тарихи құжаттарда Алтай батырдың есімі жиірек кездеседі. Ол – кіші жүздің аққете руының биі (XVIII ғ.) 1742 жылы көктемде жүзеге асқан. Ол турасында Әбілқайыр хан мен Есет батыр Көкіұлы Орынбор комиссиясына хабарлады. Келіссөзге кіші және орта жүздердің беделді тұлғаларын Әбілмәмбет хан, Барақ сұлтан, Есет Көкіұлы, Жәнібек батыр Қошқарұлы, Алтай батыр қатысқан. Қазақ үшін осындай шешуші кезеңдерде Алтай жанынан жасауыл Алыбай көріне білді. Профессор Ә.Мұқтар көрсетуінше, оны сол кезеңдегі құжатты қаттағандар «Алыбай жасауыл» деп анық хатқа түсірген. Әбілқайыр ханның жасауылдарын көріп, оларды ханның адъютанты деп те атағанын [1], Дж. Кэстль Алтаймен бірге болған Қалыбек жасауылға «Сөзі пруссиялықтардың ежелден келе жатқан өлшеміне лайық әскер тәртібіне сай қысқа болса, дене бітімі жағынан сол қайран заманның нағыз үлгісі еді; бүкіл тыртыған бойы сүйек пен тері; тартылған терісі аузын жабуға жетпей, тістері ырсыйып тұратын, епті және шапшаң қимылды жасауыл» [4, 32 б.], – деп сипаттама бергенін айтады. Орыс тілінде Алыбайға тіркелген «есаул» – жасауыл дегеннің өзі түрік тілінен шыққан «басшы» мағынасын береді. Олар әскери басшының көмекшісі дегенді білдіреді. Бір кезеңде Шыңғыс ханның ұлы Шағатайда «екінші жасауыл» аталған. Яғни, Алыбайдың Әбілқайыр заманында жасауыл лауазымына жетіп, ханның сеніміне ие болуы оның әскери қабілеті мен батырлығын, қайсарлығын дәлелдейтінін алға тартады [1]. Демек, ерте түркі мемлекетіндегі жасауылдар институты түркі халықтарынан бастау алып, кейіннен моңғол, қазақ хандық мемлекеттеріне де ауысқанын дәлелдейді.

Алтай, Алыбай батырлар қазақтың белді батыры Жетірудың рубасы Есет Көкіұлымен сенімді қарым-қатынаста болған. Орынбор мұрағаты құжаттарында олардың есімдері үнемі қатар аталып, қазақ-орыс қатынастарын реттеуге бірлесе, белсене қатысқаны айтылады. Оның бір сыры – елінің бірлігі мен тыныштығын өмірлік мұраты деп түсінген тұлғалардың биік парасатында жатса, екіншісі, өзара сыйласқан «мың жылдық құдандалықта» жатыр. Тағы да шежіреге жүгінсек, Есет батырдың анасы Назым – Болпыш бидің қызы, Әжібай бидің апасы, яғни, Есет батыр дәстүр бойынша Алтай батырға, Алыбай жасауылға да жиен. Кейін Әжібай би өзінің апасынан туған жиені Есет батырдың Ботағөз атты қызын ортаншы баласы Барсайға 1739 жылы айттырып, сүйек жаңғыртады.

Әжібай би де Ресеймен байланысында Алтай, Арал батырларды үнемі еске алып, олардың қазақ-орыс сауда-саттығындағы рөлін атап өтетін. Мәселен, 1747 жылы 10-шы мамырдағы Орынбор губернаторы И.Неплюевке жолданған хатта орыс әкімшілігінің Әжібай биге екі жақтан сауда-саттықты дамыту үшін Құттыбай батыр мен Қозыбекті жібергені жазылған. 1747 жылы желтоқсанда Әжібай би, Алтай Арал батырлар мен Алыбай жасауылда Жем өзенінің әрі Көктөбе мекенінде, Есет тархан Көкіұлы Қарқұм мекенінде қыстаған осы кезеңде И.Неплюев Хиуа елшісі Әджи-мұхаммед молла Тұрсыновты Аққете би, балаларының қолдауымен Хиуаға жіберген [1].

1748 жылы Орынбор әкімшілігінің отаршылдық саясатының салдарынан ел ішінде ішкі қарым-қатынас айтарлықтай шиеленісті. Батыр сұлтанның түрлі әрекеттері, Барақ сұлтанның Әбілқайыр ханға қарсы айла шарғылары да нәтижесіз қалмаған. Елдегі қалыптасқан жағдайды ханның 1748 жылғы

маусым айында өткізген кеңесі ашық көрсетті. 500-ге жуық кіші және орта жүздегі сұлтан, би, батырлар жиналған кеңесте Әбілқайыр хан «Ресеймен қарым-қатынастағы басты мақсатым өзім үшін емес, бүкіл қазақ халқының пайдасы мен тыныштығы үшін жасалды» [5,389-391б.], – деп ағынан жарылды. Көп ұзамай, 1748 жылы 1 тамызда Әбілқайыр хан өлтірілді. Мұндай жағдайда басты мақсат ішкі бірлікті сақтап, ел билеген сұлтан, би, батырлардың келісімімен жаңа хан сайлау болатын. Таққа басым көпшілікпен Әбілқайырдың үлкен ұлы Нұралы сұлтан ұсынылды.

Осы сәтте, алдымен, әр кез Әбілқайырды қолдаған Әлімұлдары белсенділік танытты. Мәселен, 1748 жылғы 5 қазандағы Ресейдің Елизавета патшайымына жолдаған хатында Нұралыға орта жүз арғын шақшақ Жәнібек тархан, керей, Наурыз, шақшақ Қойсары билермен бірге әлімұлдарынан – шөмекей, қаракесек, шекті, төртқара, кете руларының беделді тұлғалары қатысты. Соның ішінде кете руынан Алтай би, Жұлдыз батыр, т.б көзге түседі, Көп ұзамай Нұралыға өткен кеңестерде Жәнібек, Есет тархандар, кете Алтай би Әбілқайыр хан ұлдарына тағы да қолдау көрсетті. 1748-1749 жылы қыста Жем, Қаракөл аралығын қыстаған Әжібай, Алтай, Арал, Алыбай жасауыл Есет тархан елінің малын Бұхар беттегі қыстық азықтық жоқтығына байланысты Орынбор әкімшілігінен Жайықтың Самар бетіне жіберуін өтінді. Ал келісім жүзеге аспаған тұста қантар айы аяғында қазақтар малдарын күшпен Еділ-Жайық аралығына өткізді. Кіші жүз ханы Нұралының ұйымдастыруымен үлкен кеңес 1749 жылы 3 тамызда өтті. Оны көзімен көріп, жазбаға түсірген капитан А.Яковлев: «Әбілқайыр асына 200-дей атақты би, батыр, тархандар қатысты», – деп, анықтап тұлғалардың тізімін жасады [1].

Аққете Алыбай жасауыл Нұралы ханның 1749 жылғы өз жанындағы сенімді азаматтар тізімінде көрінді. Мәселен, осы жылғы Орынборда өткен қазақ-орыс кездесуінде кіші және орта жүзден өз жанына ерген 72 адамды жазып көрсеткен[1].

Есет, Жәнібек тархандар шақшақ Бөкенбай, жағалбайлы Серке батырлар қатарына аққете Алтай батыр, Бостыбай би Алыбай жасауыл, Әжібай батыр Әкім батыр, Ожырай кете Текелі батыр, кете Досқали батырлар аталады. Олай болса, біріншіден, қазақ қоғамындағы жасауылдардың батыр-билермен қазақ-орыс қатынастарында қазақ мемлекеттігін сақтау жолында бірлесіп ынтымақты қоғамдық-саяси қызмет атқарған деуімізге толық негіз бар. Екіншіден, қарастырып отырған кезеңде Алыбай, Қалыбек бастаған қазақ жасауылдарының қоғамдық-саяси қызметінен жасауылдар институтының қазақ хандық дәстүрлі билік институтының іргесін нығайтуға қызмет еткендерін көреміз.

1750 жылдардан кейін кете рулары Нұралы хан інісі Ералы сұлтанға бағындырылды. Мұның өзі Әбілқайыр хан заманындағы Әлімұлдарының тікелей ханға бағынғандығын жоя бастады. Нұралы ханның жаңа жағдайда Жайық бойында көшіп-қонған бай ұлдарына арқа сүйей бастағандығын дәлелдеді. Оған қоса хан ел ішінде беделді би, батырлармен ақылдасуды екінші қатарға шығарды. Ол турасында 1785 жылы Сырым бастаған ұлт-азаттық күрес жүріп жатқан кезеңде қазақ билері «Нұралы ел билеген алғашқы 8 жылында әке жолымен жүрді. Содан кейінгі 30 жыл бойы атақты старшындармен кездесуді қойып, халық жағдайын ойлауды ұмытты» [6, 165 б.], - деп жазды.

Бұл жағдай 1755 жылы Батырша бастаған башқұрт халқының Ресейге қарсы ұлт-азаттық күресі кезеңінде анық көрінді. Жеңіліске ұшырап, жазалаудан қашқан 50 000 башқұрт кіші және орта жүздерге босып, ағылды. Мұндай жағдайды шебер пайдаланған И.Неплюев халықтың бірігуінен қауіптеніп,

қазақ-башқұрт арасына май құйды. Оның арты қазақ руларының өзара талас-тартысына ұласты. Содан, 1756 жылғы тамызда Елек қорғанында кіші жүз ханы Нұралының бастауымен белгілі би, тархан, батырлар – Есет Көкіұлы, Алданазар, Төлебай, Қошқар, Жарқын, тағы басқалары бар жүзден аса қазақ игі жақсылары кеңес ұйымдастырды. Кеңес соңында қазақ-орыс қарым-қатынасын шиеленістірмеуді көздеген ел ағалары «қазақ даласында башқұрттарды Ресейге – патша үкіметіне қайтаруға шешім қабылдаған» [6, 90 б.].

Нұралы хан башқұрттарды шығаруды ұйымдастыруды Ерәлі сұлтанға жүктеді, бірақ қазақ руларына тарап кеткен башқұрттарды шығару оңай шаруа емес еді. Өйткені, бастапқы кезеңде шығарылған башқұрттар И. Неплюевтің жасырын нұсқауымен, шекарадағы орыс әскерлерінің қолдауымен қазақ руларына, соның ішінде, кете, шекті, қаракесек руларының ауылдарына шабуыл жасауға кірісті. Орынбор губернаторы И.И.Неплюев өз жазбасында «Мен екі халықты біржолата араздастыру үшін, өз аудармашыларым арқылы башқұрттарға «генералға бармаңыздар, егер өздерің жиналып, қазақтарды тонасаңдар, сіздерден ештеңе артық сұралмайды», деп жеткіздім. Содан башқұрттар қуана жиналып, топ-топ болып, Жайықтың дала бетіндегі қазақтарға аттанды. Сол кезде мен әскери шептегі басшыларға башқұрттар әрекеттерін көрмеген болыңдар деген құпия нұсқау бердім» деген ойларын жасырмаған.

Нұралы ханның өзі осындай талас-тартыс кезеңінде кете, шөмекей, жағалбайлы рулары қазақтарының қаза тапқандығын Орынборға хабарлады. Елдегі шиеленісті тоқтатып, бауыр халықтардың арақатынасын реттеу үшін Ерәлі сұлтан хан тапсырмасына байланысты қазақ руларының беделді тұлғаларына хабар салды. Содан, 1757 жылғы 26 шілдеде ақкете руынан Әжібай би ауылынан 14 башқұрт Орынборда жүргізілген тергеуде Ноғай жолы Үсерген болысының Мұқталипов ауылының башқұрты Елдаш Абдрахманов берген жауабында: «Мен Кувате старшынның бастауымен қазақ ордасында ақкете руындағы жасауыл Алыбайда тұрақтадым, кейін оның рұқсат етуімен Орынборға жіберілдім. Бүгінде оның қолында қызым қалды. Ал әйелім 1755 жылы елге келді» [1], – деп айтқан.

Дегенмен, башқұрттар мәселесінде Қазақ рулары Ресеймен байланысты шиеленістіре бермей, өздерінің жайылым мәселелерін шешуге ұмтылғанын да байқатады. Өйткені, Еділ-Жайық аралығын қыстау, Жайық бойында еркін көшіп-қону байұлдары, әлімұлдары, жетірудың бірден-бір басты мақсаты еді. Мұны Нұралы хан арқылы шеше алмаған тұста, әсіресе, шекті, шөмекей, алаша, қаракесек, төртқара, кете рулары рұқсатты күшпен тартып алуға ұмтылған. Белгілі тарихшы Н. Бекмаханова: «...олар хан қолдауын күтті. Өйтпеген жағдайда аталған рулар өздерін ханға бағынышты адам ретінде емес, ордалық деп санайтындықтарын айтып сес көрсетті, ауылдарды тонауға жинала бастады» [8, 32 б.], – деп тарқата түседі. Мұндай ашық қарсылыққа қарамастан, өз қаруы мен әскеріне сүйенген, қайтсе де қазақты біржолата мойын ұсындырып, жуасытып, момын елге, өз боданына айналдыруды көздеген патша үкіметі 1756 жылғы 2 қыркүйекте «Жайықтың ішкі бетіне өткізбеу туралы» жарлық шығарып, Доннан Орынборға келген 3000 казак-орысты пайдалануға рұқсат етті. Ал 1759 жылы 2000-ға жуық өзге де әскери күштер тартылды.

Міне, осындай кезеңде жасауыл Алыбай Қосакөзұлы ел алдына шығып, халық алдындағы абырой-беделімен көпшілік құрметіне бөленді. Кіші жүздің ханы Әбілқайыр, Нұралы, Ерәлі сұлтандармен, өзге де би, батыр, тархандармен қазақ өмірінің күрделі мәселелері – қазақ-орыс, қазақ-жоңғар, қазақ-башқұрт қарым-қатынастарын реттеуде көзге түсіп, Ресей мұрағаттарында хатталуы оның өз

заманында елі таныған ұлтжанды азамат деңгейіне көтерілгендігін, осы аса зор маңызды істерде шешуші рөлдердің бірін атқарғандығын дәлелдейді. Оған жоғарыдағы тарихи құжаттар мен саяси оқиғалар куә. Өкініштісі сол мұрағаттық құжаттар жасауылдың кейінгі өмірі мен қызметі туралы еш мәлімет кездеспейді. Соған қарағанда бұл кезде Алыбай жасауыл Қосакөзұлы дүниеден өткен сияқты.

Жасауыл Алыбайдан тараған ұрпақтар ішінде XVIII ғасырдың екінші жартысында тек қана Елшібек аталады. Ол шежіре бойынша жасауыл Алыбайға шөбере болып келеді. Яғни Алыбай – Малдыбай – Табылды – Елшібек болып тараған. Елшібектің көзге түскен кезеңі Сырым бастаған 1783-1797 жылдардағы ұлт-азаттық күрестің екінші жартысы. Мұрағаттық құжат бойынша ол 1794 жылғы 4 қаңтардағы Сырым бастаған 184 би, батыр, өзге де елге белгілі тұлғалардың II Екатеринаға жазған тізімінен көзге түседі. Хатта орыс-казактарының казактарға жасалған орыс-казак шабуылының қаншалықты озбырлығы бары анықталды. Хатқа Елшібек аққете Дербісәлі батырмен бірге қол қойған [1].

Жәңгір хан тұсында да Ішкі ордада жасауылдар институтының жұмыс жасағандығын мұрағат деректері айғақтайды. Мәселен, Бөкей ордасындағы Жәңгір хан тұсындағы 1827 жылы құрылған хан Кеңесінде де хан жанында оның арнаулы тапсырмаларын орындау үшін жасауылдар ретінде 12 старшыннан тұратын жасауылдар институты жұмыс жасаған, сондай-ақ «базар сұлтандары» болған. Соңғыларының міндетіне баж жинау (орда ішінде), казактардың мүдделерін білдіру (ордадан тыс жерде), сауда орындарындағы тәртіпті қадағалау міндеттері жүктелген [9].

Сонымен қорыта келе, дәстүрлі қазақ қоғамының жасауылдар институты XVIII ғасырда қазақ-орыс қатынасы кезінде де қазақ хандығы тұсындағы мемлекеттік маңызды істердің оң шешімін табуда жасауылдар институтының атқарған қоғамдық-саяси қызметтерін жасауыл Алыбай бастаған қазақ жасауылдарымен олардың ұрпақтарының қызметі арқылы танимыз. Қазақ жасауылдары хан-сұлтандар бастаған батыр, тархан билермен қазақ мемлекеттігі мен тәуелсіздігін сақтау жолында бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып қызмет атқарған әлеуметтік институт болғанын дәлелдейді. Дәстүрлі қазақ қоғамының жасауылдар институты да патша үкіметінің тұсында дағдарысқа ұшырап, мүлдем жойылды.

Ресей патша үкіметінің есауыл институтын дәстүрлі қазақ қоғамының жасауыл институтымен шатастыруға болмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұқтар Ә. Жасауыл Алыбай // *Егемен Қазақстан* 25 қыркүйек 2010 жыл.
2. *Қазақстан тарихы түркі деректемелері Өтеміс қажы. Шыңғыс-наме / Факсимиле, транскрипциясы, мәтіннамалық ескертулер, зерттеу мақалалар В.П. Юдиндікі. Т.І. Алғы сөзін жазған, түсіндірмелері мен көрсеткіштерін жасаған Әбусейітова М.Қ. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005.*
3. Бекмаханов Е. *Көрсетілген еңбегі, Алматы, Санат, 1994.*
4. Дж. Кэстль *Кіші жүз ханы Әбілқайырға барып қайтқан сапары туралы. – Алматы, Атамұра, 1996.*
5. *Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. – А., 1961.*
6. Вяткин М.П. *Көрсетілген еңбегі, Алматы: Санат, 2002.*
7. Чулошников А.П. *Восстание 1755 г. в Башкирии. – М.-Л., 1940.*
8. Бекмаханова Н. *Көктем туралы аңыз. – Алматы, 1983.*
9. *ҚР ОММ. 78 – қор, 2 – тізбе, 84 – іс. – 1-парақ.*

В статье автор на основе исторических источников рассматривает положение традиционного института жасаула в общественно-политической жизни казахского общества, его функции в государственном управлении.

This article is discussed by the historical information that there is a traditional institution of zhasauyls in Kazakh community and it's place in political-social society and it's national services.

ӨОЖ 341.231(574)

**Қайыржанов Қ.Б. - магистрант,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ**

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ДІН МӘСЕЛЕСІ

Билік пен қоғамның өзара жұмыстануы - үлкен маңызды іс. Бүгінгі таңда еліміздегі қоғамдық-саяси, ұлтаралық және дінаралық жағдайларды зерттеп, талқыламай болашақты жоспарлау, мемлекеттік жоспарларды жүзеге асыру мүмкін емес. Біздің қоғам дамудың қандай сатысында тұрғанын білмей, экономикалық жағдайды зерттемей, әлеуметтік кернеуліктер деңгейі туралы ақпаратсыз алға қадам басу, іргесін салмай үйді тұрғызумен бірдей. Республикадағы қоғамдық-саяси жағдайды өте маңызды жүйелі түрде талдау керек.

Біздің республикамыз ғана емес, сонымен қатар барлық дүниелік бірлестік қактығысқан экономикалық жағдайдағы күрделілік пен тұрақсыздыққа қарамастан қалыптасып отырған әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси жағдайларды бағалаудағы жағымды динамиканы байқауға болады.

Тәуелсіздік алып, өз алдымызға егеменді ел болғалы бергі еліміздегі діни жағдайға келетін болсақ, оның күрделеніп кеткендігін көреміз. Қазіргі кезде еліміздегі діни даму ұлтымыздың топтасуы бағытында емес керісінше бытырау бағытында өсіп келе жатқан сияқты [1, 181-182б.б.]. Қазақстанның осы екі он жылдықтағы діни өмірі діни бірлестіктердің көптігімен және елімізде бұрын болмаған діндердің пайда болуымен сипатталады. Жаңа ағымдардың пайда болуы кеңестік дәуірден бастау алады, сол заманда кейбір бағыттаушы ғылымдардың (кришнаиттар, бахайлар, «Трансценденталдық медитация» қоғамы), протестанттықтардың бөлімі, Иегова куәгерлері, «Дианетика» қоғамдарының және т.б. өкілдері пайда бола бастады. Әсіресе олар өздерінің жұмыстарын ХХғ. 90-шы жылдарында белсендете түсті.

Қазақстанда дәстүрлі емес діни ағымдардың қалыптасуларын шартты түрде екі кезеңге бөліп қарастыруға болады.

Бірінші кезең ХХғ. 30-50-шы жылдарында басталды. Сол заманда Қазақстанға көптеген діни ұстанымдардың өкілдері қоныс аударылды, солардың ішінде Иегова куәгерлері, Жетінші күн адвентистері, елуліктер және т.б. діни ағымдар болатын. Сол уақыттан бастап Кеңестік Одақтың ыдырауына дейін мемлекеттің қатал атеистік саясатына қарамастан аталмыш бірлестіктер қудалауға және идеологиялық басымға қарамастан жойылып кетпеді.

Екінші кезең 80-ші жылдардың аяғынан бастау алып, осы күнге дейін жалғасуда. Коммунистік идеологияның жойылуы, түрлі жолдармен толастаған

рухани вакуумға әкелді. Шығыс оқуларына деген қызығушылық пайда болды, кей кездері дін сән үлгісіне айналды. Осы уақытта көптеген жаңа діни ағымдардың белсенді жұмыстары байқалды, олардың көпшілігі ірі қалаларда (Алматы, Астана, Қарағанды және т.б.) шоғырланды.

«Кришнаны тану қоғамы», Виссарион шіркеуі, «Трансценденталдық медитация», «Әмбептау шіркеуі» («Бірігу шіркеуі») сияқты ұйымдар өздері туралы белсенді түрде айтып жатты. Баспасөз беттеріндегі мақалаларға байланысты сайтаншылар танымдылыққа ие болды, жамандықтың пайда болғаны байқалды.

90-шы жылдардың басында Батыста таным болған, алайда Қазақстанда белгісіз протестанттық шіркеулердің саны күрт өсті. Белсенді насихаттау жұмыстары көптеген протестанттық (ең бастысы харизматикалық, пресвитериандық, методистік, евангелистік) шіркеулердің жолын қуашылардың санын өсірді. Солардың ішінде ең танымал болған ұйымдар келесілер: «Грейс» («Благодать», «Рақым» және т.б.), «Новая жизнь», «Агапе», «Живая лоза» және т.б. дәстүрлі діндердің басшылары жаңа діни ағымдардың өкілдеріне прозелитизм деген кінәлар тақты.

Қазақстанда тәуелсіздік алғаннан бері елдегі діни қарым-қатынас саласында байсалды мемлекеттік саясат іске асырылуда. Қазақстанның Конституциясына барлық азаматтардың діни сенімдері мен ұлтына қарамастан тең құқылы екені жазылған. Біздің еліміздегі барлық этникалық топтарының мәдениеті мен рухани мұрасы жалпы ұлттық мүдде ретінде қарастырылады. Барлық азаматтарға өз мүдделерін қорғауда және іске асыруда тең құқықтарға кепілдік беріледі.

ҚР мен басқа елдер азаматтары кез келген дінді ұстануға немесе қандай да бір дінді ұстанбауға құқылы. Барлық діни бірлестіктер Заң алдында тең. Біздің елдің заңдары Республика Конституциясында және адам құқықтары туралы халықаралық актілер мен келісімдерде бекітілген азаматтардың дін бостандығына кепіл береді. Тәуелсіздіктің екі он жылдығында Қазақстанда діни институттардың сапалы және сандық өсімі болды. Діни ұйымдардың саны бірнешеге артты, діни дәстүрлер жаңғыруда, жаңадан діни ғимараттары – мешіттер, шіркеулер, дұға үйлері, синагогалар салынуда. Халықтың діни деңгейі өсті.

Қазақстанда діндар жандардың саны үнемі өсіп отыр, Діни фактор қоғам өмірінде көп мағыналы рөл ойнауда. Бұл келесідей формаларда көрініс табуда:

- әлеуметтік-саяси өмірдің көптеген салаларында діннің ықпалы өсуде;
- тұрғын халықтың күнделікті өміріне діни бірлестіктердің ықпалы артуда;
- діни білімдердің саласы кеңейіп жатыр, оның қаржы және заттық базасы бекеюде;

- дінаралық диалогты дамытумен байланысты үрдістер жанданып жатыр [2, 23-24б.б.]. Қазақ халқы ежелден Имам Ағзам мәзхабында болған, ал қазіргі соңғы мәліметтерге сүйенсек, 700 мың қазақ баласы ислам дінінен басқа христиандық діни секталарға кіріп кеткен. Сол сияқты исламдық ағымдардың шырмауында жүргендерде жеткілікті. Шет елдерден келгендердің басты кемшіліктері осы. Қазақ халқының байырғы діни құрылымын есепке алмауында. Қазіргі кезде еліміздің түкпір-түрінде «Уахабшылар», «Хизб-ут-Тахрир», «Таплиғ-и жамағат», «Салафийлер», «Тәкфирлер» және т.с.с. діни радикалды ұйымдардың барлығы дерлік бар. Бұлардың үгіт-насихаттары исламның бірегей қасиетті кітабы Құран Нұршылар Кәрімнің үкімдерімен көп жағдайларда сай келмейді және дінге кейіннен қосылған әр түрлі мәнсіз ырымдар мен

нанымдарды қамтиды. Бұлар ортақ идеологиялық платформа ретінде уахабилік ілімдерді ұстанады. Мысалы, салафиттер мен тәкфирлер кәпірлерді қарумен қырып, исламға күшпен кіргізуді жақтаса, Хизб-ут-Тахрир Орталық Азиядағы елдердің, соның ішінде Қазақстанның да орнына халифалық мемлекетті орнатуды көздейді. Ал Таплиғ-и жамағат болса, белсенді үгіт-насихат жүргізіп, ақпарат жинау және террористік ұйымдарды сарбаздармен қамту арқылы қызмет етеді. Өз кезегінде Нұршылар мен Фитхуллашылар уахабизмді білім жүйесінің көмегімен енгізбек. Бұл ұйымдар мен ағымдар ортақ уахабилік қозғалыстың құрамында бірін-бірі толықтыратын бірыңғай механизм болып табылады. Бақылаудың төмендігін байқаған ағымдар ғибадатханаларын салып, исламнан хабары аз, әрі жүйкесі жұқарған қазақтармен қатарын толтырады [1, 181б.]. Бүгінгі таңда көптеген әлеуметтанушылардың, қоғамтанушы ғалымдардың, теологтардың сүңгілері діни тәрбие беру мәселелеріне сынып жатыр. Мәселе өте күрделеніп кетті. Біз көп жақты ақпараттандыру заманында өмір сүріп жатырмыз. Осы жаңа діни ағымдардың тартылымы жастар үшін жасалуда [2, 31б.]. Біздің елімізде ағымдар мен секталардың шырғауына, негізінен, жастар, жоғары оқу орнының студенттері, тіпті мектеп оқушылары да тартылған. Олардың арасынан тұмшаланып киініп, етегіне сүрініп жүргендерді, шаштарын тақырлап алып бірнеше метр матаға оранғандарды, балауыз жағып, шоқынғандарды, жастығына қарамастан бетіне қаулатып сақал жібергендерді де көріп жүрміз. Мұның алғашқы өкілдері 1990 жылдары араб елдерінде, әсіресе Сауд Арабиясы мен Пәкістан мемлекетінде діни білім алғандар болды. Кейін келе бұлардың қатарына шетелдердің зайырлы оқу орындарында білім алғандар қосылды. Мұсылман елдерінен келген миссионерлер ашқан ислам орталықтары негізінен уахабилік ілімді насихаттайтын орталықтарға айналды. Сараптама мәліметтері теріс ағымдардың ықпалына түскендердің басым көпшілігі 18-25 жас аралығындағы жастар (студенттер) екенін дәлелдейді. Тіпті, кейінгі жылдары қоғамда теріс діни ағымдар деген атауға ие болған «Жаңа Өмір» («Новая жизнь»), «Ехоба куәгерлері» («Свидетели Иеговы»), «Рақым» («Благодать»), «7-ші күн адвентистер шіркеуі» («Адвентисты 7-дня») секілді ұйымдарға жастардың, оның ішінде қазақ жастарының көбірек тартылуы ойлантатын мәселе. Сондай-ақ, «салафизм» деген дін атауын жамылып жүрген ағымында жастардың дәстүрлі ислам жолынан ауытқуға, ислам дінін «терроризм, экстремизм» ұғымымен байланыстыруға тырысып бағуда [1, 183-184б.б.].

Біздің заманда «секта» және «тоталитарлы секта» деген ұғымдарды ажыратып алу қажет. Секта деп дәстүрлі діндерден бөлініп шыққан ағымдарды атауға болады және бұл жағымсыз мінезді құрамдас қылып қатарына қоспайды. Керсінше секталар халықтардың салттарына мәдениетті құрамдайтын әсерін етуі мүмкін, өздері дербес дінге айналып, аналық діннен кейбір догматтардың келіспеушілігімен өзгеше болуы мүмкін. Алайда, діни ағымдар арасында зайырлы заңдарға қайшы келетін бірлестіктер мен басқа діндер өкілдеріне зомбылықты насихаттайтын доктриналар да (Аль Каеда, Сайтан шіркеуі) бар, яғни өздерін де деструктивті тоталистік құрамы бар секталарды «тоталтарлы секта» деп атаймыз. Мұндай ұйымдардың криминалды сипаты жақсы жасырынғанымен, аты шулы қақтығыстарда алдыңғы шепке шығып жатады.

Мәселен, Қазақстан – көп ұлтты және көп дінді мемлекет, діни сызықтағы сынықтар ішкі мәселелерге әкеліп соғады. Қазақстанның басшыларының ресми баяндамалармен бірге түрлі діни бірлестіктердің басшылары діндардың сенімдеріне сөз тигізу қатерлі екендігін ескертуде. Қазақстан қоғамында исламға деген көзқарас қалыпты болып қалыптасты. Сонымен қатар

исламды «біздікі» және «жат» деп бөлшектеу сақталып отыр. Енді ресми идеология жат деп дәстүрлі саясаттан алыс исламға қарсы тұрған фундаменталды исламды атайды [2, 366.].

Сол сияқты нұрсизм - жаңа ағымдардың бірі. Осы идеяларды таратушылардың арасында белгілі бір оқытушының ақыл-ойлар қалғандарынан дұрыс санап, бұл жағдайда Саид Нұрсидің жоғарлату фанатизмдері байқалады. Оның еңбектерін қалғандарынан жоғары санап, дәріптеу тек қана басқа дін өкілдерін ғана емес, сонымен қатар мұсылмандардың да түсінбеушілігін туғызады.

Саид Нұрсидің идеялары адамгершілікпен толып тұр, оның еңбектерінен құдайдан қорқатын адам болғанын түсінсек те, оның ізбасарлары өз ұстаздарын кумирге айналдырып алды. Айрықша өкпе төгетін жайт, уахабшылар, нұршылар, хихбуттахриршылар «бомбыдан» да қауіпті затты – «фитнаны», бөлінуді уағыздауда. Бөлінуден бар қоғам, соның ішінде жастар да, аға буын да зардап шегуде. Жас діндарлар өздерін «дұрыс жолда» жүрміз деген сеніммен мешіттен қария келушілерді қуып шыққан фактілері белгілі. Сондай-ақ, жастардың санасын алдап-сулағаннан кейін «жиһадқа барып, өз елдеріңізге қол жұмсаңыздар жұмаққа тап боласыздар, жандарыңызды періште алып кетеді» деген жалған сеніммен талайлар қыршын кетті. «Алладан өмір сұрасаң рахат береді, өлім сұрасаң бейнет береді» деген аға ұрпақтың даңғылынан адасып, бөтеннің үйіріне қосылғандарды қайтару оңай іс емес[3, 36.]. Ал кейбір кішкентай балаларымызға тақия кигізіп қоямыз. Дін мәселесінде ғалым Мырзатай Жолдасбеков былайша ой қозғайды: «Баланы 18 жасқа дейін еркінен айырмаған дұрыс, бала бала боп өсу керек, тақияны бас көтереді ғой, бірақ бұл тақияның салмағы өте ауыр. Ес кіре бастағанынан балаға «өлесің» деп отырсақ, оған өмірдің не керегі бар? Ақыры өледі екенмін ғой деп, ол бала ажалынан бұрын пәлеге ұшырауы мүмкін. Осы күндері әкелі-баланың екеуі отырып бір үйде, бір дастарқаннан дәм татпайтындар да шығып жатқан көрінеді. Дін әке мен баланы өйтіп бөлмесе керек еді. Пайғамбарымыздың өзі де бір хадисінде: «Дінге шектен тыс берілмеңдер» деген екен ғой. Пайғамбарымыздың ақылына ден қояйық.»

Бір жарым миллиард халқы бар Қытайда 4 діни конфессия бар екен. Ал 16 миллион халық мекендеп жатқан елімізде 4 мыңнан аса діни бірлестік тіркеліпті. Бұл қай-қайсымызды да ойландыруы тиіс. [4, 4-96.б.] Дегенмен ол үшін ел болып, қоғам болып күресуіміз міндет.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев 2008 жылдың 16-17 қазан күндері Астанадағы бейбітшілік және келісім сарайында «Ортақ әлем: әралуандық арқылы ілгерілеу» атты конференцияны ашқан кезде «Жалпы, адамзатты «өзіміз» және «бөтен» деп бөлуге қарсы ортақ тойтарыс беру бүгінгі күн үшін өте маңызды. Әлемде үлкен немесе кіші мәдениет, күшті немесе әлсіз дін жоқ. Тек ажырамас бірлік қана бар. Бүгінгі жағдайда әлемді өркениеттік, мәдениеттік және діни белгілері бойынша жіктеуге жол бермеу айрықша маңызды» деп атап көрсеткен. Мұның өзі дін саласы бойынша қандай жұмыстар атқаруды тиіс екендігін меңзейді[1, 189-190.б.].

Қорыта айтқанда, ұлттық рухани болмысымызды, мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізді бұзып, өз мақсаттарына жетуді көздейтін әр түрлі діни ағымдар мен секталардың іс-әрекетіне мемлекеттік тұрғыдан қатаң тыйым салуды қолға алуымыз керек. Ол үшін, алдымен, қайтадан қаралып жатқан «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер» туралы заңға түбегейлі өзгерістер еңгізу қажет. Онсыз дін мәселесіне байланысты жағдай одан әрі күрделеніп,

еліміздің бірлігіне, ұлтымыздың болмысына қауып төндіретін құбылыс негізіне айналуы мүмкін. Алладан сұрап, абайлап басып, анық сөйлеп жүрейік. Туралықтың туын ұстап, ұлттық қасиетімізден, кісілік келбетімізден айнымайық, келешектің үмітін ақтайық, елдігімізді сақтайық, өзіміздің жақсы қасиетімізді сақтап, терең тамырлы тарихы бар іргелі, келешті ел екендігімізді өзгелерге таныта түсуіміз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тәуелсіз Қазақстан тарихын зерттеудің өзекті мәселелері / № 1 ғылыми бюллетень Бас редактор Б.Ғ.Аяған. / Астана 2008. -209б
2. Облыстағы ұлтаралық және дінаралық жағдайлар мониторингі. (2011 жылғы мамыр-маусым айлары)/ Орал 2011ж. -62б.
3. Аққобанқызы Ә. «Имандылық – бейбітшілік, өркениет, мәдениет»/ Жайық үні. 11 тамыз 2011ж.
4. Жолдасбеков М. «Дін - ұстай алсаң қасиетің, ұстай алмасаң қасіретің» / Орал өңірі. 27 тамыз 2011ж.

В статье изложены материалы религиозных вопросов в независимом Казахстане, также изложена история религиозных течений со дня становления независимого Казахстана.

In this article materials of religious questions in independent Kazakhstan are stated, the history religious currents from the date of formation of independent Kazakhstan also is stated.

ӨОЖ 343.137.35 (574)

*Бердіғалиева Л.А. - магистрант,
М. Өтемісов атындағы БҚМУ*

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАЙ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫН
ТӘРКІЛЕУ НАУҚАНЫ
(Орал округінің материалдары бойынша)**

Қазақ қоғамын іштен ыдырату, мүліктік қайшылықтарға сүйеніп таптық теңсіздікті тудыру, сол арқылы ірі бай шаруашылық иелеріне кедейлерді қарсы қою арқылы шаруашылықтарды ұжымдастыруға бағыт алған шабындық және егістік жерлерді бөлу науқаны қазақ бай-феодалдарын тәркілеуге дейін-ақ басталды. Дегенмен, бұл шаралардың сипаты және мақсаттары өзара тығыз байланысты еді. Кеңес өкіметі қазақ қоғамындағы жерді пайдаланудың дәстүрлі жүйесіне күштеп өзгеріс енгізе отырып, әлеуметтік теңсіздікті күшейтуді көздеді. Сол арқылы қазақ байларын тәркілеу науқанына дайындық жүргізуге, оған қоса жерді бөлуді қаржы көздерінің біріне айналдыруға тырысып бақты. 1926 жылы 20 мамырда Қазақ Республикасы Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесі «суармалы егіншілікті болыстардан басқа аймақтардың барлығында егістік және шабындық жерлерді бөлу туралы» декрет қабылдады [1]. Оның отаршылдық сипаты орындалу барысынан-ақ бірден анық болды. Көп ұзамай, 1926 жылдың 6 шілдесінде аталған декретке қосымша өзгерістер енгізіліп, онда «суармалы және ерекше шұрайлы шабындық жерлер»

бөлінбейтіндігі, олардың «жерді тиімді пайдалануда еңбегі сіңген, оны ұқсатуға ебі барларға» үлестірілетіндігі көрсетілді. Мұның өзі қазақ халқының меншігіндегі ежелден ата-бабасы қоныс еткен құнды шабындықтардың болашақ келімсектерге тартып алынып берілуіне негіз қалау еді. Бұл мақсатты астарлы түрде жүзеге асыруға бағытталған бұл заң бабы Бүкілодақтық ОАК Президиумының 1917 жылдың 28 ақпанында қабылданған егістік шабындық жерлерді бөлу туралы қаулысына енеді [2].

1927 жылы республикадағы 7 округ бойынша 220 мың шаруа қожалықтарының шабындық жерлері қайта бөлініп, оның 65,3% кедейлерге, 29,4% орташаларға, 8,3% ауқатты қожалықтарға берілген. Екіншілік комиссариатының 1928 жылғы 4 қаңтардағы есебі бойынша Орал губерниясында 76 болыс бойынша (113805 қожалық) шабындық жер бөліске салынып, бай қожалықтарының 84605, орта шаруалардан 7105 десятина жер тартып алынған [3]. Науқан кезінде көптеген бұрмалаушылықтар етек алады, әсіресе орта шаруалар мүддесі қысымға ұшырады. Жымпиты уезінде орташа шаруалар меншігіндегі 17 %-дан астам шабындық жерлерінен айырылады [4].

Бай шаруашылықтарын тәркілеу алдын-ала ойластырылған, қазақ халқының мүддесіне қайшы, алдына сан-салалы міндеттерді қойған саяси-әлеуметтік шара ретінде көрінеді. Голощекин өлкелік комитеттің II Пленумында оқыған есебінде «қазақтардың ұлттық сана-сезімі өсіп келе жатқандығы» және «ұлттық сана оянуының көзі – байлар» екенін айта отырып, қазақ халқының кедейленуінен большевиктер өкіметіне келер «еш қауіпке негіз жоқ» деген қорытындыға келеді. Голощекиннің шовинистік-нәсілшілдік сипаттағы осы сөздерінің өзі-ақ оның қазақ ауылын кеңестендіру, онда «Кіші Қазан төңкерісін» ұйымдастыру туралы «ой-жоспарларының» мәні мен мақсатын ашып көрсетеді.

Тәркілеу науқанының қарсаңында Қазақ өлкелік партия комитетінің органы «Советская степь» газетінде жарияланған мақаласында Голощекин «Жер-су реформасы байлар мен орташа шаруаларды толық тәркілеудің табысты өткізілген дайындығы болды», шараның басты мақсаттарының бірі ауыл халқының «таптық сана-сезімін жетілдіру еді» - деп жазады. «Жергілікті халықтың жаппай сауатсыздығы, құлдық, кедейшілік, рушылдық, шашыраңқылық, тағы басқалар еңбекшілердің сана-сезімін жоғарылатуды, ауылдарды кеңестендіруді қиындатты. Міне, кейін ауылдарды революциялық «желменен» тексеріп, кедергісіз өз «Октябріне» жеткізу қажет болды» [5]. Сөйтіп, Голощекин басқарған өлкелік партия комитеті қазақ халқының түрлі әлеуметтік топтарының арасында қайшылықтарды қоздыра отырып, Кеңестік өкіметті «орнатуды» мақсат етті.

Қазақстан Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің 1928 жылы 27 тамыздағы «Ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу және жер аудару туралы» декреті қазақ даласына үлкен қасірет әкелді. 1927 жылдың өзінде қарашада өткен VI Өлкелік партия конференциясы ірі байлар мен жартылай феодалдарды тәркілеу және жер аудару жөнінде шешім шығарған еді.

Батыс Қазақстанда ірі байларды тәркілеу науқаны 1928 жылы 6-8 қыркүйекте декрет жарияланған соң бірден басталды. Өлкелік және аудандық комиссиялар құрылып, Орал, Ақтөбе, Гурьев аудандарына бұқаралық түсіндіру жұмыстарын жүргізу және байларды тәркілеу мен жер аударуды жүзеге асыруға құзыретті адамдар ретінде 400 партия мүшесі жіберілді [6]. БОАК мен ХКК-нің ірі байлардың мал-мүлкін тәркілеу туралы декретін жүзеге асыру үшін Орал округтік атқару комитетінің арнаулы комиссиясы құрылады.

Төмендегідей комиссия құрамы бекітіледі: Комиссия төрағасы – Иралин (ОкрАК), хатшысы – Мұхамедияров, мүшелері: Сағындықов (Округтік жер басқармасы), Залиев (Қосшы одағы), Адамович (мемлекеттік саяси басқарма), Мұқашев (Окр.прокурор). Округтік комиссия жұмысын 1 қыркүйек күні бастайды. Комиссияның бірінші отырысында мекемелерге тәркілеуге қатысты мәселелерді, мәселен, тәркіленген малдың есебін жүргізу және қорғау, бөлу жоспарлары, совхоздар мен колхоздар ұйымдастыру, жаңа жерлерде жаңаша басқаруды насихаттау, басқа да жұмыстарды шешу тапсырмасы беріледі. Науқанның жер-жерде өтілу деңгейін қадағалап, басшылық жасап отыру үшін сол жылдың 5-6 қыркүйегінде комиссия құрамында бекітілген өкілдер аудандарда жұмысын бастайды. Жаңақала ауданына Сағындықов, Ордаға Зұлқайыров, Сламихинге Матчанов, Шыжыға Жанбайысов, Таловқа Дүйсенов, Қаратөбеге Ізбасаров, Тайпаққа Залиев, Шалқарға Исенбаев, Жымпитыға Беркалиев, Зауральныйға Жұмағалиев, Азғырға Тәтібаев, Тепловқа Гирляндин, Зеленов ауданына Хлостов жіберіледі. Батыс Қазақстанда бай шаруашылықтарын тәркілеу науқаны 1928 жылдың қарашасына дейін аяқтау белгіленгенімен, бұл шара 1929 жылдың ақпан айына дейін созылды [7]. Тәркілеу «колхоз құрылысының жеңісіне» дейін жалғасты, өйткені ол ұжымдастырудың заңды бөлігі, оның үдемелі дамуын ынталандырушы, «қорқыныш пен сақтықтың қорғанысы» ретінде қарастырылды.

Жер-жерде түрлі жиналыстар өткізіліп, «жау табы өкілдерін», «зиянды элементтердің» қатарын айқындау, қорқытып-үркіту, азғыру жұмыстары қызу жүргізіледі. Үгіт-насихат, түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін аудандарға 172 өкіл (оның ішінде 162-сі - БК(б)П, 5-і – БЛКЖО мүшелері, 5-уі – партия қатарында жоқ) жолданады. Бай шаруашылықтарын тәркілеу жұмыстарына округ бойынша барлығы 105 комиссия құрылып, оған мүшелікке жалпы саны 1949 адам тартылады. Өкілдік комиссиялар науқанның алғашқы айларында бұқаралық-саяси шаралар бойынша барлығы 75 батырақтар жиналысын (қатысушылар саны – 1594), 586 кедейлер жиналысын (қатысушылар саны – 43689), 264 азаматтардың жалпы жиналыстарын (қатысушылар саны – 24013) өткізеді [8].

Тәркілеуге жататын ірі байларды белгілеу үшін ҚазАКСР ОАК мен ХКК мынадай өлшемдерді бекітеді: көшпелі аудандарда ірі қарамен есептегенде 400 бастан артық малы барлар, жартылай көшпелі аудандарда 300-ден аса, ал отырықшы аудандарда 150-ден артық бас малы барлар тәркіленетін болды. Мал басының ірі қарамен есептелу мәселесіне келсек, ірі қараға екі жастан асқан құнан, түйе, сиыр, өгіз жатқызылған, ұсақ жануарлардан бір ірі қараға үш құлан, не екі тай немесе бес қой, әлде алты ешкі теңестірілді.

1928 жылдың 10 қыркүйегінде Орал округтік атқару комитетінің отырысы болып, онда қазақ байларының тізімі туралы есеп тыңдалады. Округ бойынша тәркіленуге жататын 66 ірі байдың тізімі бекітіледі [9].

Сөйтіп, Орал округінің 11 ауданынан барлығы жоспар бойынша 66 байдың шаруашылығы тәркіленуі тиіс болды, ал іс жүзінде 71 шаруашылық тәркіленеді. Алдын-ала есептеулер бойынша тәркіленген бұл аудандардағы байлардың қолында мал басының саны – 51515. Жартылай көшпенді аудандар Қаратөбе, Жаңақала, Жымпиты, Сламихин, Азғыр аудандарында мал басы ең көп шоғырланған. Оған қоса бұл аудандардағы тұрақты жалдамалы жұмысшылар саны 195 деп көрсетіледі.

Аталған мәселе бойынша зерттелген еңбектердің ішінде 1957 жылы жарияланған А.А.Королевскийдің «Батыс Қазақстанда жаппай ұжымдастыруға

дайындық» еңбегінде автор Батыс Қазақстан өңірінде барлығы 156 бай қожалықтары, оның ішінде Орал округінде 71 қожалық тәркіленді деп көрсетеді.

Округ бойынша барлығы 71 шаруашылық, оның ішінде 56-сы бірінші, 15-і екінші санат бойынша тәркіленді. Бірінші санатқа ірі бай – феодалдар, екінші санатқа жартылай феодалдар, мүліктік жағдайына қарамастан өзінің Кеңес өкіметіне қарсы ой-пиғыл, қызметімен неғұрлым қауіпті адамдар жатқызылды. Бірінші санат бойынша Азғыр ауданынан 21, Сламихиннен – 8, Қаратөбеден – 7, Жаңақаладан – 6, Орда және Жымпиты аудандарынан – 4-тен, Шалқардан – 2, Талов, Тайпақ, Зауральный, Шыжы аудандарынан – 1-ден байлар тәркілеуге ұшырады. Екінші санат бойынша Жымпитыдан – 3, Қаратөбе, Жаңақала, Шалқар, Тайпақ аудандарынан – 2-ден, Азғыр, Сламихин, Орда, Шыжы аудандарынан – 1-ден бай шаруашылықтары танылды [10].

1928 жылы 27 тамыздағы ҚазақАКСР ОАК қаулысы бойынша тәркілеуге ұшырап, жер аударылғандарға жер аударылған округ шеңберінде тұратын жерін өзі таңдап алуға рұқсат берілген еді. Алайда округтік орган басшылары жер аударылғандарды өз беттерінше орналастырды. 71 бай түгелімен өздерінің ата-мекендерінен басқа жаққа жер аударылған, Орал округінен жер аударылған байлар Қызылорда және Ақмола округтерінің шөлейтті-шөл аудандарына жөнелтілген. Ол жаққа өз аяқтарымен баруға тиісті еді. Көрсетілген мерзімде көшпесе, не белгіленген ауданға жетіп үлгермесе жазалау шаралары күтіп тұрды.

Мұндай жол азабына шыдамай талай адам, әсіресе балалар мен қариялар жан тапсырды. Бұл жөнінде мұрағат қорларында арыз-шағымдар жетерлік. Сырдария округі Қызылқұм ауданының №9 ауыл тұрғындары Ә.Әсербаев, Қ.Көбеев, А.Бекболатов және т.б. өлкелік тәркілеу комиссиясына жазған арыздарында Орал округіне отбасыларымен жер аударылғаны және жол үстінде Қызылордаға жақындай бергенде жас балалардың суық тиіп, түгелдей ауырып қалғандарын ескеріп, осы жерде қыстап шығуға рұқсат сұрайды [11].

Мұрағат құжаттарында тәркілеуге ұшыраған байлардың жеке істері сақталған. Жеке істеріне қарап отырсақ, олардың әр түрлі жалған жаламен қамауға алынып, жер аударылғандығын көреміз (1928 жылдың 11 желтоқсанындағы мәліметтер бойынша):

1. Досқалиев Шамақ – 50 жаста, Орал округі Азғыр ауданының Сүйіндік ауылынан шыққан, сонда тұрады. Мал шаруашылығымен айналысады. 275 бас жылқы, 90 бас түйе, 900 бас ірі қара, 1200 бас қой, 2 киіз үй, жер үйі, 10 егін шабатын машинасы бар. 9 тұрақты батырақты жалдайды. Қазіргі кезде Азғыр ауданында төменгі кеңестік партия органдарын басып алуды көздеп ұйымдастырылған ірі бай тобының мүшесі болып табылады. Бұрынғы бүкіл Бөкей уезінің ірі ықпалды байларының бірі. Байлар мен кедейлердің арасында үлкен беделге ие. Жергілікті кеңестік және партиялық ұйымдарға ықпалы бар. Кедейлерді өз жағына тарту және ауыл шаруашылығы салығынан жалтару үшін Азғыр, Орда, Жәнібек аудандарының кедейлеріне мал үлестірген.

2. Өтегенов Бәкі (Бакий) – 40 жаста. Орал округі Азғыр ауданы Шалқар ауылында тұрады. 4 әйелі бар. Шаруашылығында 25 бас жылқы, 45 бас түйе, 800 бас ірі қара, 800 бас қой, 3 жер үйі, 4 киіз үйі бар. Салықтан қолдағы малының 40%-ын жасырып отыр.

3. Мәмбетов Әубекер – 42 жаста. Орал округі Азғыр ауданы Тауберат ауылының қазағы. 75 бас жылқы, 50 бас түйе, 500 бас ірі қара, 1500 бас қой, 3 жер үй, 3 киіз үйі бар. Отбасыларымен қоса 5 батырақты жалдайды. Қазіргі кезде Азғыр ауданында ұйымдасқан бай-шенеуніктік топтың басшысы. Оның бастамасымен шабындық жерлерді бөлу кезінде бір кедей ұрып-соғылған.

Ақсақалдар сотына қатысқаны үшін 3 жылға бас бостандығынан айырылып, қамауға алынған.

4. Исенбаев Мұқаш – 65 жаста, Орал округі Азғыр ауданы Тауберат ауылының қазағы, қажылыққа барған. Отырықшы шаруашылық жүргізеді. 40 бас жылқысы, 25 бас түйе, 350 бас ірі қарасы, 400 қой-ешкісі, 2 киіз үйі, 1 жер үйі бар. Бай-канаушы ретінде азаматтық құқығынан айырылған.

5. Машекенов Халық – 40 жаста, Орал округі Азғыр ауданы Шалқар ауылының тұрғыны. Орта білімі бар, мұғалім. Шаруашылығында 50 бас жылқысы, 250 бас ірі қара малы, 1250 бас қой-ешкісі, 2 жер үйі бар. Азамат соғысы жылдары ақ бандылардың қатарында Кеңес үкіметіне қарсы соғысқан. Қазіргі кезде билік органдарына өзінің жақтастарын кіргізу үшін қайта сайлау науқанында белсенді қатысушы.

6. Залиев Рысқали – 60 жаста, Орал округі Жаңақала ауданы №8 ауылының қазағы. Отырықшы шаруашылық жүргізеді. 22 бас жылқысы, 15 бас түйе, 250 бас ірі қара малы, 715 бас қой-ешкісі бар. Патша кезінде 20 жылдай хатшы қызметінен бастап түрлі қызметтерде болған шенеунік. Қазіргі кезде салық салудан жалтару үшін мал-мүлкін кедейлерге уақытша пайдалануға береді. Бүкіл ауыл кедейлері осы байдың малын пайдаланады.

7. Аманов Хұсайын – Орал округі Шалқар ауданы №16 ауылында тұрады. Сауатты. Егін егу және мал шаруашылығымен айналысады. Отырықшы шаруашылық жүргізеді. 100 бас ірі қара малы, 300 бас қойы бар. Патша үкіметі кезінде болыстық старшина болған, жігерлі қызметі үшін әкім қызметіне тағайындалған. Азамат соғысы жылдары ақтардың қатарында болып, бейбіт тұрғындарды тонаған. Чапаев өлтірілген Ілбішін ауылын тонауға белсенді қатысқан [12].

Көптеген адамдар жеке іс ашылмай-ақ тізім бойынша тәркіленіп, жер аударылған. Ресми деректерде жеке отбасылар ғана жер аударылған сияқты боп көрінгенімен, мұрағат құжаттарына көз салсақ тәркілеуге жатпайтын шаруа отбасылары да заңсыз жер аударылған. Мысалы, Орал облысының Азғыр ауданының Таубұйрат ауылынан тәркіленген Әбсаттаров Қажыбай қажымен бірге жеті бірдей отбасын жер аударып жіберген. Тек батыс өңірі ғана емес, республика көлемінде тәркілеу жөніндегі декрет бұрмаланғандығы анық. Мәселен, Әділет халық комиссары Ж.Сәдуақасовтың 1929 жылғы 3 қазандағы «Байлардың мал-мүлкін тәркілеу және жер аудару науқаны» жөніндегі Орталық Атқару Комитетіне түсірген мәлімдемесінде кейбір сот органдарының тарапынан тәркілеуге қатысты істерді қарауда «революциялық заңдылық ұстанымдарын бұрмалаушылық орын алды» делінген [13].

Бай қожалықтарымен қоса орта шаруалардың да мал-мүлкі тәркіленетіндігі жөнінде қауесет батыс өңірде жаз айларының өзінде-ақ тарап кетеді. Жергілікті тұрғындар мал-мүлкін сатып, көшуге дайындала бастайды. Осыған байланысты Қазақстан ОАК оның негізсіз өсек-аян екенін, ешқандай тәркілеу болмайтындығы, болса да хандар мен сұлтандар тұқымынан тараған ірі байларға, бұрын патшаның қызметінде болғандарға ғана қатысты жүргізілетіндігін хабарлап, 1928 жылдың 23 шілдесінде Қазақстан еңбекшілеріне үндеу тастаған еді. Мұндай үндеу тастаудың мақсаты елді дүрліктірмей, тәркілеу науқанына көбірек бай шаруа қожалықтарын қамту болғандығы түсінікті.

1-кесте. Орал округіндегі тәркілеуге жататын бай шаруашылықтарындағы мал саны.

№	Аудан-дар	I/I-не бол-жаулы мал саны	I/I-нен бастап сойыл-ған мал саны	Декрет шық-қанға дейін сатыл-ған мал саны	Декрет шыққан-нан кейін сатыл-ғаны	Халық-қа бөліп беріл-гені	Басқа аудан-дарда жасы-рыл-ғаны	Басқа да шы-ғындар	Іс жүзін де анық-тал-ғаны	I/I-1928 ж. белгі-ленге н мал саны
1	Тайпақ	456	-	10	-	-	-	-	296	306
2	Орда	1393	112	385	38	4	4	-	709	1312
3	Талов	300	32	117	-	5	-	-	83	237
4	Шал-кар	945	-	183	100	-	-	150	612	945
5	Шыжы	1170	-	77 1/2	43 1/2	8	5	-	554	688
6	Заурал ь-ный	160	6	29	15	10	-	-	82	142
7	Қаратө-бе	2120	230	114	38	-	4	-	-	1477
Барлығы		6544	370	915 1/2	234 1/2	27	13	150	4541	5251

1-кестеден көріп отырғанымыздай, бай шаруашылықтары малының шамамен 11 %-ын декрет шыққанға дейін және бір бөлігін жарияланғаннан кейін сатып жіберген. Кесте бойынша мәліметтер тек 7 аудан бойынша екендігін және бұл тізімнің ішінде неғұрлым мал басы көп Жаңақала, Жымпиты, Сламихин тәрізді мал шаруашылықты аудандардың жоқтығын ескерсек, сатылған және жасырылған мал саны әлдеқайда көп болғаны күмән туғызбайды. Сондай-ақ малдың округ шекарасынан тыс аудандарға да (Астрахань, Сталинград, Гурьев) сатылуы туралы мәліметтер қолымызда болмағандықтан, бұл сандық мәліметтердің әлі де толығы мүмкін. Мұрағат құжаттарында бұл туралы ішінара деректер бар. Мысалы, Тамалов есімді бай ірі қараға аударғанда 85 бас мал, Бесалиев 100 бас малды Орынборға, Жұмағалиев 36 бас, Ғилманов 45 бас, Бөкейханов 160 бас малды, Көбеев құны 3820 рубль тұратын, т.б. сатып жіберген. Оған қоса көптеген аудандарда байлардың (Ш.Омаров, Мәмбетов) округтан тыс аудандарға көшіп кету жағдайлары да көп кездеседі [14].

Жергілікті басшылар тәркілеудің жүзеге асырылуы – бай-феодалдардың мал-мүлкін тартып алу ешқандай қақтығыссыз, қиындықсыз өтті деген хабар жеткізумен болған. Алайда мұрағат қорларында мұны теріске шығаратын айғақтар аз емес. Мысалы, Сұлтанов есімді бай балаларымен бірге малын айдап шөл далаға жасырынған. Арнайы жасақ ұйымдастырылып, күшпен малды тәркілеу іске асырылған. Мұндай жағдайда мал мен астықты жасырудың орын алуы және бай, ауқатты шаруалардың науқанға қарсы үгіт-насихат жүргізуі әрине заңды құбылыс. Осындай себептермен 1928 жылғы қаңтар-наурыз аралығында барлығы 37 адамның ісі округтік сотқа тапсырылады.

Тәркілеу науқанында кең тараған құбылыс - жергілікті билік өкілдері, ауыл кеңесі басшыларының қызметтерінен жалтаруы немесе қарсы шығуы. Нәтижесінде 26 ауыл кеңесінің басшылары және 1 аудандық атқару комитетінің төрағасы (Сламихин) қызметінен босатылады [15].

Бай шаруашылықтарын тәркілеу заңсыз жүзеге асырылды, күштеп ұжымдастыру саясаты көшпелі өркениет ерекшеліктерін ескермеді. Тәркілеуге жататын нормаға жеткізу үшін орташалар байларға жатқызылды, жеке отбасы

шаруашылықтары біріктірілді. Орал округі бойынша 66 шаруашылықты тәркілеу нәтижесінде 15410 бас мал алу жоспарланған. Науқан қорытындысында 71 шаруашылық тәркіленгенімен, 1928 жылы 28 қарашадағы өлкелік партия комитетінің мәліметіне қарағанда, 10271 бас мал, ал сол жылғы желтоқсандағы Ф. Голощекин мәліметінше, 10310 бас мал алынған [16].

Қазақ өлкелік комитеттің 1928 жылғы 28 қарашадағы орталыққа жіберген мәліметтері бойынша Орал округінде 71 шаруашылық, 10271 бас мал тәркіленген. Бір шаруашылыққа шаққанда орта есеппен 145 бас малдан келеді. Отырықшы аудандарда 12 шаруашылықтан 1319 бас мал, орташа есеппен шаруашылыққа 109,9 бас мал, жартылай көшпенді аудандарда 59 шаруашылықтан 8952 бас мал, орташа есеппен шаруашылыққа 151,7 бас мал тәркіленген. Жоғарыда атап өткеніміздей, осы жылдың желтоқсанындағы мәліметтер бойынша, округ бойынша 10310 бас мал алынған болса, оның отырықшы аудандардан алынғаны – 1446, бір ауданға шаққанда 131 бас мал, ал жартылай көшпелі аудандардан 8864, бір ауданға шаққанда 148 бас мал тәркіленген.

Тәркілеу науқанындағы көптеген асыра сілтеушіліктерді бүркемелеуге тырысқан Голощекин: «136 шақты бай шаруашылықтарының тәркіленуі малы тым көп болғандықтан емес, ең бастысы, олардың төңкеріске қарсылығына байланысты жүзеге асты. Олардың көпшілігі – бұрынғы патша үкіметі кезінде қызметте болғандар» деп көрсетуге тырысып бақты [17].

Тәркілеу науқаны малмен шектелмеді. 1928 жылғы желтоқсандағы мәліметтер бойынша округ байлары мен ауқатты шаруаларынан барлығы 83 киіз үй, 129 жер үй, 29 соқа-сайман, 32 шөп шабатын машина, 87 ер-тұрман, 8 сепаратор, 147 кілем, 193 киіз, 45 басқа да тұрмыстық заттар тәркіленген [18]. Ф.Голощекин науқан қорытындысы жөніндегі мәліметінде: «Тәркілеудің негізгі мақсаты ауылдағы кедей-кепшіктерге мал үлестіру арқылы қоғамдағы экономикалық-әлеуметтік жағдайға өзгерістер енгізу болғандықтан, киіз үй, кірпіш, саман үй, жертөле, т.б. баспаналар, тұрмыстық заттар мен ауыл шаруашылық құралдарды да тәркілеу қажеттігі логикалық тұрғыдан дұрыс» деп жазады.

Кеңестік ресми құжаттарда тәркілеу саясатының ең басты мақсат-міндеттерінің бірі қазақ ауылын орташаландыру, соның негізінде ауылды кеңестендіру мен болашақ социалистік қоғамға жол ашу, әлеуметтік іргетасын қалау деп көрсетіледі. 1928 жылдың 2-7 желтоқсанда өткен Қазақ өлкелік партия комитеті III Пленумының қаулысында: «Тәркілеу науқанының барысы мен нәтижесі Өлкелік комитеттің қазақ ауылы жөніндегі саясатының дұрыстығын дәлелдеді. Партия мен Кеңес өкіметінің ауыл жөніндегі барлық шараларының, әсіресе, ауылды кеңестендіру, кедейлерге көмек, алым-салықтағы жеңілдіктер, кооперация, жайылымдық, егістік жерлерді қайта бөлу және бай шаруашылықтарын тәркілеу ауылдың орташалануына әкелді» делінді [19]. Шындыққа жанаспайтын мұндай тұжырымдар ҚазАКСР ОАК мен ХКК-нің республика еңбекшілеріне арналған үндеуінде, Голощекиннің орталыққа жіберген аса құпия мәлімдемелерінде де айтылады.

Ф.И.Голощекиннің қазақ байларын тәркілеу науқаны қитұрқы отаршылдық саясатының құралына айналды, қазақтың зиялыларын қуғындауға жол ашты, қазақ халқын мал-мүлкінен айырудың алғышарты болды. Жаппай ұжымдастыруға бағыт ұстау, оны зорлық-зомбылық, жазалау әдістері арқылы жүргізу, бай шаруашылықтарын тәркілеу мен ауқатты шаруаларды меншігінен айыру дәстүрлі қоғам ерекшеліктерін жоққа шығарушылықтан, қоғам

дамуының заңдылықтарын ескермеуден туындады. Бұл жөнінде сол жылдардың өзінде С.Сәдуақасов: «Қазақ өлкелік комитет пен Голощекиннің қателігі қазақ байларын тәркілеу мен қазақ кедейлерін ұжымдастыру кезінде басшылардың ұлттық-тұрмыстық ерекшеліктерді білмеуі мен білгісі келмегені Қазақстанда миллиондаған мал мен адам құрбандығын тездетті» деп жазды. Бұл жағдай болашақта Батыс Қазақстанның Орал округінде ауыл шаруашылығының тоқырауына, теңдесі жоқ демографиялық, әлеуметтік-экономикалық дағдарысқа ұшырауына әкелді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Турсунбаев А. *Победа колхозного строя в Казахстане.* А., 1957, с. 57.
2. *Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты (ҚР ОММ).* 30-қ., 1-т., 593-іс, 90-п.
3. *Коллективизация сельского хозяйства Казахстана.* Ч. 1. А.-А., 1967, с. 148-149.
4. Турсунбаев А. *Аталған еңбек.* 60-б.
5. Жаулин К.М. *Батыс Қазақстандағы шаруа қожалықтарын күштеп ұжымдастыру: тарихы және тағылымы (1928-1933 жж.).* 07.00.02.Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – А., 1997. – 43-44-б.
6. *Коллективизация сельского хозяйства Казахстана.* Ч. 1. А.-А., 1967, 148-150-б.
7. *Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты (ҚР ПМ).* 141-қ., 1-т., 2059-іс, 2-5-п.
8. *ҚР ПМ.* 141-қ., 1-т., 2059-іс, 9-12-п.
9. *Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік мұрағаты (БҚОММ).* 578-қ., 1-т., 53-іс, 14-п.
10. *БҚОММ.* 392-қ., 1-т., 11-іс, 12-14-п.
11. *ҚР ОММ.* 135-қ., 1-т., 12-іс, 21-п.
12. *ҚР ПМ.* 141-қ., 1-т., 2057-іс, 5-56-п.
13. *ҚР ОММ.* 135-қ., 1-т., 12-іс, 21-п.; 1380-қ., 1-т., 3-іс, 100-п.
14. *ҚР ПМ.* 141-қ., 1-т., 2059-іс, 25-28-п.
15. *БҚОММ.* 392-қ., 1-т., 14-іс, 234-п.
16. Жаулин К. *Батыс Қазақстанда байларды тәркілеу науқаны//Қазақ тарихы.* 1998, № 2, 25-б.
17. *ҚР ПМ.* 141-қ., 1-т., 1930-іс, 4-п.; 1980-іс, 28-п.
18. *ҚР ПМ.* 141-қ., 1-т., 2059-іс, 6-п.; 1930-іс, 6-п.
19. *Коллективизация сельского хозяйства Казахстана.* Ч. 1. А.-А., 1967, 219-220-б.

В статье рассматривается политика Советской власти по конфискации имущества баев в Западном Казахстане в 1928-1929 годах. Подчеркиваются трагические последствия силовой ликвидации зажиточного слоя крестьянства.

In article considers the policy of the Soviet authority on confiscation of bai's property in the Western Kazakhstan in 1928-1929 is investigated. It is emphasized tragical consequences of power liquidation of a prosperous layer of peasantry.

ӘОЖ 94(574) «312»

Тәжіғалиева Ж.Т. – магистрант,

М. Өтемісов атындағы БҚМУ

**БІРҰЛТТЫ ЖӘНЕ ЭТНОСАРАЛЫҚ ОТБАСЫЛАР ТАРИХЫ МЕН
ЭТНОМӘДЕНИ АСПЕКТІЛЕРІ
(1985-2010 жж. Батыс Қазақстан облысы мысалында)**

Отбасының бірұлтты және ұлтаралас сияқты түрлері мен типтері күнделікті өмірге өз әсерін тигізіп отырады. Сондықтан отбасын этникалық үрдістердің ықшам ортасы ретінде зерттеуде ұлтаралас некенің аймағы, этникалық құрылымы қызығушылық тудырады. Полиэтникалық құрылым жағдайында этнос дамуы үшін отбасының дамуы ерекше. Сондықтан Қазақстан сияқты көп ұлтты мемлекетте отбасының даму заңдылығын зерттеу маңызды.

Отбасы және неке, неке-отбасылық қатынас көптеген қоғамдық ғылымдардың – этнология, демография, әлеуметтану, құқық (заң), экономика, педагогика, т.б. ғылымдардың зерттеу нысаны. Отбасы және некеге байланысты қызығушылықтың тууы отбасының өміршеңдігіне байланысты. Бала туылуына, яғни демографияға қатысты неке тұрақтылығы және неке құрылымының жақсару мәселесі мемлекеттік маңызға ие болып отыр. Ұлтаралас некені зерттеу барысында кең көлемде этнодемографиялық және этноәлеуметтік процестерге шығуға болады. Ұлтаралас процестер мен этномәдени сипат, оның динамикасын, отбасы-неке қатынасының қазіргі қоғам дамуындағы орнын анықтау – жұмыстың өзектілігін көрсетеді.

Нақты тарихнамалық талдау нәтижесі Батыс Қазақстандағы неке - отбасылық қатынастың ерекшелігін ашатын ғылыми жұмыстардың аздығын көрсетті. Бұл, ең бірінші, моноэтникалық және полиэтникалық аудандардағы бірұлтты және ұлтаралас некелердің тұрақтылығына әсер ететін факторларға байланысты. Бұл мәселені ашып көрсету мақсатында нақты аймақты таңдау арқылы, Батыс Қазақстан мысалында толықтырамыз. Хронологиялық шеңбер 1985 жылдар мен 2010 жылдар аралығын қамтиды.

1985 жылы Қазақстан КСРО құрамында болды. Бұл кезең, яғни 1985 жылдан бері қарай өте қысқа уақыт аралығын қамтығанымен, тарихи оқиғалар мен әлеуметтік-экономикалық өзгерістерде баршылық болды. Атап айтқанда, М.С.Горбачевтің реформалары мен қайта құрулары, 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы, империялық репрессия саясатының жаңғыруы, ұлт-азаттық сананың қайта оянуы, Кеңес одағының ыдырауы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігінің жариялануы, нарықтық экономикалық жүйені қалыптастыру жолындағы қиыншылықтар, қайшылықтар, мемлекеттіліктің қалыптасуы, ұлттық саясат пен мемлекеттік идеологияны қалыптастыру, діни сауаттылықтың қажеттілігі, тіл мәселесі және т.б. Нақ осы жылдары жоғарыда көрсетілген оқиғаларға байланысты неке-отбасылық қатынаста біршама өзгерістер болды. Зерттеуді 2010 жылға дейін әкелуіміз Кеңес үкіметі кезіндегі және одан кейінгі отбасы, неке мәселесін салыстыра отырып, жазуға мүмкіндік берді. Зерттеу жұмысының хронологиялық аспектіде жоғары және төменгі уақыт аралығымен шектелуі қай жағынан алсақ та орынды болып табылады.

Нақты тарихи-этнологиялық, тарихи-демографиялық, статистикалық, оның ішінде этноәлеуметтік материалдар мен ел арасынан жиналған деректерге сүйене отырып, Батыс Қазақстандағы бірұлтты және ұлтаралас некені зерттеудегі

мақсатымыз – ұлтаралық некенің жиілігі, тенденциясы, неке тұрақтылығын анықтау, осы некеден туылған балалардың өзінің ұлтын анықтау (идентификация) жағдайы, ұлт аралас некенің мемлекет болашағына, оның тұрақтылығына әсері, қазақ тілінің осы өңірдегі басым рөлде болуы жолындағы мүмкіндіктері. Көтерілген мәселелер тарихи-әлеуметтік тұрғыда қаралады. Көзделген мақсатты жүзеге асыру үшін алдымызға мынадай міндеттерді қойдық:

- отбасының негізгі міндеттерін талдау, ұлттық және жаңа сипаттық байланысын анықтау, қазіргі кездегі отбасы мазмұнын ашу;
- ұлтаралас некелесудің тарихи-әлеуметтік себептері, оған қазіргі жастардың көзқарасы, көзқарастың қалыптасу себебі;
- ұлтаралас қатынаста және ұлтаралас неке дамуында жаңа бағыттарды көрсету;
- нақты статистикалық мәліметтерге, АХАЖ құжаттарына талдау жасай отырып, бірұлтты некеге қарағанда ұлтаралас неке ерекшелігіне тоқталу;
- ұлтаралас некелердің статистикасының нақтылығын анықтау;
- ұлт аралас некенің тіл мәселесіндегі орны;
- дәстүрдің сақталуына әсері, діни сенім ортақтығына әсері;
- ұлтаралық неке мәселесінің мемлекеттің ұлтаралық қатынас саясатындағы орны;
- ұлтаралық некенің болашақ жылдарға ықтималдылығын жобалау.

Зерттеу жұмысы жалпы ғылымдық (анализ, синтез, жүйелі әдіс) тарихи, этнографиялық және этносоциологиялық әдістерге, статистикалық ақпараттарды талдауға негізделді. Жұмыстың теориялық негізіне А.Г. Харчев, Ю.В. Арутюнян, Л.М.Дробинцеваның, В.С.Кондратьевтің, А.Б.Қалыштың, т.б. ғалымдардың теориялық ойлары мен тұжырымдары басшылыққа алынды. Методологиялық негізі Ю.В. Бромлейдің жалпы этнология мәселесіне арналған іргелі ғылыми зерттеулері мен жеке ғылыми мақалаларындағы әдістерге сүйенеді. Сондай-ақ бұл жұмысты жазу барысында Х.А. Арғынбаев, У.Х. Шәлекенов, Ә.Т.Төлеубаев, С.Е.Әжіғали және т.б. отандық этнографтардың еңбектеріндегі дәстүрлі әдістер кең пайдаланылды.

Зерттеу жұмысының негізгі дереккөздері ретінде облыс тұрғындары арасынан жиналған этнологиялық, этносоциологиялық материалдар, БҚО мұрағаттар мен құжаттар басқармасының материалдары, БҚО статистика департаментінің мәліметтері, Батыс Қазақстан облыстық Әділет департаментінің жанындағы АХАЖ мұрағатының құжаттары, Орал қалалық Әділет басқармасының жанындағы АХАЖ мұрағатының құжаттары, арнайы статистикалық-демографиялық мерзімді басылымдар алынды.

Отбасы тұрақтылығын анықтауда ішкі отбасылық қатынаспен қатар, экономикалық және тұрмыстық аспектілерді, жұбайлардың туыстарымен, көршілерімен, әлеуметтік ортамен қарым-қатынасын қарастыру да маңызды. Сонымен аталған әдістерді қолдана отырып, бірұлтты және ұлтаралық некелер тұрақтылығын анықтаймыз.

Батыс Қазақстан тәуелсіз республикамыздың тарихи, мәдени, этносаяси аймағы ретінде ерекше орын алады. Батыс Қазақстан облысының территориясы — 151 339 км², яғни республиканың 5,6 % көлемін алып жатыр. Облысты солтүстіктен оңтүстікке қарай транзитті Жайық өзені кесіп өтеді, ол солтүстікте Орынбор облысымен, оңтүстікте Атырау облысы және Каспий теңізімен шектеседі. Республикамыздың екі облысымен және Ресейдің бес облысымен шекаралас орналасқан: солтүстікте - Ресейдің Орынбор облысымен, шығыста – Ақтөбе облысымен, оңтүстікте – Атырау облысымен және Ресейдің

Астрахань облысымен, батыста - Волгаград және Саратов облысымен, солтүстік-батыста – Самара облысымен шектеседі. Географиялық орналасуы облыстың экономикалық өрлеуіне қолайлы.

Қойылған мәселені шешу мақсатында Батыс Қазақстан аймағына этнодемографиялық сипаттама береміз. Себебі зерттеп отырған мәселені жан-жақты ашып көрсету үшін аймақтағы этнодемографиялық жағдайды анықтау міндетті.

1999 жылғы санақ мәліметі бойынша, облыс тұрғындарының саны – 616 800 адамды, ал 2009 жылғы санақ мәліметі бойынша 598 880 адамды құрайды¹.

Қала халқының саны 277 751 мың адам немесе облыс халқының 46,4 %, ал ауыл тұрғындарының саны — 321 129 адам немесе 53,6 % құрайды.

№1 кесте. Облыс халқының этникалық құрамы:²

Халық саны	1989 ж.	%	1999 ж.	%	2010 ж.	%
Барлығы	629494	100,00 %	616800	100,00 %	624280	100,00 %
Қазақтар	351123	55,78 %	399030	64,69 %	445937	71,43 %
Орыстар	216514	34,39 %	174018	28,21 %	140096	22,44 %
Украиндар	28092	4,46 %	19634	3,18 %	14900	2,39 %
Татарлар	12703	2,02 %	10104	1,64 %	9039	1,45 %
Беларустар	5112	0,81 %	3577	0,58 %	2691	0,43 %
Шешендер	1303	0,21 %	714	0,12 %	1695	0,27 %
Немістер	4550	0,72 %	2434	0,39 %	1496	0,24 %
Азербайжан	847	0,13 %	940	0,15 %	1200	0,19 %
Корейлер	631	0,10 %	731	0,12 %	801	0,13 %
Мордва	1883	0,30 %	1090	0,18 %	663	0,11 %
Баскалар	6736	1,07 %	4528	0,73 %	5762	0,92 %

Жоғарыда аталған барлық тарихи-демографиялық және әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жергілікті қала, ауыл тұрғындарының күнделікті өмірінің барлық салаларына тікелей әсер етеді. Әлеуметтік инфрақұрылымды құрайтын орта мектеп, мектептен тыс мекемелер, арнайы орта және жоғары білім алу жүйесі, байланыс орталықтары, медициналық және тұрмыстық қызмет көрсету орындары, мәдениет саласы мен бұқаралық ақпарат құралдары, кітап баспасы, мәдени-ағарту мекемелері де белгілі дәрежеде ықпал етеді. В.В.Гриценконың Солтүстік Қазақстан зерттеулері бойынша ұлтаралас некеден туылған балаларда өз ұлтын анықтауда екі түрлі сананың (түсініктің) қалыптасуы, олардың ұлтын анықтау мәселесіне қиналуы, өз ортасында олардың бөтен ретінде қабылдануы, нәтижесінде олардың да өзі сияқты аралас некеден туылған маргиналмен араласып, некелесуге тырысуы, ал бұл процестің өзі болашақ ұрпақтың мәселесін одан сайын күрделендіре түсуі³; ұлтаралас некеге қарсылықтың болуының негізгі себебі – бұл некеге түскендер мен одан туылғандардың тілді жоғалтуы, ұлттық некедегі әдепті, сыйластықты жоғалту, онсыз-ақ нарықтық заман қиындығымен трансформацияға ұшырап жатқан туысқандық әдептің, демек қандастық-туыстық байланыстың дағдару жағдайында ұлтаралық неке салдарынан туысқандық байланыстың үзілуі, өз ұлтының дәстүрін ұмыту қаупі⁴. Ұлтаралық некеге қарсылық ұлттың өзін-өзі сақтап қалуға тырысуынан туындайды. Бірақ қай ұлттың тарихын алсаңыз да аралас некелер белгілі бір деңгейде болған, қазіргі таңдағы көрсеткіштері Ю.В.Арутюнян, Л.М.Дробужева, А.А.Сусокулов және т.б. сияқты этноәлеуметтік

саламен бірге экономика саласының мамандарының еңбектерінен табуға болады. Бұқаралық ақпарат және ғаламторда жарияланған қазақстандық мамандар, саясаттанушылардың мақалаларында Қазақстандағы неміс ұлтының көзқарасы мен осы мәселедегі ұстанымын пайымдаған авторлар аралас некеге көп түспеуінің себебін неміс халқының Кеңес кезінде Қазақстан жеріне департация салдарынан келгендігін, яғни өз еркімен келмеген ұлттың өз болмысын сақтау жолындағы ұстанымы дейді. Бұл пайымдаудың да жаны бар. Корейлердің қазақ жерінде орналасуы, олардың бейбіт өсіп-өнуі себепті, олар қазақпен некелесуді дұрыс көретіні, тіпті өз ішінде қолдау табатынын жазады.

XX ғасырдың басынан бастап қазақтардың ұлтаралас некеге көзқарасының қалыптасуына себеп болған, әрине, кеңестік саясат, кеңес үкіметінің интернационалдық саясаты үлкен ықпал етті. Ал енді тәуелсіздік алған кезден бері сол саясаттың салдарынан, біртұтас тарихи тағдырымыздың қалыптасуына байланысты қазіргі аға ұрпақ, орта буын, өскелең ұрпақ көзқарасы да сол интернационалдық саясаттың салдары десе де болады. Қазіргі уақытта да ұлтаралас некелер көрсеткіші Ресей Федерациясында 15% береді. Қазіргі Ресей Федерациясы азаматтарының төлқұжатында «ұлты» деген бөлім алынып тасталған. Әрине Ресей мемлекеті бұны азаматтардың құқығын шектемеу, толық еркіндік мақсатында деп жоғарғы адамзаттық көзқарас білдіріп отыр. Ұлтаралық қатынаста, конфессияаралық толеранттылықты қалыптастыруда, әрине, бұл уақыт қажеттілігі. Құрамында 170-тен астам ұлт өкілі тұратын Ресей жағдайында бұл келісті де, үйлесімді де болар⁵.

Ал Еуропадағы осы мәселеге келсек, Лондон университетінің психология факультетінің маманы Султана Чоудридің «Coming of the chameleons: the emergence of a 'discourse of choice' amongst the children of south asian and white parents»⁶ (Хамелеондардың пайда болуы: Оңтүстік Азиаттар мен еуропалықтар некесінен туылған балаларда «таңдау жасау мәселесінің» туындауы) еңбегінде мысалы, Португалия, Ұлыбританияда ұлтаралас неке мәселесіне көзқарасы бірыңғай еместігін жазған. Бұл елдің тарихына үңілсеңіз, 1500 жылдары Үндістанды Португалияның отарлауы кезінде үнділіктер өз қыздарын португал, ағылшындармен некелесуіне қарсы болған, себебі олардың христиандықты қабылдауы қоғамда түсініспеушілік тудырған. Ұлыбритания жағдайында да ірі қолбасшылар мен әскерилердің үнді қыздарымен некелесуі де кең таралған. Ал XX ғ. 60 ж. Ұлыбритания азиаттар мен еуропалықтар некесінен туылған ұрпақтың мекеніне айналғанын айтады. Аралас некеден туылған ұрпақ идентификациясына байланысты мақаласында осы үрдіске екі жақты көзқарас айтады, яғни аралас некеден туылған ұрпақтың өзін кімге толық жатқызарын білмейтінін, осы «маргиналдың» өзі сияқты «маргиналды» іздейтіні, кейде өзін ағылшын, кейде индус деп санайтынын айтады. Тіл тазалығында, дәстүр тазалығында бұл жағдайдың салдарлы екендігіне назар аудартады.

Ал енді Батыс Қазақстан облысындағы аралас неке мәселесіне оралайық. Батыс Қазақстан облысында тұрғылықты тұратын бүгінгі таңдағы ұлттардың саны төмендегі 1-кестеде көрсетілді.⁷ Барлығы 598 880 адам.

№2 кесте



(Басқа ұлттар құрамында мордва, армян, башқұрт, молдаван, удмурт, чуваш, сыған және т.б.).

Батыс Қазақстан облысы бойынша ұлтаралық неке облыс бойынша көрсеткіші мынандай деңгейде⁸:

1994 жылы - 15,2 %	2000 жылы- 11,3 %	2006 жылы -12,5 %
1995 жылы - 14 %	2001жылы -11,3 %	2007 жылы – 12,3 %
1996 жылы -13,3 %	2002 жылы – 14 %	2008 жылы – 12,2%
1997жылы - 12 %	2003 жылы -14 %	2009 жылы -12,2 %
1998 жылы – 13,7 %	2004 жылы - 12 %	2010 жылы - 12 %
1999 жылы - 12,2 %	2005 жылы -13 %	

Демек, облыс бойынша 1994 – 2010 жылдар аралығында бұл үрдіс 11-15 пайыз аралығында болып отыр. Әрине, бұл көрсеткіштерге халықтың табиғи өсімі мен механикалық қозғалысы және Кеңес үкіметі ыдырағаннан кейінгі миграция әсерін ескеру қажет.

Тарихнамалық шолу барысында ұлтаралық неке мәселесіне зерттеушілердің көзқарасын үш топқа бөлуге болады; ол қолдаушылар, қарсылар және бұл мәселеге «болмай қоймайтын үрдіс» деген тұрғыда қарайтындар. Тарихнамалық шолу барысында ТМД кеңістігіндегі зерттеушілермен қатар шетелдік зерттеушілер көзқарастары да сараланды.

Зерттеу барысында Батыс Қазақстан облыстық АХАЖ-дың 1985 жылдағы мұрағат материалдарындағы жеке азаматтардың некелесу жөніндегі актілік жазбаларын және жеке өтініштерін қарастыру барысында ол азаматтардың тек Қазақ КСРО азаматы емес, бірі Қарақалпақ АКСР азаматы, бірі Азербайжан КСР азаматы болып табылатыны анықталды. Олардың көбі Батыс Қазақстан облысына жұмыс барысымен келген, уақытша тұрақтанған азаматтар болған. Кеңес заңдары бойынша егер екі азаматтың бірі сол жерге тұрғылықты тіркелген болса КСРО-ның территориясында некелесуге рұқсат етілген. Бұның өзі статистикалық деректердің аз болса да ауытқуын көрсетеді (ескертпе * белгісі туылған баланың бірнеше жылдан кейін басқа әкемен асырап алынғандығы және де оның бірінші әке ұлты басқа болған жағдайы көрсетілген).

1985 жылғы бірұлтты және ұлтаралық некелер саны мен осындай некеден туылған балалардың Батыс Қазақстан облысы бойынша саны төмендегі кестелерде анық беріп отырмыз.

Орал қаласы бойынша некелер тобын ұлт ерекшелігіне қарай шартты түрде төмендегідей бөлуге болады:

1-топта ірі ұлттық жұптар: қазақ-қазақ – 546, орыс-орыс - 1063;

2-топта орыс-украин - 86, орыс-қазақ - 22, татар-орыс - 45, украин-орыс - 93, беларус-орыс - 16, қазақ-орыс - 13, неміс-орыс - 21;


3-топта орыс-грек - 3, орыс-беларус - 6, мордвин-орыс - 9, молдаван-орыс - 6, неміс-неміс - 5, азербайжан-орыс - 6, азербайжан-қазақ - 6, қазақ-татар - 6;

4-топты жекелеген некелер құрайды (бір рет кездеседі). Олардың арасында келесі ұлттарды келтіруге болады: азербайжан-корей, азербайжан-татар, армян-орыс, молдаван-қазақ.

Барлығы - 2109 неке. Бірұлтты неке көрсеткіші - 77,8%, аралас неке көрсеткіші - 22,1%.


Орал қаласы бойынша 1985 жылғы бірұлтты некенің көрсеткіші – 1649 (78,1%), ұлтаралық некелер көрсеткіші - 460 (21,8 %), бірұлтты некеден туылған балалар көрсеткіші – 2697 (80,6%), ұлтаралық некеден туылған балалар көрсеткіші - 649 (19,3 %).

№3 кесте ⁹



Бірұлтты некенің көрсеткіші – 66,6%, ұлтаралық некелер көрсеткіші - 33,3%.

№4 кесте



Бірултты некеден туылғандар көрсеткіші - 66,6% , ұлтаралық некеден туылғандар көрсеткіші - 33,4%. Барлығы – 51 бала.

№5 кесте



Бірултты некенің көрсеткіші – 60%, ұлтаралық некелер көрсеткіші – 40%. Барлығы – 15.

№6 кесте




Бірултты некеден туылғандар көрсеткіші – 70,3% , ұлтаралық некеден туылғандар көрсеткіші - 29,6%. Барлығы – 27.

№7 кесте



Бірұлтты некенің көрсеткіші – 76,4%, ұлтаралық некелер көрсеткіші - 23,5%. Барлығы – 17.

№8 кесте



Бірұлтты некеден туылғандар көрсеткіші – 83,3%, ұлтаралық некеден туылғандар көрсеткіші - 16,6%. Барлығы – 60.


(*1985 жылы баланың әкесінің фамилиясы мен ұлты өзгертілген, яғни асырап алған, тегі қазақша).

№9 кесте



Бірултты некенің көрсеткіші - 53,3% , ұлтаралық некелер көрсеткіші - 46,6%. Барлығы – 15.
(*қазақ-қазақ арасында ажырасу – 1)

№10 кесте



Бірултты некеден туылғандар көрсеткіші – 48,8%, ұлтаралық некеден туылғандар көрсеткіші - 51,1%. Барлығы – 45

№11 кесте



Бірұлтты неке көрсеткіші - 62,2% , ұлтаралық неке көрсеткіші - 37,7%.
барлығы – неке саны 53, ажырасу – 9.

№12 кесте



Бірұлтты некенің көрсеткіші – 60,8%, ұлтаралық некелер көрсеткіші - 39,1%. Барлық неке саны – 23, ажырасуы – 5.

Сонымен, жалпы Батыс Қазақстандағы ұлтаралас некеге отыру объективті және субъективті факторларға байланысты түсіндіріледі. Біріншіден, облысымыздың тарихи, этномәдени дамуының нәтижесі. Ол түрлі этникалық, мәдени-тұрмыстық көрсеткіштерді бойына сіңрген көптеген этностардың араласу орталығына айналды [14]. Ұлтаралық қатынасты дамыту үшін мемлекет ұлттар арасындағы бірлікті нығайтты. Бұл шығу тегі, діні, мәдениеті жақын этностардың (шығыс славян халықтары орыс, украин, беларус немесе түркі тілдес халықтардың арасындағы қазақ, өзбек, татар, ұйғыр арасындағы) ұлтаралас отбасын құруына әкелді. Этномәдени көрсеткіштері қарама-қайшы европалық этноспен түркі этносынан құралған отбасылардың тұрақты неке құруы қиын. Себебі, жұбайлардың отбасылық тәрбиесі, мәдени құндылықтары екі бөлек. Керісінше, туысқан этностармен құрған ұлтаралас отбасының тұрақты

болуы әбден мүмкін. Екіншіден, саны жағынан аз этностардың неке құруда өз этносының өкілінен екінші жұбын таңдаудағы шектеулік. Ал осы ұлтаралық некелерден туылған балалар өздерін қай ұлтқа жатқызатыны, қай ұлттың тілін, мәдениетін ұстанатынын әлеуметтік сауалнамадан көреміз.

Соған қарамастан біз тұрақты некемен қатар, тұрақсыз отбасыларды кездестіреміз. Нақты дәлел, жоғарыда келтірілген мәліметтер негізінде ұлтаралас неке тұрақсыз деп айта аламыз. Бұл жерде объективті сипат қажет. Бұл мәселе әлі де терең зерттеуді қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. 2009 жылғы ҚР халқының Ұлттық санағының қорытындылары. I-том. Статистикалық жинақ/ редакцияны басқарған Ә.А.Смайылов/ Астана, 2011-102 бет.
2. <http://www.stat.kz>
3. Гриценко В.В. Этнические факторы в жизни общества. М., 1991г.
4. Мейрманова Г.А. Основные принципы казахского этикета и его трансформация. Сборник II Международной научной конференции
5. Арутюнян Ю.В. Этносоциология. М., 1998. 271 с.
6. Султана Чоудри «Coming of the chameleons». Лондон. 2010г.
7. Перепись населения Республики Казахстан 2009 года. Краткие итоги. Астана, 2010. – 110с. Статистический сборник /под ред. А.А.Смаиловой/, БҚО демографиялық жылнамалық).
8. По материалам сводного отчета ЗКО управление статистики. За 1994 по 2010гг.
9. Актовые записи ЗКО ЗАГС за 1985г. по районам. (62 книги)
10. Іс №7.1-6. Табиғи және механикалық қозғалыс көрсеткішінің негізгі серпіні. ҚР Статистика жөніндегі агенттігі Батыс Қазақстан облысының статистика басқармасы.
11. Арутюнян Ю.В. Социально-культурные аспекты развития и сближения нации в СССР (программа, методика и перспектива исслед.) // Совет. этнография. – 1972. – № 3. – С. 11-16.
12. Дробижеева Л.М. О применении конкретно-социологических исследований для изучения национальных отношений // Актуал. проблемы истории нац. гос. стр-ва. – М., 1968.
13. Гриценко В.В. Факторы устойчивости национально-смешанных и однонациональных браков: М., 1998. – С. 6-9.
14. Исмагулов О.И. Население Казахстана от эпохи бронзы до современности. А: Наука, 1970.

В этой статье разрабатываются и оцениваются показатели однонациональных и межэтнических браков в моноэтнических и полиэтнических районах Западно-Казахстанской области на основании архивных и статистических данных (1985-2010 гг.).

In this article factors of one national and mixed ethnic marriages are developed and valued in monoethnic and polyethnic regions of West-Kazakhstan (1985-2010).

ӘОЖ 78.0712

*Сабыргалиева Н.Б. – магистрант,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ*

КҮЙ ӨНЕРІ ЖӘНЕ ҚАРШЫҒА АХМЕДИЯРОВ

Батыс өңірі - бармағынан бал тамған күйші Дина Нұрпейісованың, халықтан шыққан тума талант, құдіретті композитор Құрманғазы Сағырбаевтың, майталман күйші, сазгер Сейтектің, дүлей күйдің авторы, сазгер Дәулеткерейдің, семсер жырдың шебері атанған, театр шебері Қадияша Бөкееваның, сұлу сазды, асқақ әндерінің иесі, атақты Мұхиттың қазақ әндерінің орындаушыларының ішінде өзіндік орнын қалыптастырған құдіретті әнші Ғарифолла Құрманғалиевтің елі. Ұлы күйші, сазгер, зерттеуші, ұстаз, ғалым, тарлан талант иесі Атырау өңірінің тумасы, есімі игі қазақ даласына сіңіп, дүние жүзіне танымал болған өр тұлға - Қаршыға Ахмедияров. Ол бала жасынан домбыраға әуес болады. «Өнерлі өрге жүзер» - демекші, әрбір адамның өмірде тұлға болып қалыптасуына, біріншіден, тума таланттың ықпалы болса, екіншіден, басқа бір өнер саңлағының әсер ететіні хақ. Күй киесі Қаршыға Ахмедияров Алматыдағы мал дәрігерлік институтында оқып жүрген кездерінде студенттік кештердің ешқайсысы Қаршыға ағаның қатысуынсыз өтпеген. Сондай концерттердің бірінде, күйші Құрманғазы атындағы оркестрдің бас дирижері Ш.Қажығалиевтің назарына ілігеді. Осыдан соң оның өнердегі жолы ашылып, музыка әлеміне енді. Бойдағы талант пен еңбектің ұштасуынан ұлы композитор-дирижер дәрежесіне жетті. Әрине, күйшінің өрлеу баспалдағы Атырау топырағында басталды. Қаршыға Ахмедиярұлы 1946 жылғы 25 наурызда қазіргі Атырау облысы, Махамбет ауданы, Тандай ауылында дүниеге келді. Ол жеті жасынан бері өнер қонған әулеттің ұрпағы еді. Әкесі Ахмедияр да аңшы, сері, күйші әрі әнші еді. Өнер саңлағы Қаршыға Ахмедияров 1972 жылы Алматы мемлекеттік консерваториясының халық аспаптар факультетін бітірген. Осы консерваторияда оқи жүріп, Қали Жантілеуов, Құбыш Мұхитов, Уәли Бекенов сияқты күй майталмандарынан дәріс алып, үлкен өнер жолына түседі. 1986-1988 жылдарда Мәскеу қаласында Жоғары дирижерлік курста оқыған. 1967 жылдан бастап Құрманғазы атындағы академиялық халық аспаптар оркестрінде домбырашы, концертмейстер, жеке домбырашы әрі көркемдік кеңестің мүшесі қызметтерін атқарады. 1974 жылдан Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясында педагогикалық қызметпен айналысады. 1994 жылдан профессор, 1996 жылдан домбыра кафедрасының меңгерушісі болып қызмет істеген. Қаршыға Ахмедияров ұстаздық қызметінде жас өнерпаздарды күй өнеріне баулып, домбыра тартудың қыр-сырын үйретті. Ол шәкірттерінің арасынан бірнеше шебер күйші-орындаушыларды тәрбиелеп, өзінің дәстүрлі мектебін қалыптастырды. Құрманғазы мен Дина туып-өскен топырақтан нәр алған домбырашы аса дарынды күйші ретінде елге танылып, халықтың шексіз ықыласына бөленді. Оның орындаушылық шеберлігіне шетелдік көрермендер талай рет тәнті болды. Әйгілі күйшінің өнеріне АҚШ, Жапония, Франция, Куба, Швеция, Италия, Финляндия, Үндістан, Швейцария, Норвегия, Польша, Португалия, Чехия, Венгрия, Йемен, Ангола және басқа да көптеген елдердің көрермендері ықыласына қол соқты. Белгілі музыка мамандары оның өнерін өте жоғары бағалады. Қ.Ахмедияровтың репертуарында халық композиторларының шығармалары бар. Ол өңдеген халық композиторларының және қазіргі композиторлардың шығармалары түрлі концерттерде тұрақты түрде орындалып

жүр. Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестрінің мәртебелі сахналары өнер көрсетіп, беделінің биіктей түсуіне күйші үлкен үлес қосты. Қаршыға Ахмедияров дарынды домбырашы, дәулескер күйші ғана емес, композитор ретінде де жұртшылыққа кең танымал болды. Оның «Шашақты найза, шалқар күн», «Шынар», «Табыну», атты күйлер жинағы елден лайықты бағасын алды. Қаршыға Ахмедиярұлы - «Нарын», «Қуаныш», «Сағыныш», «Атамекен», «Атырау», «Ақ қайың», «Желдірме», «Қайран әке», «Жырау», «Ғазиза», «Қазанғап Ақжелең», «Шамғон Ақжелең», «Раушан гүлім», «Би», «Алтын ұя», «Шабыт», «Елбасы», «Нұрғиса», «Құрдастар», тағы басқа бірнеше белгілі күйлердің авторы. Бұл күйлер қазақ халқының рухани қазынасына қосылған құнды дүниелер болып саналады. Күйші Қаршыға өзінің дара талантымен, айрықша қабілетімен «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі» музыкалық антологиясын әзірлеуге өлшеусіз үлес қосты. Қаршыға Ахмедияров мәдениет пен өнердегі еңбегі үшін Мемлекеттік сыйлыққа ие болған, «Парасат» орденімен марапатталған [1,-73-74.].

Қаршыға күйлері ел мен жердің тағдыр-тарихына өзі өмір сүрген заман мен қоғамның қасиет болмысына, сол заман мен қоғамның тұлғаларына арналып, автордың азаматтық кредосын айғақтап отырды. Сазгер күйші-композитор ретінде киелі шартты бұлжытпайды, қасиетті дәстүрден аттамайды. Ол күйші – композитор ретінде, барды биіктетуші, болғанның өмірін ұзартушы, дәстүрді дамытушы. Қаршыға өнерінің ауқымдылығы мен суреткерлігінің тереңдігі соншалық оның бойындағы бұла дарынды өзі туып-өскен бір ғана Атырау алабымен шендестіріп қарастыру жеткіліксіз. Суреткердің туып-өскен жері болады да, қалыптасқан ортасы болады. Ол - иісі қазақтың ұлы өнері - күйшіліктің барша жазықтығы мен тереңдігін еркін игерген, игере отырып ілгері дамыта алған біртуар құбылыс [2, - 723б]. Қазақтың асыл мұрасы - күйшілік дәстүрді насихаттауға, дамытуға сіңірген еңбегі үшін, өнерге жанашырлығы, адалдығы үшін кіндік қаны тамған игі Атырау халқы емес барша қазақ халқы Қаршыға Ахмедияровты мақтан тұтады. Өйткені, оның қайталанбас өнерінің, өнегеге толы өмірінің жас ұрпақ үшін тағылым аларлық тұстары өте көп. Домбырашының күй өнерін дамытудағы ерен еңбегіне жас ұрпақ тамсанады да үлгі етеді. «Күй – қазақтың киелі өнері», - деп қазақ халқы айтқандай күй өнерін насихаттаумен, дамытумен шектелмей, қазақ күйлерінің шығу тарихын терең зерделеп, зерттеуге көп көңіл бөлген. Соның ішінде Қаршыға ол Махамбеттің күйлерін іздеп тауып, зерттеген еңбегі күй өнері тарихына қосылған өлшеусіз үлес деп айтуға болады. Махамбет күйлерінің шығу тарихын зерттеп қана қоймай, оларды нотаға түсірген де - Қаршыға Ахмедияров. Күйші талантының тағы бір қыры оның композиторлығы болып табылады. Әрине, орындаушылық шеберлігіне қарағанда бұл жөніндегі танымалдығы сәл кейіндеу тұрған тәрізді көрінуі мүмкін. Бірақ кәсіби тұрғыдан зерделіп, талдап қарайтын болсақ, осы саладағы жетістіктерінің жөні бір бөлек, таланты мен білімінің тең түсетін тұсы да осы екендігіне дау жоқ. Оның тырнақалды туындылары сонау алпысыншы жылдардың бас кезінде дүниеге келді. Қазір оның төл туындыларының басым бөлігі беделді деген концерттік сахналарда орындалып жүр. Қаршыға Ахмедияров тақырыбы және стилі жағынан әртүрлі 50-ден аса күй шығарған екен. Оның шығармашылығы күйдің төкпе және шертпе бағытында қатар өрледі. Оның біріншісі басымдау екені де рас. Күйші шертпе күй желісіне Батыс Қазақстан дәстүрлі домбыра өнерінің кейбір ерекшеліктерін шеберлікпен қиюластыра білген. Стильдік байланыс күйдің екпіндік, иірімдік, әуендік негіздерінен көрінеді. Төкпе дәстүрінде шыққан туындылары өзгелеріне

қарағанда соқталы келеді. Бұл орайда домбырашы Құрманғазы, Дина мектебінің бірден-бір жалғастырушысы ретінде тұлғалана түседі. Бұл дәстүрдегі барлық күйлері өзінің терең мазмұнымен, өзіндік үлгісімен ширыққан шарықтау шегімен, аяқталу бөлімдерімен ерекшеленеді. Оның әрқайсысын автордың жеке стилі ретінде қарастыруға болады. Мұндай ерекшеліктер күйдің болмысына, мазмұнына қарамай әр кез қолданылып отырды [3,-8-9бб.]. Күй өнерін зерттеуші К. Сахарбаева күйшінің шығармашылығын төрт түрлі бағытта қарауға болатындығын атап көрсетеді. Олар: 1. Қазақтың музыка мәдениетінде, орындаушылық саласында өзіндік ерекше мектеп қалыптастырған күйшілік өнері; 2. Құрманғазы, Дина, Қазанғап, Дәулеткерей, Абыл, Өскенбай, Тәттімбеттер дәстүрінде көптеген тамаша күйлер шығарған композиторлығы; 3. «Шашақты найза, Шалқар күй», «Әсем қоңыр», «Сары арқа», «Жігер» тәрізді әлденеше күй жинақтарының авторы және сондағы күйлердің жинаушысы, зерттеушісі; 4. Халықаралық, Республикалық сайыстардың жүлдегерлерін, бүгінде қалың жұртшылыққа танымал шәкірттер дайындаған ұлағатты ұстаз [3,-3б]. Ахмедиярұлы Қаршыға қос ішекті домбыра арқылы қазақтың күдірет өнері - күй өнерінің бағын ашып, байлығын еселей алған өрісін ұзартып, өресін биіктете алған санаулы саңлақтардың бірі - Қаршыға домбыра тартып, күй шалғанда, әрбір қазақ оның шеберлік-шалысына таңдана отырып, «біздің өнеріміз осындай» дегізетін мақтанш сезіміне бөленеді. Ол күй өнерінің шек-шекарасын өзіне дейінгі аядан анағұрлым кеңейте алды. Күйді қазақ халқының мәдени-рухани өресіне айғақ етіп, дүйім дүниені аузына қаратты. Оның арқалы өнеріне алты құрлықтың алқалы тыңдаушысы ағынан жарыла қол соқты. Күйші 1981жылы Америка тыңдаушыларының алдында Құрманғазының «Ақбай» күйін тартқанда шатырлата қол соғып, дүйірлете жер тепкілеген жұртшылық «Авторын шақыр» деп отырып алған сәттер де болған [2,-721-725бб.]. Қаршығаның домбыраның үнімен өз елін ғана сусындатып қойған жоқ, сол аспаптың таңғажайып қасиетін әлем елдерінде теңдесі жоқ шеберлікпен сөйлетіп, таңдандыра алған санаулы дүлдүлдердің бірі екендігін, міне, осыдан да көруімізге болады. Ел арасында «Қаршығаның домбырасы», «Қаршығаның мәнері», «Қаршығаның мектебі» деген ұғымдар қалыптасты. Бұл - халықтың өнер шеберіне деген сүйіспеншілігі, ықыласы. Бар өмірін өнер жолына арнаған академик А.Жұбанов Атырауда болған бір сапарында сөйлеген сөзінде «Атырау Жайықтың сылдырлап аққан әр толқыны бір күй. Бұл өлкеде тұрып домбыра ұстап күй тартпаған жанда сезім де болмауы мүмкін, бұл өңір адамды әр кез өнерпаз ететін өлке»- деген болатын. Атырау өлкесінде «әу» демейтін жан, домбыра ұстамайтын адам жоқ. «Шынында да Атыраудың сағасына, Жайықтың жағасына барсаң құлағыңа бір сүйкімді әуен келеді, қолыңа домбыра алып, күй тартқың келеді, мен Құрманғазы, Дина топырағында тудым деп әлемге естілгенше айғайлағың келеді, өйткені күмбірлеген күй келеді құлаққа, сол күй құйып жатқандай өнер деген бір мұхитқа», - дейді белгілі өнер қайраткері, жазушы Б.Қорқытов[4,- 54-55бб.].

Қорыта келе, Ақжайықтың тума таланты, қазақ өнерінің дүлділ орындаушысы, белгілі зерттеуші және күйші, ұлағатты ұстаз, ғалым Қаршыға Ахмедияровтың халық арасында есімі мәңгі сақталмақ, өйткені, Қаршыға мына өмірге жәй келіп-кеткен жан емес. Қазақтың ұлан-асыр музыкасының бір саласы - күй өнерін дүбірлетіп, шалқытып өтті. Қазақтың қоңыр домбырасының шанағынан төгілген күмбір күйді классикалық деңгейде әлем сахнасына шалқытқан бірегейлердің бірі болды. Қаршыға Ахмедияров бүгінгі кәсіби домбырашылардың бастауы болды. Ежелден келген домбырашылар сияқты, тек қана бір дәстүрді ұстанған жоқ. Оның орындауында алға ұмтылған батыс

күйлері, лирикаға толған шертпе, басқа да шығыс туындылары - бәрі де бірыңғай асқан шеберлікпен орындалған. Бұл шығыстан батысқа дейін, түстіктен терістікке дейін жинап, басын қосқан қазақ домбырашылық өнері болды. Жастарды өнерге баулуға, өнерді қадір тұтуға шақырды. Қорыта айтқанда, қазақтың ардақты перзенті, дарабоз күйші Қаршыға Ахмедияров қазақтың асыл мұрасы - күйшілік дәстүрді насихаттауға, дамытуға, күй өнерін зерттеуге көп үлес қосты. Өйткені, Қаршыға Ахмедияров - дәстүрлі және кәсіби өнердің көрнекті тұлғасы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері. Астана: «Күлтегін», 2002.-832 б.
2. Сахарбаева К. Қаршыға Ахмедияров. «Шынар» Алматы: «Дайк Пресс», 1999.-179 б.
3. Сахарбаева К. Атырау - ән-күй мұхиты. Алматы: «Дайк – Пресс», 2001.-782 б.
4. Арын Е.М. Қазақ өнері энциклопедия. Алматы: «Білік», 2002.-800 б.

В статье освещается образ великого күйши, талантливого музыканта, композитора, педагога, ученого, исследователя Каршыги Ахмедиярова, воспоминания о котором сохраняются в памяти народа.

The image of the great kysht, the talented musician, composer, educational specialist, scientist, investigator Karshyga Ahmediarov remainont the memory of the own people.

ПЕДАГОГИКА

УДК 37.01

*Сарсенбаева Б.И. – д.п.н., доцент,
ЗКГУ им.М.Утемисова*

К ИСТОКАМ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО НАСЛЕДИЯ

Если исходить из общепринятого понимания цивилизации как определенного уровня материальной и духовной культуры, достигнутой в ходе истории разных человеческих сообществ, то можно говорить, что в рамках единого историко-педагогического процесса человечество прошло, по крайней мере две «цивилизационные ступени» и сейчас находится на подступах к третьей. Первая – это ступень, которую мы назовем *природной педагогикой*. По времени она соответствует периоду первобытного общества. Археологические, этнографические, антропологические и прочие свидетельства позволяют с уверенностью предполагать, что тогда «педагогическая деятельность» была органично вплетена в естественный поток жизни ребенка и взрослого. Каждый член общества был причастен к передаче и приобретению знаний, умений, навыков, опыта отношений, необходимых, чтобы выжить.

Становление человека протекало, как бы мы сказали сегодня, в режиме свободного развития. Справедливо отмечается, что в естественной эволюции человеку как неотъемлемой части живого вещества Земли присущи непосредственное восприятие природной среды, знание ее «предупреждающего языка» (см.: Казначеев В.П., Михайлова Л.П. Биоинформационная функция естественных электромагнитных полей. Новосибирск, 1985. С.93). Ребенок и взрослый умели видеть, слышать, ощущать, пользоваться для общения друг с другом так называемой дискантной связью. Природа и человек выступали как информационный знак. В ходе передачи опыта трудовой деятельности осуществлялось формирование именно человеческого образа жизни. Люди накапливали способы обретения и сохранения «человеческого качества» в его нынешнем философском понимании.

Ребенок и его воспитатели жили не прошлым и будущим, а «здесь и сейчас», пользуясь теми знаниями, умениями, навыками, которые были необходимы в каждый конкретный момент, выполняя лишь те социальные функции, которых требовала данная ситуация. В рамках первобытной общности регуляция поведения была регламентирована инстинктом, облеченным в некую этическую форму (правила-запреты). Тогда просто не было вопроса о содержании воспитания-обучения. Этим содержанием была сама жизнь, а основными методами – подражание, упражнение, естественный, так сказать, эксперимент. Педагогическая сущность всех названных процессов еще была скрыта от их участников, поскольку индивидуализированный субъект этой деятельности просто отсутствовал.

Естественный характер ситуации научения породил и первые способы ее дифференциации по половой принадлежности, трудовой специализации,

физическому развитию, функции в семье. Как только это стало происходить осознанно, человечество продолжило свой путь уже в рамках репродуктивно-педагогической цивилизации. Ее отличительная черта – целенаправленная передача опыта «отцов» к «детям» средствами специально организованного педагогического процесса. И по сей день человеческие общности в самых разных точках Земли занимаются в общем-то одним делом – воспроизводят, совершенствуют, изобретают наилучшие способы передачи информации от поколения к поколению. Конечно, средства такой передачи непрерывно усложняются. Вместо природных материалов, на которых первобытные люди запечатлевали свое видение окружающего мира, вместо языка звуков, жестов, запахов предложены Знаковые системы, кодирующие все более усложняющийся опыт, облегчающие его консервацию и передачу.

К настоящему времени произошло почти полное замещение природных способностей человека к познанию мира с помощью себя самого искусственными устройствами, «неживой» природой. В результате человек конца XX в. обречен на посредничество в приобретении знаний. Между ним и миром стоит своеобразная «дидактическая стена», степень проницаемости которой в плане «чистоты информации» бывает самой различной. Идет постоянное ослабление, затухание, искажение информационных сигналов, исконно связывающих человека с природой. Создан условный мир, в котором по существу полностью нарушена та мера информации, которая определяла все путешествующие этапы ученичества человеческой особи.

С одной стороны, постоянно усиливается информационный поток, буквально оглушающий нас со всех сторон. С другой – содержание опыта, приобретаемого в учебных заведениях, становится все более оторванным от реальных нужд и потребностей человеческой индивидуальности. В рамках репродуктивно-педагогической цивилизации речь идет о выработке неких условных, конвенциональных требований к содержанию образования и критериям образованности. В контексте определенной социо-культурной ситуации специалисты «договариваются» о том, какой объем знаний, умений, навыков, отношений, оценочных суждений следует считать эталонным, каковы те поведенческие нормы, которые характеризуют ожидаемый эффект воспитанности.

Сохраняется ли при этом качество человека как совершенно особого космо-биосоциального феномена, исторически конкретного существа, никого особо не заботит, ибо на данной ступени педагогической цивилизации акцент делается прежде всего и главным образом на социальных задачах воспитания и образования. Природное, а тем более космическое начала отступают на задний план. Вследствие нарушения допустимой для человека информационной меры нарастают процессы его отторжения, отчуждения от неорганичного его природе знания. Включаются защитные механизмы, ограждающие от избыточности предлагаемого содержания образования. Это – своеобразная плата за пренебрежение к природе человеческого познания.

Было бы несправедливо не заметить громадного опыта, накопленного «школой учебы» по мере развития репродуктивно-педагогической цивилизации. Многие века люди учились учиться в самых разнообразных формах. Однако смысл педагогической деятельности по сути оставался и остается по сей день прежним – воспроизведение нормативных моделей мышления, поведения, отношений.

Сегодня мы располагаем целым арсеналом всевозможных педагогических технологий. Человечество научилось эффективно дифференцировать и специализировать любые педагогические процессы: по уровню физического и интеллектуального развития, социальному и национальному признаку, по интересам и потребностям личности. Педагогическая деятельность стала занятием профессионалов, проходящих специальную длительную подготовку. Как механизм рефлексии общества над реалиями социализации возникла педагогическая наука, представляющая в настоящий момент довольно разветвленную область знания. Накоплен обширный материал, позволяющий обнаружить определенную логику, общие и специфические тенденции в развитии мирового педагогического опыта.

Оглядываясь назад, нельзя не задать вопрос: как же человечество «умудрилось» превратить идею о Школе радости в учреждение, где, по меткому замечанию одного из мыслителей, учителя отвечают детям на вопросы, которые они не задают. Думается, одна из причин тому – постепенное отчуждение большей части людей от смысла педагогических процессов, направленных изначально на воспроизведение «человеческого качества», но постепенно превратившихся в производство, работающее на достижение чисто количественных показателей. Многие ли задумываются над истоками образовательных традиций, которым слепо следуют каждый день? Догадываются ли родители, в соответствии с какими закономерностями происходит развитие их ребенка? Каждый ли учитель в состоянии точно сформулировать цель своей профессиональной деятельности? Какая часть цивилизованного человечества осознанно воспринимает информационно-формирующее влияние Вселенной и может с ним взаимодействовать?

Педагог, став дипломированным специалистом-профессионалом, и в конце XX в. остался все тем же «рабом, ведущим ребенка». Рабом в смысле своей несвободы в деле созидания Человека, несвободы, обусловленной рамками государственной политики, социальным заказом общества. По мере развития цивилизационных процессов возрастает функциональная специализация, в том числе и в педагогической среде. Ученый, методист, учитель-практик выполняют разную работу. В силу этого в реалиях обучения-воспитания раздельно существуют научные теории, технологии, построенные на определенных закономерностях взаимодействия с человеком, практические способы, которыми наошупь продолжает пользоваться учитель, косные традиции «здорового смысла».

Еще одна характерная черта репродуктивно-педагогической цивилизации – монополия на информацию со стороны отдельных социальных групп, использование обучения как средства селекции, искусственного блокирования по отношению к части населения процесса развертывания «человеческого качества» во всей его полноте.

Вместе с тем проявляется забота о поддержании этнически обусловленных образовательных моделей, демонстрирующих разнообразие возможных для человечества путей познания Мира и себя в этом Мире.

Несмотря на колоссальный опыт, аккумулированный на протяжении двух названных выше цивилизаций, мировое педагогическое сообщество в целом оказалось не готовым к положению, которое начинает складываться на рубеже XX и XXI столетий, ибо оно по многим параметрам качественно отличается от социокультурной и образовательной ситуаций предшествующих веков.

Прежде всего, меняется ценностно-смысловое понимание сути педагогических процессов, поскольку стало неясно, что же

репродуцировать. В постоянно меняющемся мире, при существующей динамике социальных условий, в ситуации экологического кризиса и необходимости формирования глобального мышления речь идет уже не о передаче опыта, а о необходимости обеспечить выживание человечества. Сегодня это представляется возможным лишь в процессе совместного переосмысления «отцами» и «детьми» прошлого опыта и создания нового в системе отношений, построенных по принципу ценностно-смыслового равноправия.

- бір сыныппен жұмыс істегенде сабақтың мақсаты, логикалық құрылымы оқушы мен оқытушыға бірдей, ал бірнеше сыныппен жұмыс істеуде бір сабақ әрқайсысы бір сабақ ретінде бірнеше кішкентай сабақтардан тұрады да, мұғалім бір күнде 8-16 сабаққа, оның әр бөлігін санағанда, 32-40 сабақшаларға, олардың логикалық байланысы әр кезеңнің мақсаты мен міндетіне қарай уақытында тиянақты дайындалуы қажет.

- бір сабақтың үстінде мұғалім әр түрлі жастағы, ой-өрісі мен білім дәрежесі әр түрлі оқушылармен жұмыс жүргізеді, сондықтан ол балалардың психологиясын жақсы білуі тиіс;

- шағын жинақты мектептер орта мектептерден алшақ орналасады, сондықтан мұғалімнің басқа оқытушылардың сабақтарына қатысып, араласу, тәжірибе алмасу, үлгі алу мүмкіндіктері аз болады, шындалудан гөрі жауапкершіліктері төмендеп, сабақ тиімділігін төмендету қаупі туады.

- мұғалім сабақ барысында ұйымдастырылатын өздік жұмыстардың мазмұнын, көлемін, оларды орындау әдіс-тәсілдерін түрлендіріп, оқушылардың білім деңгейіне, жас ерекшеліктеріне, орындау жылдамдықтарына қарай лайықтап, орындау уақытын белгілеп, оны тиянақты болмауды ойластыруы қажет. Өз бетімен жұмысты орындау әрбір оқушыға түсінікті болуы керек және де көрнекі құралдар, карточка, перфокарта, дидактикалық материалдар саны барлық балаларға жететіндей болуын қадағалау керек.

ШЖМ-ның бірнеше өзіне тән тиімді жақтары да бар:

- балалардың саны аз, сондықтан мұғалім әрбір оқушыны, оның қызығушылығын арттыруына, отбасын тез, жақсы тануына көп мүмкіндік бар.

- дәптер тексеруге, жеке-дара өздік жұмысқа арналған жаттығулар іріктеуге аз уақыт жұмсалады.

- оқушылардың тәртіп бұзушылығы аз болады.

- оқушылар бірінші сыныптан бастап, өз бетімен жұмысқа бейімделеді.

- бір оқу бөлмесінде күнделікті бірге болғандықтан, жоғары сынып (3-4) оқушылары кіші сынып оқушыларына көмек береді.

- әрбір баланың білім деңгейлерін анықтап, олардың білім, білік, дағдыларының деңгейлерін көтеруге мүмкіндік мол.

- аталмыш мектеп мұғалімі пәнаралық байланысты жүзеге асыруға, кеңінен қолдануға тырысады.

- ШЖМ сыныбына «топтық изоляция» тән. ШЖМ жағдайында жай мектеппен салыстырғанда кез келген кластағы балалардың жеке дара психологиялық ерекшеліктері (қабылдау, ес, қиял, т.б.) өзгеше болады. Ол көлемі бойынша біршама шағын, бірақ әртүрлі сипаттары бойынша тығыз, бұл мұғалімге оқыту үрдісін дараландыруға мүмкіндік береді. Нақты мүмкіндіктерге сәйкес оқушыларды топтауға болады: аса жоғары, жоғары, орта және төмен оқу мүмкіндіктері бар оқушылар. ШЖМ-да бірінші топтар өте сирек болса, негізінен орта және төмен оқу мүмкіндікті оқушылар басым болады. Оқушылар санының аз болуы балалардың жеке-дара ерекшеліктерін тереңірек зерттеуге және ескеруге мүмкіндік береді, үй жағдайын жақсы білуге, сабақ сайын әр

оқушыны тыңдауға, осы арқылы БІД деңгейін уақытында анықтауға мүмкіндік береді.

ШЖМ-ның жоғарыда келтірілген артықшылықтарымен қоса, кемшіліктері, кері жақтары да бар:

- мұғалімдер ұжымының аздығына қарай, әрбір мұғалімнің шығармашылық белсенділігінің артуына жол болмайды;
- сабаққа дайындалуда оқытушы шектен тыс жүктеме орындайды;
- мұғалім әрбір сыныппен сабақтың белгілі бір бөлігінде ғана жұмыс жасауға мүмкіндігі бар, ал қалған уақытта тек оқушылардың өздік жұмысын ұйымдастыруға, оны басқаруға ғана жұмсалады;
- мұғалімнің зейіні екі немесе одан да артық сынып оқушыларына бөлініп отырады;
- өзіндік жұмысты орындау барысында оқушылар мұғалім тарапынан жеткілікті мөлшерде көмек ала алмайды;
- белгілі бір жастағы балалар болмағандықтан, ұжымдық жұмыс ұйымдастыруға мүмкіндік жоқ;
- оқушылардың өздік жұмысы басқа сынып оқушыларының шуылы, кедергі жасауы барысында жүргізіледі, мұның өзі оқушының тапсырманы түсіне отырып орындауына кері әсер етеді;
- ШЖБМ оқушылары көпке дейін өз ойын ашық айтуға, қандай да бір мәселені ауызша талдауға, өзгенің талдауын, талқылауын, ойын тыңдаудан кенде, кейін қалады;
- Н.П.Фетискин зерттеуінде ШЖМ оқыту үрдісі біршама байқалатын теріс психо-эмоциональдық жағдай фоны жүзеге асады. Мәнбермеушілік (35% зерттелушіде), ерігу (30%), жылаңқылық формасындағы аффект (18%), мазасыздану (14%), психологиялық тойыну (6%), монотондық (10%).

Олардың кейбіреуіне сипаттама бергеніміз дұрыс шығар. Оның ішінде монотондық – тұлғаның психофизиологиялық және еңбектік белсенділігінде негативті бейнеленетін түрткілік-мақсаттық деңгейде теріс өзгерістерімен байланысты және біртүрлі жағдаймен байланысты арнай емес психикалық жағдай.

Психологиялық тойыну - әрекетке деген шекті негативті қатынастың фонында туындайтын психологиялық жағдай, ол осы жағдайды ұзу ұмтылысымен, жоғары психофизиологиялық мазасыздық пен жұмыстың тиімділігінің төмендеуімен байқалады.

Н.П.Фетискин оқу үрдісіндегі төмен эмоциональдық фонның дидактикалық, ұйымдастырушы-әдістемелік және психологиялық детерминантты себептерін көрсетеді. Мұндағы психологиялық детерминанттар:

- Оқуға деген қызығушылықтың болмауы.
- Танымдық қызығушылықтың төмендеуі – психологиялық тойыну мен эмоциональдық және физикалық жүктеменің артуы салдарынан.
- Өзін тыңдай, ұйымдастыра білмеу.
- Толыққанды сынып ұжымының болмауы.

ШЖБМ бағдарламасын өз деңгейінде орындап шығу қазіргі кездегі көкейкесті мәселелердің бірі, өйткені қойылатын талап негізгі мектептермен бірдей. Аталмыш мектеп жағдайында бағдарламаны сапалы орындау төмендегі жағдайларды, талаптарды орындағанда ғана мүмкін болады:

- егер мұғалім ШЖМ-ның өзіндік ерекшелігін, сабақтың ерекшелігін түсіне, сезіне алатын болса;

- егер мұғалім ШЖМ-да сабақтарды ұйымдастырудың мәселелері бойынша қажетті теориялық және практикалық дайындықтан өткен болса;

- сабақта мұғалім балаларды қызықтыра алатындай, сабақты түрлендіре жүргізетін, олардың сабақтағы іс-әрекетін ұйымдастыру формаларын дұрыс қолданатын болса.

ШЖБМ мұғалімдерінің жұмысындағы қиындықтарға қарамастан, республикамыздың мұғалімдері оқушыларды екінші жылға қалдырмай, толық үлгеріммен жұмыс істеп, оқушыларға терең және берік білім беріп, олардың өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруда.

Шағын кластарда оқушылардың жүктемесі еселеніп артатындығына байланысты интенсивті сұрауды шамадан тыс қолдануға болмайды, өйткені ол оқушының ойлау әрекетіне қысым келтіреді, оқушыға әр төрт-бес сабақ бойы бірнеше рет жауап беру оңай емес. Сонымен қатар үздіксіз бақылау ұсақ өбектеуге, алып келіп, балаларды өзбеттіліктен айырып, артық эмоциялыққа, шаршауға алып келеді.

Оқушылардың шаршауының алдын-алу тәсілдері:

- Дидактикалық (әдістерді түрлендіріп отыру).
- Психологиялық (зейіннің әртүрлі түрлері мен ойлау амалдарын белсендендіру, класта қолайлы психологиялық климатты жасау).
- Техникалық (сергіту сәті, сабақтың уақытын 35-40 минутқа дейін азайту, сұрақты қоярға дейін және кейін үзіліс, маңызды ойларды қайталау, эмоциялық әсерді күшейту үшін материалды түсіндіру кезінде дауысты төмендету немесе жоғарылатты).

Қазіргі сабақ құрылымын құруда қызықты мәліметтер П.Урбетис пен В.Валентинович сабақ кезіндегі оқушылардың жұмыстану қабілетінің өзгерісін зерттеу мәліметтері қызықты: сабақтың 1 мен 4 минутында балалар 60% ақпаратты игереді, 5 пен 23 минутында 80%, 24 пен 34 минутында 45-5-% және 35-тен сабақтың аяғына дейін - 6%-ға дейін.

ШЖМ жағдайында мұғалім мен оқушы арасында кері байланыс жеңіл орнайды, оқыту әдістемесін, оқу материалын түсіндіру темпін, оқу тапсырмаларының күрделілігі мен көлемін тез өзгертуге мүмкіндік береді. Алайда, мұндай диалогтық байданысты күнделікті баға қоюға қолданып қажеті жоқ, өйткені бұл жағдайда баға өз рөлінен айырылып қалады.

Суворова Г.Ф., Зайкин М.И., Фетискин Н.П., т.б. зерттеулерінде сабақтағы оқу-танымдық қызметті басқару ерекшелігі анықталды. Авторлар мұғалім тарапынан оқушылардың әрекетін гиперқамқорлық пен жоғары бақылау феноменін анықтаған.

Мұғалімнің оқушыларға зейіні сабақ барысындағы тікелей байланыстың еселенуінен артады. Сабақ барысында мұғалім мен оқушының қарым-қатынасынан үлкен кластарға тән болмайтын мазасыздық артады.

ШЖМ-ның оқу-танымдық әрекеті барысын бақылау кейде негативті жайларға: балалардың жауапқа даярлық жағдайында ұзақ уақыт болуы; күту стресінің туындауы, нәтижесінде қорқу сезімі, эмоциональдық және физикалық жүктеменің артуына алып келеді.

ШЖМ-ға баға «престижінің» төмендеуі тән. Оның себептерін М.И.Зайкин төмендегілерге байланысты деп көрсетеді:

- Оқушы үшін бағаның маңызды болғанымен, оның өте көп болуы оған деген қызығушылықты төмендетеді.

- Бағаның көп болуы әр бағаның токсандық қорытындыға әсерін төмендетеді.
- Бағаның сыныптастар арасындағы өзін-өзі бекіту құралы ретінде рөлі аз санды сыныпта төмендейді, өйткені мұндай сыныптарда әр оқушының орны анықталған.
- Егер үлкен сыныпта баға алу эмоциональдық мазасыздануды төмендетсе (көпке дейін сұрамайды), шағын кластарда бұл мүмкін емес, өйткені оны осы сабақта бірнеше рет және осыдан кейінгі сабақта тағы да сұрауы мүмкін.
- Бағаның көп болуы балалар мен олардың ата-аналарының эмоциялық реакцияларын басады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекеттік 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамыту бағдарламасы.
2. Мұханбетжанова Ә.М. Шағын комплектілі мектептің оқу-тәрбие жүйесі. Оқу-әдістемелік құрал. Атырау қ., Атырау университеті, 1997.
3. Мамырова Л.К., Нурсейітова С. Шағын жинақтаған мектеп – білім беру. Алматы. Ғылым. 2002.
4. Лебедева Л.А., Акпаева А.Б. Теория и технология педагогического процесса в малокомплектной начальной школе: Оқу құралы – Алматы: Абай атындағы ҚҰУ, 2010.
5. Оспанов Т., Құрманалина Ш. Математиканың бастауыш курсы оқыту әдістемесі. II бөлім. – А.: Республикалық баспа кабинеті, 1996.
6. Ж.Қ.Астамбаева, Г.И.Уәйісова, Шағын жинақты бастауыш мектептегі педагогикалық үдеріс теориясы мен технологиясы: А., 2010.
7. Фролов П.Т., Соловецкий И.С. Особенности педагогического процесса в малокомплектной школе (Сборник). – М., «Просвещение», 1991.

В статье представлен материал по организации обучения в условиях малокомплектной начальной школы – формирование у будущих учителей профессиональной компетентности, соответствующих знаний, умений и практических навыков в специфических условиях МКНШ. Рассмотрены психолого-педагогические вопросы организации деятельности учителя и учеников в условиях малокомплектной школы.

The article presents the material in a few complete education elementary school -a future teachers of professional competence, knowledge, abilities and skills specific little complete school. Addressed psychological issues of teacher and students in a few complete school.

ӘОЖ 355.14.

Испанова А.Т. – оқытушы,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ

**ТҮСТІ ҚАБЫЛДАУДЫ ОҚУ ҮРДІСІНДЕ
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

Қазіргі уақытта адам қажеттілігінің білімге сұранысының өзгеше серпінде өсуі зерттеу бағыттарының жаңа мазмұн алуына, оны қанағаттандыру қызметтерінің жандануына, кеңеюіне әкелді және сонымен бірге оларды іске асыру мүмкіндіктері де анағұрлым ұлғайып, даму үстінде.

Соған орай жас ұрпақты оқытып, тәрбие берудің сапалық деңгейін көтеріп, сұлулық пен көркемдікті қабылдау қабілетін, эстетикалық талғамын дамыту, ізгілікке баулу, өз ісіне деген шығармашылық құштарлықтарын, қызығушылығын арттыру - бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.

Көркемдеп қабылдауды қалыптастыру жөнінде айта келіп, Қ.О.Жеделов «Өнер адам баласының өмір сүруінде жалпы адамзаттық мәні бар және барлық адамға қажет іс-әрекет, қызмет екені аян. Ол - мейлі әдебиетке, мейлі музыкаға, мейлі живописке байланысты ма, соның бәрі белгілі бір образдық түрде істелген, орындалған өмір шындығының өзгертіліп, өңделіп берілген көрінісі. Өнердің кейбір түрлері тікелей санаға, біреулері адамның кейбір материалдық мұқтаждығын өтей отырып, оның ойы мен сезіміне тікелей әсер етеді» деп жеткіншек бойына өнер түрлерін қалыптастыру қажеттілігіне мән береді. Сайып келгенде, шындықтың өнер арқылы көрінуі, берілуі – адамның айналасын қоршаған әлемді, дүниені эстетикалық меңгеруге керекті ең тиімді, бояуы қанық, мағынасы анық, тұнықтық пен тұтастық көрінісі. Өнер пәндері арқылы жеке тұлғаның рухани әлеміне мақсатты түрде әсер ету үшін, алдымен оқушылардың өнер шығармасына деген қызығушылығын оятып, оны көріп, қабылдай білуге, көркемдікті, әдемілікті сезіне білуге баулу қажет.

Осы айтылғандардың аясында кезегін күтіп тұрған нәрсе – түсті қабылдаудың бейнелеудегі психологиялық ерекшеліктері десек те болады. Өйткені түсті қабылдаудың, яғни түс әлемінің тек өнерде ғана емес, философия, психология ғылымында да мағыналық мәні бар. Шынында «түр-түс әлемі» ұзақ қалыптасу тарихы бар, адам баласы үшін әлі толық ашылып болмаған құпия сыры мол өзіндік сымбатқа ие өте күрделі, әрі байырғы табиғат құбылыстарының біріне жатады.

Философ А.Ф.Сейтимов: «Дүниені көркемдеп, әсемдеуші суреткер, яғни суретші ғана. Осы суретші көпшіліктің ойынан шығып, оларды таңдандырып, эмоциясына тікелей әсер етеді, көркемдейді. Осы материалды дүние арқылы рухани дүниеге сапалы өзгерістер енгізеді. Демек, суретші қауым объективті дүниенің сәулесін ой елегінен өткізіп, субъективті ішкі мендігін сыртқа шығара отырып, түсті көзбен қабылдау арқылы жандандыра шығарма жазатыны мәлім» деп пайымдай келіп, сыртқы дүниені бейнелеудің шындықты процесі түйсіктердегі қарапайым бейнелеудің жеке формаларындай емес, анағұрлым бай келетіндігін айтады.

С.А.Жолдасбекова қабылдау мәселелері турасында мынадай тұжырым жасаған: «Адамның айналасына деген қатынасы оны қабылдауынан көрінеді. Ол оның барлық ісінде, тұрмыс-тіршілігінде, табиғатты қабылдауында байқалады. Егер өнердің өмір шындығын көркемдік-образдық жолмен бейнеленуі оның ерекшелігі десек және ол шындық құбылысты оның мазмұнымен сезімдік әсер етуін тұтастықта ғана көрсетеді десек, қабылдауда осы негізге сүйенуге әбден болады».

Кез-келген материалдық дүниенің сипатын анықтауда елеулі белгілердің бірі оның түсі болып табылады. Түс объектінің формасын, мазмұнын айқындауға ықпал жасай отырып, субъектінің психикалық процестерін, танымдық қасиеттерін және физиологиялық ырғақтық дәрежесін дамытуға мүмкіндік жасайды. Табиғат пен қоғамның материалдық құндылықтары алуан түрлі түстер мен олардың өңдерінен тұрады. Бұл түстерді және өңдерді объективті ажырата білу, әсіресе, суретші маманының еңбек ерекшелік үлесіне тиіп отыр.

Түстерді түйсінуді түсті қабылдаудан бөлуге болмайды. Дүние тануда көру түйсігінің маңызы зор. Зерттеу нәтижелерінен біз көру түйсігінің

өресі мен диапазонының өте кең екендігін айқын аңғарамыз. Халық мақалындағы «Мың рет естігеннен бір рет көрген артық» деген түсінік осындай тәжірибеден туындаған. Көз арқылы жарықтың қуатын, түр-түсін, үлкен-кішілігін, алыс-жақын тұрғанын, оның қозғалысын көріп білеміз. Заттар мен құбылыстардың жеке сипаттарын айнытпай толық бейнелеу, ең алдымен, көру түйсігі арқылы іске асады.

Адам сана арқылы көру мүшесімен энергиялық сәулені қабылдайды. Осы жол арқылы адам көптеген сәулелер мен түстерді және табиғаттың құбылыстарын осы қанық түстер арқылы қабылдайды.

Әдетте, суретшінің қабылдауы, күнделікті өмірдегі адамдардың қабылдау процесімен салыстырғанда өзіндік бір сапалы қасиеттерімен ерекшеленеді. Кескіндеме практикасында қажетті жағдай – бұл көріп қабылдаудың тұтастығы яғни, заттарды тұтасынан көру. Осы тұрғыда «тұтас көре білу» деген негізгі талап білім берудегі кескіндеме суреттерінде жекелеген заттармен жұмыс жасаған жағдайда қолданылады. Кескіндеме процесінде анализ және синтез ойлау операциялары сияқты салыстыру принципіне негізделеді, яғни суретші кез-келген затты көрінуі мүмкін ерекшеліктерінің формасы мен түсіне байланысты айқын аша алуына мүмкіндік береді.


Суретші секілді заттарды тұтастай және образды етіп қабылдау, шығармашылық көру, меңгеріп алу кескіндеменің кәсіби құралдарымен өте тығыз байланыста болып, көптеген заңдылықтарға негізделеді. Кәсіби суретшінің табиғат көрінісін бейнелеуі оның эмоционалдық қарым-қатынасына байланысты, мысалы: жарықты дұрыс анықтап алмаса, табиғатты бейнелеуде жұмыс жасау қиын. Қоршаған ортаны дұрыс қабылдамай, эмоционалды көңіл-күймен табиғатты сезе білмесе, кенепте образды суреттеу мүмкін емес.

Осы қабылдау ерекшеліктеріне сай бақылай отырып, көркем-сурет құралдарымен сурет салып отырған студенттің ынтасын дұрыс бағыттап отыру қажет. Студент белгілі бір материал арқылы көркем сурет тілімен сурет салынатын, суретші жүргізген тұжырымнан кейін, көркем суреттегі түстермен көлеңкелерге қатысты қалыптасқан, кей-кезде суреттің түпнұсқасында көптеген қажетті емес детальдары болатын заңдылықтарын білуі тиіс. Шынымен де, егер студент қойылымда тұрған шығарманы қабылдаған кезде түстерді дұрыс тандай немесе бағалай алмаса, онда көркем суреттегі шығарма мен жұмыстанып жатқан кезде қателіктері көрініп тұрады.

Көркем өнер практикасында көре білу деген түсінік заттың тек сырт келбетін ғана көру емес, ол заттағы қасиеттерге баға бере білу дегенді білдіреді. Бұны көріп тану үшін түстердің процесіне қатысты, егер студент этюдтарда оларды қолданамын деген есеппен, көру анықтамаларын мақсатқа бағыттап түстерді көре алса ғана жүзеге асады. Осындай қабылдау арқылы заттағы түстерді бірінен соң бірін этюдтарда механикалық түрде қолданбайтын болады. Бұндай жағдай болатын болса жас суретші бейнелеу заңдылығына сай емес суретті бейнелеп береді. Бұл жерде көркем өнер құралдары арқылы жас суретші заттың көрінісін белгілі бір мақсатпен көре білуі тиіс. Суретті салмас бұрын ол болашақ этюдінің негізгі белгілерін алдын ала көріп отырады. Бірақ, қиял мен қабылдау дағдыларын жаттықтырусыз жас суретшінің де, үлкен шебердің де еңбегі еш кетті десек болады.

Жоғарыдағы шолуларды қорытындылай келе, түсті қабылдау ерекшеліктерін дамыту барысында төмендегідей үлгіні ұсынуды жөн көрдік.

ТҮСТІ ҚАБЫЛДАУДЫ ДАМУЫТУ МОДЕЛІ



Студенттердің түсті қабылдауын дамытуда жоғары нәтижеге жету үшін:

- Аудиториядан тыс жұмыстардың да (үйірме, көрме-мұражайларға бару, шығармашылық кештерге бару, т.б.) түр-түсті әсерлі түрде сезініп, қабылдауға үйреніп, көріп-білгенін практика жүзінде пайдалана білу шеберлігін қалыптастырып, дамытып, шыңдауға септігін тигізеді;

- танымдық маңызы бар шығармашылық өнер кештерін, «Мастер-класс» байқауларын, «Жас дарын» байқауларын, т.с.с. шараларды көптеп ұйымдастырған дұрыс;

- арнайы студенттер арасында көрмелеу жұмыстарын ұйымдастырып, үйірмелер өткізу қажет.

- студенттерді түсті қабылдауға және жалпы көркемдеп қабылдауға үйрету жұмысы бүкіл педагогикалық процестің іске асу барысында максаттандырылған жүйелі жұмыс түрінде, үзбей жүргізіліп отыруы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Беда Г.В. Основы изобразительной грамоты. Рисунок. Живопись. Композиция. М. Просвещение. 1981 г. 237 с.
2. Жеделов Қ.О. Бастауыш класс оқушыларының бейнелеу өнері сабағында көркемдеп қабылдауын қалыптастырудың педагогикалық негізі. п.ғ.к. дис. – Алматы, 1994. 137 бет.
3. Жарықбаев Қ.Б. Жантану негіздері. Алматы. 2002
4. Сейтимов А.Ғ. Қазіргі қазақ этносының көркемдік дүниетанымының бірлігі мен әртүрлілігі. ф.ғ.к. дис. – Алматы, 2001 – 116 бет.

В статье рассматривается проблема формирования восприятия цвета в процессе обучения и указываются модели развития цвета.

This article deals with the problem of formation of a colour assumption in the process of training and points to the model development of colour.

ӘОЖ 37.01.379.85

Искакова И.И. – оқытушы,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ

**«РЕЖИССУРА» МАМАНДЫҒЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІНЕ
«САХНА ТІЛІ» ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Тіл мәдениетінің қайнар көзі – сахна тілі. Сахна тілі - халықты жүзбе жүз көріп отырып, мәдениетті, әдебиетті, өнерді, саясатты басқа да мәселелерді уағыздайтын, халықтың санасына сіңіріліп, ұрпақты тәрбиелейтін тіл. Сахна тілі қанша көрермен отырса, сонша адамның құлағына кіріп, жүрегіне ұялап, жан дүниесін шымырлатып, көкірегіне сәуле түсіретін тіл болуы қажет. Тілді әдемі жаза білу бар, дұрыс сауатты сөйлей білу бар. Сонымен қатар оны халыққа жеткізе білу бар. Сол тілді халыққа әдемі мәнерлі, сазды жеткізе білу үшін сахна тілі ауадай қажет. Өйткені драмадағы ең бастысы, ең шешушісі, ең негізгісі – тіл. Сахнада сөйлеу - үлкен өнер. Біреудің ойын, жан-сезімін, жүрек толғанысын өз сөзінде етіп жеткізу, сөйлеу нормаларын бұзбай, драматургтың ой-тебіренісін ойша-қатесіз, көрермен құлағының құрышын қандырадай етіп жеткізу – қиынның қиыны. Салауатты әр мәдениетті адамдар үшін дұрыс сөйлеп, сауатты жазу қандай міндет болса, сөздерді дұрыс айту да актерлар үшін аса маңызды.

Сөйлеу техникасы – өз дауысын меңгеруі оның тынысына, сөйлеу мүшелерінің қызметіне, интонацияға, сөйлеу шапшаңдығына, паузаға, дикцияға байланысты болады. Дикция, тыныс, дауыс, орфоэпия, ауызекі сөздің логикалық интонациялық заңдылықтары, міне, осының бәрі – сөйлеу шеберлігінің маңызды да қажетті қырлары. Сөйлеу техникасын қалай меңгеруге болады? Сахнада сөйлеген артистің үніне қойылатын ең басты талап: дыбыстың таза, анық болуы. Егер сөйлеп тұрған сөзіңізден бір дыбыс естілмей қалса немесе күңгірт, шала естілсе, бар сөйлемнің мән-мағынасы бұзылады.

Сөйлеуге қатысты дыбыстау мүшелерінде, кейде тіпті табиғи жаратылыстан пайда болған кемшіліктер де болады. Олар: кетік тіс, қысқа тіс, жақты ашпай, дыбысты тістің арасынан шығарып сөйлеу, сөзді асығыс, тез айту, сөздің соңғы әріптерін айтпай кету, болмаса есіртпей сөйлеу – осының

бәрін күнделікті дыбыстардың дыбысталу мүшелерінің кемшілігін жаттықтыру арқылы ғана жоюға болады.

Тек әрбір студент осындай жаттығуларды қажымай талмай жасауға ынтасы болғаны, ерінбегені аса қажет. Дыбыстың мүшелеріне жататын: ерін, тіс, таңдай, иек, тіл, кішкене тіл, көмей екені белгілі. Енді осыған арналған көптеген жаттығу түрлерін ұсынып отырмыз. І курстар үшін «Дикция бөлімі», «Демге» арналған тренинг-жаттығулар төмендегідей:

1. Сипалау массажы.
2. Көзге арналған жаттығулар.
3. Мұрынға.
4. Ерінге.
5. Тілге.
6. Жаққа арналған жаттығулар.
7. Демге арналған жаттығулар.

Осы жаттығуларды студенттер күнделікті өзінің ісіне айналдырып отырып, сөйлеу шеберлігіне көшеді. Енді сахна тілі пәнін оқытудың бөлімдеріне тоқталайық.

Тыныс пен дауысты жаттықтырып тәрбиелеу үшін ең алдымен тыныс жүйесінің жұмысына баса назар аудару керек, өйткені тыныс көмейдің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз етіп отырады. Тынысты жаттықтыру кезінде студент денесін дұрыс қалыпта ұстап, демді ішке қарай тек мұрын қуысы арқылы ғана жұтқаны дұрыс. Тынысты тіл дыбыстарының айтылуы арқылы жаттықтырған жөн, себебі тыныс тіл дыбыстарын тудыратын көмей мен артикуляциялық аппараттың ыңғайына қарай қызмет етеді. Тыныс жаттығуларын әр түрлі қимыл қозғалыстарға құрған жөн, бұл, біріншіден, жүйке жүйесі мен бұлшық еттердің тонусын жақсартады, екіншіден, студенттің назары демді бақылаудан дене қозғалысына, ауасына, тыныс жүйесі еркін дамып қалыптасады. Жаттығу кезінде студенттің өзін іштей еркін сезінуіне қатты көңіл бөлу керек, өйткені психикалық ширығудан барып бұлшық еттердің ширығуы пайда болады да, дұрыс тыныстауға мүмкіншілік болмайды. Тынысты жаттықтыру кезінде тыныстау процесінің жиілігіне, тереңдігін баса назар аудару керек. Демді толық алмау да зиян, өйткені дауыс тиісті энергиясыз күшінен айырылып, әлсіз шығады. Алғашқы тыныс жаттығулары кезінде-ақ дыбыстың дұрыс бағытталуына, дауыстың еркін шығуына, әріптердің анық айтылуына қатты көңіл бөлген жөн.

Тіл тазалығы мен сөздің дұрыс айтылу ережелерін меңгеру, оны іс жүзінде қолдана білу – драмалық театр актері үшін басты міндеттердің бірі. Өйткені актердің сөзі түсініксіз болса, онда ол қаншалықты дарынды болғанымен айтайын деген ойын, талап-тілегін тыңдаушы-көрермен қауымға толық жеткізе алмайды. Міне, сондықтан да болашақ актер тіл тазалығына, сөздің дұрыс айтылуына қатты көңіл бөлуі керек. Тіл тазалығына арналып іріктелініп алынған жаттығуларды барлық студенттер меңгеруге тиіс. Тілінің кемшіліктері бар студенттерге қосымша, арнайы жаттығулар, тапсырмалар беріледі. Негізінен тіл ұстарту жұмыстары жеке сабақтарда жүргізіледі.

Мәтінмен жұмыс жасау бөлімі бойынша алғашқы кездері алынатын мақал-мәтелдер, жұмбақтар мен жаңылтпаштар, балаларға арналған өлең жолдары мен ертегілерге қисынды талдау жасау арқылы студент сөз әрекетінің алғашқы элементтерімен таныса бастайды. Талдау барысында әр сөйлемді мағынасына қарай тактіге сөздердің дұрыс айтылу ережелерін сақтай отырып сөзді қарама-қарсы, салыстырмалы түрде сөйлеу, тыныс белгілерінің мәні мен маңызын түсіне отырып оларды іс жүзінде дұрыс қолдана білу қажет.

Біртіндеп мәтінмен жұмыс жасауға эпостар, мысалдар, жазушы шығармалары, ақын өлеңдері, монологтар, пьесадағы кейіпкерлердің сөздері алынып, қисынды талдаумен қатар оқиғалы-әрекетті талдау жұмыстары жүргізіле бастайды. Болашақ актер кез келген жанрдағы, әр түрлі стильдегі шығармаларды талдауда, бойына сіңіре білуде, сол шығармалар арқылы айтайын деген ойларын тыңдаушы-көрермендерге жеткізе білуге өздерін еркін сезінулері қажет.

Қорыта келе, сахна тілі пәні бойынша дәріс алған әрбір студент дем мен дауысты, тіл тазалығы мен тіл мәдениетін жақсы меңгеріп, адам ретінде мәдениеттерін жоғарылатып, сахнада қолданылатын құрал ретінде өздерінің шеберліктерін шыңдап, кез келген жанрдағы, әр түрлі стильдегі шығармаларды талдап-талқылауда, бойына сіңіре білуге, айтайын деген ойын, талап-тілегін көрермен, тыңдаушы қауымға жеткізе білуде өздерін еркін сезіне алатын дәрежеге жетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байсеркеұлы М. *Сахна және актер. Оқу құралы. А., 1993.*
2. Кнебель М.О. *Слово в творчестве актера. М., 1970.*
3. Куницын А.Н. *О сценической речи. В сб.статьей. Л., 1971.*
4. Тоқпанов А.Т. *Бүгінгі күнге дейін. Оқу құралы. А., 1976.*
5. Тұранқұлова Д. *Сахна тілі. Оқу құралы. А., 1999.*
6. *Речь на сцене. Сборник статей. Л., 1961.*

В статье рассматриваются особенности преподавания предмета «Сценическая речь» студентам специальности «Режиссура».

In this article is discussed the features of teaching the subject «Stage Speech» among the students of the specialty «Direction».

ӘОЖ 37.037

Бахтиярова С.Ж. – оқытушы,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ

**БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖҮЙЕСІН
ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ**

Көкейкестілігі. Қазақстан Республикасының әлемдік өркениетке, демократиялық дәстүрге өту жағдайында адамзат қоғамының ғасырлар бойы жинақтаған жалпы құндылықтар мұрасына ден қоюы, рухани-адамгершілік негізінде дене тәрбиесін сабақтастықта дамытып, салауатты өмір сүру дағдылары арқылы дене мәдениетін қалыптастыру өзектілігі артуда. Бұл мәселе ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2030» бағдарламасында, ҚР «Білім туралы» Заңында, «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі ретінде көрініс тапқан.

Дене тәрбиесін, жаңа технология мен озат тәжірибені ұлттық және жалпы адамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастыра зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының міндеттерінің бірі. Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті,

адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады. Қоғамның елеулі өзгерістерге түсуі, адамның мақсат-мұраттарына, тұрмыс-тіршілігі мен мінез-құлқына, сондай-ақ өзінің жеке басына да субъект ретінде өзгеріс енгізуде.

Дене тәрбиесінің әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып-білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз ету үшін керек. Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікке қатынастарын дамытуды меңзейді. Мұндай маңызды әдістеме ғылыми және оқу пәні ретінде жетекші рөл атқаратын, дене тәрбиесі саласындағы кәсіптік бағытта болашақ мұғалімдерді дайындауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарындағы оқыту жүйесіне тікелей байланысты.

Дене тәрбиесі мәселелерін шығармашылық тұрғыда шешуге, өзгермелі өмір жағдайында инновациялық процестер мен жаңашыл бағыттарды дер кезінде меңгере отырып, тәжірибеге сын көзбен қарап, дене тәрбиесі міндеттерін жүзеге асыруға белсенді, салауаттылық пен дене мәдениетін меңгерген маман даярлаудың маңыздылығы артауда.

Республикамыздағы білім беру саласында және әртүрлі қолдану салаларына байланысты жаңа бағыттағы спорт, дене тәрбиесі жүйесі бойынша мамандарға деген сұраныстардың артуы, оларды дайындаудағы білімділігі мен қабілеттілігі, біліктіліктің қазіргі талаптарға сай болуы өте үлкен маңызды жұмыстарды атқаруды талап етеді және болашақ педагогтардың кәсіби даярлығын, білім стандартына, мазмұнына сай жетілдіру мәселелері көкейкесті мәселе болып отыр.

Көрсетілген міндеттерді толық жүзеге асыру дене тәрбиесі жүйесіне тікелей байланысты. Дене тәрбиесін жүзеге асыру – денсаулықты нығайту, білім беру, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін шешуге арналған педагогикалық жұмыстардың бірі бола отырып, жеке тұлғаның денсаулық деңгейін арттыру, табиғи күш-қуатын нығайту, дене мүшелерін гигиеналық негіздері мен дене-қозғалыс қабілеті мүмкіндіктеріне сай, өз бетінше қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындап, өзін-өзі үнемі дамытып, көңілді де сергек жүруге баулиды.

Болашақ ұрпағымыздың денсаулығының мықтылығы, салауатты өмір сүруі мектеп мұғалімінің жеке басымен оның жоғары оқу орнындағы теориялық жеке тәжірибелік дайындығының дәрежесіне тікелей байланысты. Осыған орай оқушылардың дене тәрбиесі жүйесін жүзеге асыру жұмыстарын ұйымдастыруға болашақ мұғалімдерді даярлау ісін кәсіби дайындықтың ажырамас бөлігі ретінде қарастыру керек. Дене тәрбиесі және спорт мамандары күрделі әлеуметтік міндеттерді шешуге араласумен бірге оқушылардың психологиялық ерекшеліктеріне сай, оқу-тәрбие міндеттерін шешуде олардың рухани жетекшісі де болуы тиіс.

Қазіргі кезде дене тәрбиесі мұғалімі биологиялық (физиология, анатомия, биохимия, спорттық метрология, т.б.), педагогикалық (педагогика, психология, дене мәдениетінің ілімін, спорттық жаттығу негіздері, дидактика т.б.) пәндерді философия, әлеуметтану, медицина, математика ғылымдарын және басқару мен ұйымдастыруды жете меңгеруі қажеттігін ескерсек, дене тәрбиесі жүйесін

жүзеге асыруда педагог кадрлар дайындау мәселесінің өзектілігі айқындалып, оның түрлі бағыттары бойынша ауқымды зерттеулердің қажеттілігі байқалады.

Қазіргі таңда қоғамның салауаттылығы маңызды сипатқа ие. Бүгінгі болашақ мұғалімді дайындауда олардың салауатты өмір сүру мен денсаулық, дене мәдениеттерін өздері игермей тұрып, оларды білімді, білікті маман ретінде қалыптастыру мүмкін емес. Себебі әр болашақ маманның денсаулығы жеке байлық қана емес, ол сондай-ақ халқымыздың білім және экономикалық қуатының өсуі үшін де қажетті шарттарының бірі. Соның ішінде денсаулықтың басты шарты - мәдени орта, салауатты өмір салты.

Президентіміз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасында «Салауатты әрі гүлденген экономика құрмайынша, біз қуатты мемлекет пен қарулы күштер құра алмаймыз, демографиялық, экономикалық және әлеуметтік міндеттерді шеше алмаймыз, әрбір адамның жеке басының қадір-қасиеті мен әл-ауқатын арттыра алмаймыз»,- деген болатын.

Бұл құжаттардағы негізгі мәселенің бірі – дене тәрбиесі арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру, жастар тәрбиесі. Сондықтан да болашақ мұғалімдерге қойылатын жаңаша талаптар мен өзгерістер туындап отыр. Бұған себеп қазіргі кезде жеке тұлғаның қоғамдық және әлеуметтік мәні дене тәрбиесі мұғалімінің назарынан тыс қалмауы қажет. Дене тәрбиесі сабағындағы сауықтыру, білімдік, тәрбиелік міндеттерімен қатар, педагог кәсіби жұмысын атқарып қоймай, оқушылардың рухани жеке тұлғасын қалыптастыруды жүзеге асыруы керек.

Болашақ мұғалімнің жеке басының маман ретінде қалыптасуы үшін кәсіби сапасының негізгі талаптарының бірі ретінде оның жалпы ғылыми-әдістемелік даярлығын ерекше атап өтуге болады. Бүгінгі таңда күн тәртібінде студенттердің өзін-өзі басқаруды дамыту міндеттері қойылып, болашақ мұғалімнің дербестігі мен белсенділік дағдысын тәрбиелеу және дамыту қажеттілігі күннен-күнге артып отыр. Жоғары оқу орындарына болашақ мұғалімдерге өз кәсіби міндеттерін жете білетін, қажетті педагогикалық дағдыларды меңгерген, өз Отанын сүйетін шәкірттерді тәрбиелеу мен оған мұғалімдерді кәсіби дайындау міндеті жүктелген. Осы мақсатта жоғары оқу орындарында болашақ маман дайындаудың сапасын арттыруға ерекше көңіл бөлінуде. Сондай-ақ тәрбиенің ықпал жасау өрісі де орасан кеңейе түсті.

Дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесінің қайнар көздерін, тарихи даму кезеңдерін сараласақ, олардың мынадай жағдайларға байланысты пайда болатынын анықтауға болады:

- дене дайындығы жетілген, денсаулығы мықты адамдардың қажеттілігінен туындаған қоғамдық өмірдің іс-тәжірибесі;
- әр түрлі тарихи кезеңдерде ойшылдар мен ағартушылардың жан-жақты жетілген жеке тұлғаны тәрбиелеу туралы ой-тұжырымдары мен идеялары;
- үйлесімді дамыған, жан-жақты, білімді де білікті ұрпақ тәрбиелеудегі озат педагогикалық іс-тәжірибелер мен ұсыныстар;
- дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесі саласындағы ізденістер мен ғылыми негізделген тұжырымдамалар;
- дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесін дамыту жөніндегі мемлекеттік сұраныстар.

Дене тәрбиесінің адам әрекетінің сан қилы сипатымен, өзіне тән ой-сана мен даму заңы, өзара ішкі байланыстары мен өзара ықпалдастықта дамитын ерекшеліктері, әдістері мен өзіндік тарихы қалыптасқан. Нәтижесінде дене

тәрбиесі теориясы ғылым ретінде қалыптасып, мәні мен мазмұнын анықтауға мүмкіндік береді

Қазіргі кезде жоғары оқу орындарында мамандық пәндерінің әдістемесін оқытуда педагогика мен психология ғылымдары арасындағы өзара байланысты күшейте отырып, білімді игеру үшін оқушының танымдық ой-тәсілдері мен тәрбиесі жүйесіне байланысты ұғынуын дамыту қажеттігі айқын көрінеді. Жоғары оқу орнын білімді игеру тәсілдерін ұсына отырып, ойлау әрекеттері арқылы студенттердің ұғынуына қажетті субъективті түрдегі қабылдаудың нақты әдістерін қамтамасыз ету қажет. Оқу бағдарламасы студенттердің жеке тұлғалық, кәсіби дайындық, жалпы танымын және ұстаздық еңбегіндегі кәсіби өзгерістер мен қойылатын талаптарды жете түсінуі керек. Педагогикалық білім беруді дамыту – білім беру әдістері мен тәсілдерін меңгеру, оқытумен қатар, болашақ мұғалімнің оқушы белсенділігін дамытуды жоспарлап, шәкірттерінің іскерлігін қалыптастыруға дайындау. Оқу орындарында оқу-тәрбие жұмысы теорияның тәжірибемен байланысы принципіне құрылады. Ол студенттердің теориялық білімдері мен тәжірибелік іскерліктері, дағдылары жүйесінің арасындағы қажетті байланысты білдіреді.

Жоғары оқу орындарындағы педагогикалық тәжірибе ерекше, ал ол болашақ мұғалімдерді дайындау уақытының үштен бір бөлігін алады.

Студенттердің дене тәрбиесі бойынша теориялық білімдерінің, іскерліктері мен дағдыларының терең, жүйелі және әсерлі болуы - олардың педагогикалық даярлықтарының басты көрсеткіші. Болашақ мұғалімдердің сабақ беруге даярлық көрсеткіштері олардың білімдерінің нақты, терең, жүйелі болуы, сол білімдер арқылы оқушыларды жаттықтыру іскерліктерімен және дағдыларымен қарулануы деп түсіну керек. Педагогикалық тәжірибе кезінде істелген студенттердің жұмыстары курстық және дипломдық жұмыстарда кеңінен пайдаланылса тиімді. Дене тәрбиесі мамандығындағы студенттер тәжірибелік дене тәрбиесі сабақтарында әртүрлі жаттығуларды пайдаланып, қызықты сабақтар өткізуді және пән бойынша сыныптан тыс жұмыстардың, үйірмелердің жұмыс формаларын анықтап, олардың тақырыптарын жоспарлары мен мазмұндарын жасайды.

Қазіргі кезде жоғары оқу орындарындағы студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары олардың болашақ қызметіне байланысты және пайдасы зор. Мектеп тәжірибесі кезіндегі ғылыми-зерттеу жұмысында қалыптасқан белгілі бір жүйенің болуы студенттің оқу тәрбие қызметіндегі белсенділігінің арта түсуіне педагогикалық тәжірибенің тиімді өтуіне игі ықпалын тигізеді. Осыны ескеріп, студенттерді ғылыми-зерттеу жұмысына қатыстыруды алдымызға міндет етіп қойып, онда мынадай мақсаттарға жету көзделеді:

1. Студенттерді оқуға, сабақ беру мен тәрбие жұмыстарын жүргізуге қызықтыру.
2. Болашақ мұғалімдерді өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру.
3. Студент-практиканттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына қабілеттілігі мен икемділігін арттыру.
4. Алған білімдерін тұрмыста шығармашылықпен қолдана білуге үйрету.
5. Студенттерді ғылыми-әдістемелік әдебиеттермен жұмыс істеуге үйрету, курстық және дипломдық жұмыстарын орындауға дайындау.
6. Студент-практиканттардың ғылыми-зерттеу жұмысын мектептегі сыныптан тыс тәрбие жұмысымен байланыстыру.

Болашақ дене тәрбиесі мұғалімін дайындау жүйесін және оны психологиялық-педагогикалық білім алуын үйлестірудің жетекші

бағыты ретінде дене тәрбиесі үрдісін жүзеге асырудың және түрлендірудің жолдарын түсіндіретін және көрсететін білім жүйесін қалыптастыру болып табылады.

Дене тәрбиесін жүзеге асыруды сабақтастыру, біздің көзқарасымыз бойынша, дене тәрбиесі әдістемесін студенттерге үйрету жүзеге асырылуы тиіс. Бұл дене тәрбиесі мазмұны бойынша білім беруді жүзеге асыруда дұрыс меңгеруге ықпал жасайтын дене тәрбиесі әдістері мен технологияларына, оларды логикалық түрде құру, ұйымдастыру тәсілдеріне ерекше көңіл бөлінуі қажеттігін көрсетеді. Оқытушы нақты оқыту ақпаратын беруші, оны студенттердің меңгеруін ұйымдастырушы және соның нәтижесін бағалаушы позициясын ұстаушы адам ретінде болмауы керек, қайта студентке көмектесетін, өзінің білім беру қызметінің субъектісі болу керек. Ол үшін оқытушы талдауға тиісті бағдарламаны меңгерудегі және бағдарламаны оқуда студенттердің өздері қабылдауына кеңесші, сарапшы болуы тиіс. Оқытушының жаңа ұстанымы үнемі студенттермен бірге кішігірім зерттеулер орындау, студенттік топтармен бірге оқу үдерісін ұйымдастырудың түрлі формаларын бірге шығармашылық тұрғыда іздестіру жаңашылдық бағытта кәсіби біліктілігін жетілдіріп отыру өзекті сипат береді деген тұжырым жасаймыз.

Аталған мақала бойынша мынадай **қорытынды** жасауға болады:

Қазіргі қоғам дамуының қарыштап өрлеу кезеңінде философиялық көзқарастар мен психологиялық, педагогикалық, физиологиялық, әдістемелік еңбектерді талдау негізінде жеке тұлғаның жан-жақты дамып, жаңа қоғамға бейімделген, салауатты өмір салты негізінде дене мәдениеті қалыптасқан, білімді де білікті тұлғаға деген сұраныс арқылы зерттеу мәселесінің көкейкестілігінің бұрынғыдан да арттыра түсетіндігі айқындалды.

Аталған мақалаға сай бірқатар **ұсыныстар** беруге мүмкіндік берді:

- қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық жаңару құрылымдарына лайықты жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру, бұл бағыттағы дене тәрбиесін үйлесімді, қазіргі қоғам талабына сай, жеке мүддесін қоғам мүддесімен үйлестіре алатын өрелі тұлғаны тәрбиелеуге бағыттау;

- өз Отанын сүйетін белсенді, ұлтжанды азамат тәрбиелеуде дене тәрбиесі мен спорттық шараларды асыл мұралар, рухани қазыналарға, даңқты тұлғаларымыз бен мәдениетімізге, тарихи дәстүрлерге сабақтастықтағы жұмыс түрлерін таңдау;

- болашақ маман жеке тұлғасын қалыптастыруда ұнамсыз қасиеттерден бойын аулақ ұстап, ізгілікті сезімдерін, мәдениетті мінез-құлық сапаларын және өзінің кәсіби қызметінің қоғам игілігіне пайдалы тұсын ұғына біліп, оны болашақ ұрпақ тәрбиесіне ықпалдастыруға тәрбиелеу жұмыстарына баулу;

- өзгермелі өмір жағдайында нақты, дұрыс бағытының болуы, салауаттылық өмір сүру принциптеріне сай, педагогикалық жүйенің құрылымы, мазмұны мен тәрбие әдістерін жаңа жағдайға орай тез бейімдеп, одан әрі сапалы, тиімді жолмен ұйымдастыруға, жасампаз тіршілік, өмір шеберлігі шыңына ұмтылуын қалыптастыру;

- дене тәрбиесін беруде сабақта және одан тыс уақытта жеке тұлға дүниетанымын заман, қоғам талабына сай өзгертіп, оған субъект ретінде қарап, дербестігі мен шығармашылығын дамыта алатын кәсіби мамандар даярлануы керек;

- дене тәрбиесін жүзеге асыруда рухани құндылықтармен сабақтастық принциптерін басшылыққа ала отырып, студенттердің оқу-зерттеу жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру;

- болашақ мұғалімдердің педагогикалық мамандыққа қызығушылығын арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға байланысты оқу-әдістемелік әдебиеттер, оқу құралдарын шығару;

- дене тәрбиесі жүйесі бағыттары бойынша арнайы ғылыми зерттеулер жүргізу.

Зерттеу мәселесі бойынша білім берудің жаңа мазмұнына сай, мұғалімдердің біліктілігін арттыру жүйесінде оқушылардың дене тәрбиесін дамыту технологияларын жетілдіру; дене тәрбиесі сабақтарында оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу, дене тәрбиесі арқылы жеке тұлғаның психофизиологиясы: өзін-өзі реттеуін қалыптастыру; дене тәрбиесі сабақтарын пәнаралық байланыс арқылы жетілдіру; дене қабілетін рухани құндылықтар арқылы дамыту; релаксация арқылы жеке тұлғаның психофизиологиялық қабілеттерін дамыту; психикалық қуат мүмкіндіктері мен дене тәрбиесін сабақтастыру, т.б. бағыттары арнайы зерттеуді қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Повышение двигательной дееспособности учащихся 7-8 классов сельской школы Каракалпастана. //Монография. - Алматы, 2005. – 82 б.

2 Болашақ мамандардың кәсіптік дене тәрбиесі. //Оқу құралы. –Алматы, 2008. – 336 б.

3 Болашақ мұғалімдерді оқушылардың дене тәрбиесі жүйесін жүзеге асыруға дайындаудың ғылыми-педагогикалық негіздері. О.Ш.Байманұлы авторефераты // Түркістан, 2008 ж.

4 Педагогика: жалпы негіздері мен тәрбие теориясы. //Оқу құралы. - Алматы, 2008. (Авторлық бірлестікте: Бабаев С, Бабаева Қ.) -124 б.

5 Дене тәрбиесі сабағында оқушылардың дене мүмкіндіктерін дамыту. //Оқу құрал. – Түркістан, 2005. – 70 б.

6 Ауылдық мектептердегі оқушылардың іс-әрекет қабілеттілігін жетілдіру әдістемесі. //Оқу-әдістемелік құрал. – Нүкіс, Қарақалпақстан, 2001. - 42 б.

7 Спорттағы қазіргі заманғы педагогикалық зерттеу әдістері. //Оқу-әдістемелік құрал. – Кентау, 2007. – 55 б.

Статья посвящена проблемам вузовской подготовки будущих учителей в целях осуществления системы физического воспитания учащихся. В работе разрабатываются теория и методика этой подготовки; даются практические рекомендации их осуществления в стенах вуза; обосновываются пути и способы развития личностных качеств будущих учителей физической культуры и пути повышения квалификации учителя – организатора в спортивной деятельности детей.

In the article is devoted to problems of preparation of future teachers at higher educational institutions with a purpose of realization of system of physical education of pupils. The theory and methodology of this preparation are worked out; practical recommendations of their realization at higher educational institutions are given; ways and modes of personality development qualities of future teachers of physical culture are proved, way of improvement of professional skills of a teacher-organizer in sports activity of children are specified in the work.

ӘОЖ 37.026

*Испанова А.Т. - магистр, оқытушы,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ**Сариева Р.Д. - магистр, оқытушы,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ*

ПЕДАГОГ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДА АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗЫРЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Білім беруді ақпараттандыру жағдайында педагог мамандардың біліктілігін көтеру бүгінгі күннің негізгі міндеттерінің біріне айналып отыр. Сондықтан педагог мамандардың біліктілігін көтеруді ақпараттандыру туралы тұжырымдама, стандарт және оқу-тақырыптық жоспарларын жасақтау қажет. Аталған қажеттілікті шешу барысында педагог мамандардың біліктілігін ақпараттық технологияны өз қызметтеріне пайдалану саласы бойынша тұжырымдама, модульдік жұмыс бағдарламалары жасакталды. Сонымен бірге білім беруді ақпараттандыру жағдайында педагог мамандардың ақпараттық сауаттылығын, ақпараттық мәдениетін және ақпараттық құзырлығы сияқты қабілеттіліктерді қалыптастыру мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Ал, қазіргі таңда жоғарыдағы аталған мәселе қалай жүзеге асырылып жатыр деген сауал туындайды. Әсіресе, мемлекеттік тілде осы бағыттағы мәселелер әлі де жеткілікті деңгейде емес.

Психологиялық-педагогикалық ғылымда өңделген қызмет принципіне сәйкес болашақ педагогтарының жеке тұлғаларының шығармашылық қасиеттерінің дамуы тек қоғамдық тәжірибені меңгеру, педагог мамандардың өздерінің белсене қызмет ету арқылы жүзеге асатын меңгеру негізінде ғана жүре алады. Адамзат мәдениетінің қол жеткізулеріне ие болу үшін әр жаңа ұрпақ осы қол жеткізулер үшін істелген қызметке ұқсас қызметті жүзеге асыруы керек. Осыған байланысты педагог мамандардың мамандандырылған қызметіне сәйкес оқу қызметін ұйымдастыру маман даярлау жүйесінің қажетті кешені болып табылады.

Қоғамда ақпараттандыру, есептеу техникасы құралдары кеңінен таралуымен байланысты, оқу процесін ұйымдастыруға, сол сияқты білім берудің мазмұнын өзгертуге де елеулі ықпал етеді. Білім беру жүйесіндегі қайта құрулардың негізгі субъектісі - мұғалім. Қазіргі мектепке шығармашылық ізденіс қабілеті дамыған, жаңа педагогикалық технологияларды жете меңгерген, мамандық шеберлігі қалыптасқан мұғалімдер қажет. Ол бір уақытта педагог-психолог және оқу процесін ұйымдастырушы технолог бола білуі керек. Компьютердің мүмкіндіктерін ескере отырып, оқыту мәселелеріне талдау жасасақ, психологияның, педагогиканың іргелі оқыту теориясынан психологиялық-педагогикалық, әдістемелік мәселелер туындайды.

Орта мектепте информатиканың жеке пән болып оқытылуы, көптеген педагогикалық ізденістер мен ғылыми-әдістемелік еңбектердің туындауының жандана түсуіне алып келді. Информатиканың қазіргі қоғамдағы алатын орнын, ерекшеліктерін ғылыми-әдістемелік тұрғыда негіздеуге арналған көптеген ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Қазіргі заманғы оқыту интеллектуалдық ерекшеліктеріне сүйене отырып білім беруді қажет етеді.

Жаңа технологиялар - педагогтың мүмкіндігін күшейтетін құрал, бірақ ол мұғалімді алмастыра алмайды. Компьютер мүмкіндіктері психология мен дидактика тұрғысынан талданып, керек кезінде педагогикалық талаптарға сай қолданылуы керек. Сыртқы эффектін қуып кетпей, оқыту программасының тек сыртқы емес, ішкі тиімділігіне көп көңіл бөлген дұрыс. Компьютердің сызбалық мүмкіндігінің молдығы дәрістік экспериментті бояулы суреттермен, сызбалармен, кестелермен байыта түсуге жол ашады, оларды есеп шарттарына да пайдалануға болады.

Компьютерді мұғалім қосымша материалдар, әртүрлі анықтамалық мәліметтерден ақпараттар беру үшін көрнекі құрал ретінде пайдалана алады. Мұндай мәліметтерге физикалық формулалар, физикалық шамалардың өлшем бірліктері, графиктер, схемалар, иллюстрациялар, физикалық құбылыстардың динамикалық бейнесі, тәжірибеге арналған құрылғылардың тізімі, аспаптардың сипаттамалары және т.б. жатқызуға болады. Мұғалім араласпай-ақ, оқушылар өздері меңгеруге тиісті ақпараттар беріледі. Қажетті ақпараттарды жинақтауда электрондық техникаларды енгізу уақыт үнемдейді, қарастырып отырған кезеңде ақпараттың толықтығын жоғарылатады, ақпараттық-анықтамалық жүйе құрамында электрондық құрылғылармен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

Жаңа ақпараттық технология құралдарын информатика пәнінің кіріктірілген сабақтарында пайдалану, оқушының шығармашылық, интеллектуалдық қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкеледі. Компьютерлік техниканың дидактикалық мүмкіндіктерін педагогикалық мақсаттарға қолдану, білім мазмұнын анықтауда, оқыту формалары мен әдістерін жетілдіруде жақсы әсерін тигізеді. Есептеу техникасымен жұмыс жасату оқушылардың алгоритмдік дүниетанымын қалыптастырады:

- өз әрекетін саналы түрде жоспарлайды;
- құбылыстарға модельдер құра біледі.

Программалауды оқыту оқушылардың логикалық қабілетін дамытады, бақылау мен өзін-өзі бақылауын қалыптастырады, оқушылардың еңбек ету мен дағдысының жинақтылығын қамтамасыз етеді, жалпы мәдени дүниетанымын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

Мақсаты:

- ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу процесіне енгізу жағдайында тұжырымдамалық негізін жасақтау және оны жүйелеу;
- мазмұндық, процессуальдық және бағалау компоненттері негізінде мазмұны мен оған сәйкес таңдалынатын педагог мамандардың категорияларын таңдауды болжау;
- білім беруді ақпараттандыру жағдайына педагог мамандардың біліктілігін көтеру.

Бұл қойылған мақсаттарды шешу үшін келесі міндеттерді қарастырамыз:

- білім беруді ақпараттандыруды дамыту тенденцияларын зерттеу және оған сәйкес мазмұнын анықтау;
- педагог мамандардың ақпараттық-коммуникациялық пайдалана алу дайындығын анықтайтын белгілер мен көрсеткіштерді жасақтау және олардың ақпараттық құзырлығын қалыптастыру мүмкіндіктерін зерттеу.
- педагог мамандарды ақпараттық-коммуникациялық технологияны өз қызметтеріне енгізуге байланысты ұйымдастыру жүйесін жасақтау.

- ақпараттық-коммуникациялық технологияны білім мекемелерінің оқу процесіне енгізу бойынша педагог мамандардың іс-тәжірибесін тарату.

Білім беруді ақпараттандыру процесі пән мұғалімдеріне, әдіскерлерге, білім мекемелерін басқарушыларға жаңа ақпараттық технологияны өз қызметтеріне жан-жақты пайдалану саласына үлкен талап қояды.

Қазақстан Республикасы білім беру жүйесін ақпараттандырудың Мемлекеттік бағдарламаларының негізгі міндеттерінің бірі ретінде мамандардың осы сала бойынша біліктілігін көтеру және қайта даярлау қарастырылған. Аталған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында мамандардың біліктілігін көтеру және қайта даярлау бойынша курс тақырыптарының мазмұны өзгертіліп, жаңаланды. Оның негізгі мазмұны білім беру мекемелерінің қызметкерлерінің кәсіби шеберлігін жаңа ақпараттық технологияны пайдалану бойынша жетілдіруге, басқаша айтқанда, білім беруді ақпараттандыруға сай мамандарды жан-жақты даярлауға бағытталған.

Тәжірибе жүзінде дәлелденгеніндей, кез келген мұғалім мен әкімшіліктің өз қызметтеріне компьютерді пайдалануы олардың әлемдік ақпараттық кеңістікке енуде ақпараттық мәдениетінің қалыптасатынымен өлшенеді. Сонымен бірге, бұл жағдайда, инновациялық әдістер мен құралдарды оқу процесіне пайдалану оқушылардың мектеп пәндерін игеруде қызығушылықтарын арттыруда. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу-тәрбие процесіне пайдалану оның келесі педагогикалық мүмкіндіктерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді:

- оқушының дайындық деңгейін, ынтасын және қабылдау жылдамдығын ескеру арқылы жаңа материалды меңгертуге байланысты оқытуды ұйымдастыру және оқыту процесіне жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін пайдалану;

- оқытудың жаңа әдістері мен формаларын (проблемалық, ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік компьютерлік ойындар және т.б.).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *«Ақпараттық технология және қашықтықтан оқыту».* Мұхамбетжанова С.Т. - п.ғ.к., ББЖКБАРИ
2. *Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін 2010 жылға дейін дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы.*
3. *Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін 2015 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы.*
4. *Білім беру жүйесін 2003-2005 жылға дейін ақпараттандырудың Мемлекеттік бағдарламасы.*
5. *Информатика (Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты)* Алматы, 2003 ж.
6. *Информатика мұғалімінің мамандығына қойылатын талаптар.* Алматы, 1998ж.
7. *Н.Ермеков, Ж.Қараев, Н.Стифутин. Информатика 7, 8 класс. - Алматы:Жазушы, 2000, -192 стр.*
8. *«Әдіскер жаршысы» №5, 2006 ж 44, 45 бет.*
9. *Морева Н. А. Педагогика среднего профессионального образования: Учеб. пособие для студентов высш. пед. учеб. заведений. М.: Академия, 2001. С. 26.*
10. *Введение в педагогическую деятельность: Учеб. пособие для студ. высш. пед. Учеб.заведений. М.: Академия, 2002. С. 66.*
11. *Захарова И. Г. Информационные технологии в образовании: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. М.: Академия, 2003.*

В статье рассматриваются дидактические условия для формирования информационной мобильности при подготовке педагогических кадров.

Forming informational mobility didactic conditional preparation for pedagogical staff.

ӘОЖ 372.862

*Бекенова А.С. - магистр, оқытушы,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
Садықова Г.А. - оқытушы,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ*

ЖОБА НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ – БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУ ҚҰРАЛЫ

Жаңа ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы қоғамдағы барлық салада үлкен өзгерістерді талап етеді. Қоғам мүшесі информатиканы тек компьютерлік сауаттану құралы ретінде емес, іргелі пән ретінде қабылдауы үшін оқытудың жаңа түрлерін, әдістерін қолдану туралы мәселелер туындайды. Сондықтан информатиканы оқыту барысында білім алушының жаңа мәліметтерді өз бетінше іздеуге бейімділігін қалыптастыратын, жинақтаған мәліметтерін жүйелеп, сәйкес тұжырымдар жасап, шешім қабылдай алатындай деңгейге жеткізетін әдістердің рөлі артып отыр. Осындай әдістің бірі – “жобалық әдіс” деуге болады.

Жобалық әдісті жеке қызығушылықтарын ескере отырып, балалардың мақсатты әрекетіне бағыттау үшін XX ғасырдың басында американ ғалымы Дж.Дьюи жүзеге асырды. 1905 жылы орыс педагогы С.Т.Шацкий оқытуда осы әдісті пайдалануға тырысты. Кейін 20-шы жылдары кеңестік жалпы білім беретін мектептерде жобалық әдіс оқушыларды оқытудың негізгі бағыты ретінде кеңінен енгізілді, бірақ 1931 жылы бұл әдіс көмегімен жалпы білім беретін пәндерден оқушы білімін көтеру мүмкін емес деген қорытынды жасалды. Және кеңестік жалпы білім беретін мектептер түгелдей дәстүрлі оқытуға көшірілді. Ал шетелдік педагогикада жобалық әдіс өз жалғасын тауып, дами түсті. Оған практикада тексерілген прогрессивті оқыту элементтері қосылды. Бірақ идеяның мәні сол күйінде қалды – оқушылардың өзбетіндік әрекетін ұйымдастыра отырып, оқуға ынталандыру, олардың алдына жаңа білім мен біліктің пайда болуына әкелетін мақсаттар мен мәселелер қою. Қазіргі кезде жобалық әдіс мәні бұл оқушылардың алған білімдерін өмірде қайда және қалай пайдалануды түсінуі болып табылады.

Жобалық әдіс – бұл құзыреттілікке бағытталған білім технологиясы.

Жобалық әдісті қолдану оқыту процесіне оқу жобаларын кеңінен енгізу болып табылады. Бұл әдіс білім алушыны жеке тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталған.

Әлемдік білім беру жүйелерінің тәжірибелері және шығармашылық негізде жұмыс істейтін оқытушылардың ізденістері жобалық әдісті қамтитын және жобалар арқылы жұмыс істеуді талап ететін педагогикалық ситуациялардың сан алуан болатындығын көрсетеді:

- бір сабақтық жобалардан бастап бүкіл бір оқу жылына арналған жобалар;
- жеке тақырыпты оқыту немесе зерттеу жобаларынан бастап пәнаралық, пәннен тыс жобаларға дейінгі жобалар;

- тұтас бір бағыттағы телекоммуникациялық жобалар.

Жобалық әдісті курстың жекелеген бөлімдері бойынша тиімді қолдану сәйкес оқу жобаларының нақты орындалуымен тікелей байланысты. Сондықтан оқу жобаларын құру барысында пән оқытушысы, алдымен, бұл жобаның оқу жоспарында алатын орнын, мақсат, міндеттерін айқындап алуы қажет. Сонымен қатар, ол білім алушының жаңа жобаға деген көзқарасын, алғашқы әсерлерін, нәтижелерді жария ету тәсілін, т.б. жәйттерді болжайды. Басқаша айтқанда, жаңа оқу жобасын ойлап табу және құрастыру үшін оның орындалу әдістемесін білу қажет. Бұл әдістеме мынадай талаптарға сай болуы тиіс: жобаның кезеңділігі, нәтижелілігі орындалу мерзіміне және орнына сәйкестілігі, нәтиженің көрнектілігі.

Анықтама бойынша, оқу жобасы – білім алушының өз бетінше, топтаса, әрі шығармашылықпен жасаған іс-қимылдары негізінде қол жеткізіп, көрнекі түрде көрсететін нәтижелер алуына бағытталған, қатаң түрде тұжырымдалмаған тапсырма.

Іс жүзінде тақырып беріледі, мақсаты және нәтижесі көрсетіледі, жұмысты орындауға қажетті шарттар және материалдық-техникалық қамсыздандыру жағдайлары туғызылады.

Оқу жобаларын қолдану әдістемесі білім алушының нақты бір мәселені тұжырымдап, оған сәйкес есепті айқындап, нәтижесінде сол есепті компьютер көмегімен шешуінен тұрады. Ондай есептер, әдетте, көп уақытты, оның өңделу барысына жүйелі түрде қарауды қажет етеді және білім алушы компьютер көмегімен кез келген есепті шешу технологиясын білуі тиіс: есептің қойылуына сәйкес мәселелерді, ішкі есептерді көре білу, есеп қойылған салаға сәйкес пәнді меңгеру, мәселенің математикалық тұжырымын қоя білу, одан есептің алгоритм мен программасына көшіп, алынған нәтижесін талдай білуі [1]. Мысалы: «Экономикалық математикалық модельдеу» пәнінде «Транспорттық есептер» тақырыбын өткенде берілген экономикалық есептің математикалық моделі жасалып және ол компьютер көмегімен шешіледі. Сол сияқты «Алгоритм тілінде программалау» пәнінен «Есептерді компьютерде шешудің кезеңдері», «Web технология» пәнінен «HTML тілінде сайт жасау» және т.б. тақырыптарда жобамен жұмыс жасалады.

Оқыту барысында жобалардың орындалуын ұйымдастыру және басқару үшін оқытушының өзінен төмендегідей біліктілік талап етіледі:

- жоғары деңгейлі программалау тілдерін білу;
- ЭЕМ-де есеп шығару кезеңдерін толық меңгеру, алгоритмнің базалық структураларын ұйымдастыра білу;
- жобалардың тиісті айқындамаларын құру ерекшеліктерін білу;
- жобалық әдістің принциптік негізін білу;
- жобаларды құру процесін бақылау әдістерін білу;
- жобалық әдісті қолданып, информатиканы оқыту әдістемесінің ерекшеліктерін білу;
- жоғары оқу орнында информатика курсының мазмұнына сәйкес анықталған негізгі пәндер құрамына сәйкес қажетті бөлімдер бойынша білімдері мен тәжірибелері, машықтарының болуы.

Осындай талаптардың әрбір нақты тақырыпқа қатысты орындалуы жобалық әдіс арқылы оқыту әдістемесінің үлгісін төмендегідей нұсқада ұсынуға негіз болады:

- жобалық әдістің мәнін ашу;

- жобаларды тиімді топтастыру, түрлерге бөлу;
- жобалардың айқындамаларын құру;
- программалық жобалардың құрылу принциптерін түсіндіру;
- жобалық әдісті оқыту барысында қолдану технологиясын ашып көрсету;

- жобаларды орындау кезеңдерін айқындау;
- жобаларды құрудың талданған үлгісін беру;
- тақырыптық, сабақтық, оқу жылына, т.б. арналған жобалар үлгілерін ұсыну;

- сабақ деңгейіндегі жобаның орны мен рөлін көрсету;
- сабақтан тыс орындалатын жобаларды атау.

Оқу жобаларын қолданып оқытудың тиімділігі жобаларды орындау процесінде қол жеткізілуге тиісті мынадай нәтижелерден көрінеді:

- білім алушының жоба есебі алынған салаға қатысты пәнге қызығушылығы артады және сол сала аймағындағы білімі молаяды;

- жобаны орындау барысында білім алушының алған білімі қолданылады, тереңдетіледі және дамытылады;

- жобаның нәтижесіне жету арқылы білім алушының білімгердің кәсіби мамандану тәжірибесі бекітіледі;

- білім алушының өз бетінше жұмыс жасау қабілеті қалыптасады және дамиды;

- білімгердің жобамен жұмыс жасау барысында шешім қабылдау, шешімге сәйкес ұсыныстар жасау және шығармашылық қабілеттері дами түседі, қалыптасады;

- білім алушының мәселені шешуге қажетті тиімді де сапалы технологияны таңдауға қатысты ой-өрісі сараланады және дамиды;

- білім алушының міндетті сезіну қабілеті мен жауапкершілігі шыңдалады [2].

Жалпы жобалау белгілі бір қасиеттеріне қарай топтастырылады және оларға қойылатын шарттар мен талаптарына сай келеді, атап айтсақ төмендегідей типтегі жобаларды ұсынуға болады:

1. Демонстрациялық жобалау;
2. Зерттеушілік жобалау;
3. Шығармашылық жобалау;
4. Рөлді-ойындық жобалау;
5. Ақпараттық жобалау;
6. Үйретуші жобалау;
7. Моножобалау;
8. Пәнаралық жобалау;
9. Тәжірибелі және бағдарлы жобалау;
10. Қысқа мерзімді жобалау;
11. Ойын жобалауы [3].

Жобамен жұмыс жасаудың кезеңдері:

Іздеу кезеңі:

- Мәселені іздеу және талдау.
- Жоба тақырыбын таңдау.
- Кезеңдер бойынша жобалау іс-әрекетін жоспарлау.
- Жоба тақырыбы бойынша ақпаратты жинақтау, зерделеу, өңдеу.

Конструкторлық кезеңі:

- Жоба тапсырмасының оңтайлы шешімін іздеу.
- Дизайн талаптарын ескере отырып, құрылым нұсқаларын зерттеу.
- Дайындау технологиясын таңдау.
- Экономикалық баға беру.
- Экологиялық сараптама жасау.
- Конструкторлық және технологиялық құжаттарды құрастыру.

Технологиялық кезең:

- Жобаны тәжірибеде жүзеге асырудың жоспарын құру, қажет материалдарды, құралдарды және құрылғыларды таңдау.
- Жоспарланған технологиялық операцияларды орындау.
- Сапаға ағымдық бақылау жасау.
- Қажет болған жағдайда құрылымға және технологияға өзгерістер енгізу.

Қорытынды кезең:

- Жобаның орындалуының сапалық бағасы.
- Жобаның орындалуындағы нәтижелерді талдау.
- Жобалаудың нәтижелерін қолданудағы мүмкіндіктерді зерделеу (көрме, сату, жобалар банкіне қосу, жариялау) [4].

Білім берудің тиімділігі әр уақытта оқытушыға байланысты екені белгілі.

Жобалық шығармашылық жұмыстар бізде бұрыннан қолданылып келеді, тек соңғы кездері оған компьютер көмегімен жүзеге асыру бұл жұмысқа жаңа импульс берді. Мотивация – жоба жұмысы оқушыны зерттеуші ретінде сезіндіреді, ал компьютер көмегіне жүгінгенде олардың қызығушылығы арта түседі.

«Шығармашыл мұғалімдер желісі» (Innovative Teachers Network , ITN) (1-сурет) - бұл оқу процесіне ақпараттық технологиялар енгізумен айналысатын педагогтар үшін Microsoft фирмасымен құрылған веб-портал. Мұнда оқытушылар оқу процесіне АКТ пайдалануға қатысты түрлі материалдар мен ресурстар табуына болады, әріптестерімен қарым-қатынаста болып, ақпараттық технологиялар көмегімен оқыту сапасын арттыруға мүмкіндік беретін әдістеме мен жобаларды құру бойынша әртүрлі сайыстарға қатысуға болады. Ресейде ITN-порталдың ресми іске қосылуы 2005 жылдың күзінде жүзеге асты.



1-сурет Шығармашыл мұғалімдер желісі

Virtual Classroom Tour (VCT) жобалары ағылшын тілінен аударғанда «Класс бөлмесі бойынша виртуальды тур» деген мағына береді. VCT жобалары оқытудың жобалық әдісін қолданып, сабақ өткізу әдістемесін қамтиды. Мұндай жобалар көбінесе бірнеше пәндерді қатар қамтиды және жұмыс барысында АКТ қолдануды көздейді. Жобаны сипаттау құрылымын және басқа оқытушылардың тәжірибесін қарай отырып, әрбір оқытушы өз жобасын құру мүмкіндігі бар.

VCT-жобаны жүзеге асыру шеңберінде оқытушы жобалық әдісті пайдаланып, сабақ өткізеді. Түрлі технологиялар және ресурстар көмегімен оқушылар, мысалы, табиғи процестерді модельдейді, әртүрлі заттар мен құбылыстардың тарихын зерттейді немесе белгілі бір тарихи кезеңде өмір сүретін ойдан шығарылған кейіпкерлерді дүниеге әкеледі, ал бұл өз кезегінде оқу

процесін танымды және қызықты ете түседі [5].

Педагог рөлі - алғашқы кезеңде VCT-жоба – жаңа іс болған кезде оқытушы «идея генераторы» ретінде рөл атқарады. Ал соңынан идея өз-өзінен туындайды да оқытушы тек жүзеге асыруға көмекші болады.

Жобалық шығармашылық жұмыстар соңғы кезде көптеп қолданылып келеді, компьютер көмегімен жүзеге асыру бұл жұмысқа жаңа импульс берді. Жоба жұмысы оқушыны зерттеуші ретінде сезіндіреді, ал компьютер көмегіне жүгінгенде олардың қызығушылығы арта түседі.

Информатика сабағында жобалау әдісі танымды белсендіретін және тереңдететін проблемалық оқытуды жүзеге асыруға, өз бетімен ойлауға және әрекет етуге, топтық әрекетке оқытуға мүмкіндік береді.

Осы жобалық технологияға сүйене отырып, информатикадан өткізілген қорытынды сабақта топты әрқайсысы 3 адамнан тұратын 5 кішкентай топқа бөліп, жоба тақырыптары ұсынылды.

■ **I топ.** Ақпараттық процестер

■ **II топ.** Информатика - жаңа ғасыр ғылымы

■ **III топ.** Компьютерлік желілер

■ **IV топ.** Қолданбалы бағдарламалық жабдықтар

■ **V топ.** Ақпараттық қоғамдағы адам

Содан кейін әрбір топ жоба орындалуының жоғарыда аталған кезеңдерінен өтті. Қойылатын талап - берілген тақырып бойынша әдебиеттерден, баспасөз беттерінен, Интернеттен, электрондық оқулықтардан жинақтаған материалдарды компьютерлік нұсқада презентациялап қорғау.

Ақпарат іздеу көздері: оқу құралдарымен жұмыс, ғылыми әдебиеттермен, электрондық оқулықтармен, Интернет сайттарында жұмыс. Жұмыс нәтижесі сызбалар, суреттер, компьютерлік жұмыстар болуы тиіс. Жобаны қорғауға қажетті құралдар (аппараттық және программалық): компьютер, мультимедиялық видеопроектор, интерактивті тақта, MS Windows ОЖ, MS Office, ActivStudio. Әрбір топ өз жобасын 12 минут шеңберінде қорғауы тиіс.

Студенттер үлкен шығармашылықпен, қызығушылықпен өз жобаларын жүзеге асырды.

Жас ұрпақты саналы, өз бетімен жұмыс істей алатын зерттеуші етіп тәрбиелеуде жобалық әдістің, ал оны жүзеге асыруда VCT-жоба үлгісін қолданудың маңызы зор. Сондықтан ақпараттық заманда ақпараттық мәдениетті болуға тырысу керек. Жоба негізінде оқыту – білім сапасын көтеру құралы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. А.Т.Байбақтина. *«Информатиканы оқытуда проектілер әдісін қолдану технологиясы және программалық проектілер айқындамаларын құру негіздері туралы»*. «ММ ИТОН» Абай атындағы АМУ 75 жылдығына арналған II Халықаралық ғылыми конференция материалдары, 67 бет, Алматы, 2003ж.
2. А.Т.Байбақтина. *«Информатиканы оқытуда проектілік әдісті қолдану мәселесі туралы»*, Абай атындағы АМУ Вестник журналы, Алматы, 2002ж., желтоқсан, 47-50 б.
3. Полат Е.С. *Новые педагогические и информационные технологии в системе образования* /Под ред. – М., 2009ж.
4. Полат Е.С. *Новые педагогические и информационные технологии в системе образования* /Под ред. – М., 2000ж.
5. www.lbz.ru www.apkpro.ru www.ntf.ru сайттары.

В статье рассматриваются особенности применения проектного метода при преподавании информатики.

The article tells about the mean of the project method's using in teaching informatics.

УДК 3701.53

*Шайхиева Д.Е. – магистрант,
ЗКГУ им. М. Утемисова*

НЕКОТОРЫЕ ОСОБЕННОСТИ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СТУДЕНТОВ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ

Система профессионального образования является одним из основных факторов обеспечения устойчивого роста и развития экономики и общества любой страны. Интеграция Республики Казахстан в мировое образовательное пространство, смена парадигмы образования и формирование его новой национальной модели актуализируют вопросы качества подготовки педагогических кадров. Будущим специалистам предназначено решать задачу воспитания молодого поколения с инновационным типом мышления, а для реализации этих задач требуется педагог с творческим стилем мышления и деятельности, способный осуществлять инновационные процессы [1].

Основные приоритеты развития начального и среднего профессионального образования определены в Государственной программе развития образования Республики Казахстан на 2011- 2020 годы, где определена первостепенная задача «подготовить высокообразованных, компетентных людей, которые смогут самостоятельно принимать важные решения, с чувством ответственности за судьбу страны» [2]. Перед нашим обществом на современном этапе его развития стоит задача дальнейшего улучшения воспитательно-образовательной работы, необходима подготовка не просто специалиста, обладающего знаниями, а высокопродуктивной, успешной личности, являющейся конкурентоспособной в современных жизненных условиях.

Психологическая готовность личности к профессиональной деятельности является объектом системного междисциплинарного исследования в различных областях современной науки - психологии и социологии труда, психофизиологии, педагогической психологии. Эти проблемы затрагивают и студентов колледжа, избравших сферой своей профессиональной деятельности систему образования [3].

Решение проблемы психологической готовности напрямую связана с успешностью человека в профессиональной деятельности, с определением объективных и субъективных критериев успеха. Решение данных вопросов позволит выяснить условия достижения высокого профессионального уровня, а также определить современность и адекватность реализации профессиональных возможностей каждого человека.

Главной целью обновления системы образования в Республике Казахстан в соответствии с принципами гуманизации, демократизации и гуманитаризации, направленными на реализацию гуманистической парадигмы, является формирование саморазвивающиеся личности, способный самостоятельно

осуществлять инновационную деятельность. В государственном законе «Об образовании» заложены нормы, обеспечивающие демократизацию и гуманизацию образования, децентрализацию управления этой сферой в Республике Казахстан. Этими задачами была определена главная задача образования - создание государством необходимых условий для формирования и развития личности на основе национальной и мировой культуры, общечеловеческих ценностей, свободы языка и типа учебного заведения [4].

Организация исследовательской деятельности студентов ИДС является продолжением и углублением учебного процесса и организуется непосредственно на кафедрах, в научно-практических и творческих лабораториях, клубах, кружках, проблемных и исследовательских группах. Руководство ИРС осуществляют ведущие научно-педагогические работники университета, профессора, доценты, старшие преподаватели.

Используя многообразные формы, методы и мероприятия системы ИРС, основное содержание осуществляется в рамках двух направлений:

1. подготовка студентов к выполнению научно-исследовательских работ (методы и методики обучения и приобретения студентами знаний, умений и навыков исследовательской, проектной и изобретательской деятельности);

2. непосредственное участие студентов в проводимых вузами исследовательских и проектных работах.

Следует подчеркнуть исследовательская работа, осуществляется с одной стороны в рамках изучения образовательного курса (учебная траектория студента), и с другой стороны это научная работа студента в рамках какого-то научного проекта. Практическая реализация этих направлений обеспечивается через следующие организационные формы и мероприятия системы ИРС:

- Исследовательская работа, включенная в учебный процесс.

Данная форма организации ИРС имеет своей целью приобретение студентами навыков владения средствами и приемами исследовательской деятельности и включает все виды выполняемых студентами исследовательских работ, внесенных в учебные планы и программы и предусмотренных графиком учебного процесса:

- выполнение заданий, лабораторных работ, курсовых и выпускных квалификационных работ, содержащих элементы научных исследований или имеющих реальный научно-исследовательский характер в период производственных и учебных практик;

- изучение теоретических основ методики, постановки, организации выполнения научных исследований, планирования и организации научного эксперимента, обработки научных данных по курсу «Основы научных исследований», «Основы научного и технического творчества».

- Исследовательская работа, дополняющая учебный процесс (научные проекты).

- Основной целью данной формы организации ИРС является индивидуализация процесса обучения посредством выполнения студентами ИР помимо учебных планов, обеспечение предпосылок для обучения в магистратуре и аспирантуре. Она включает в себя все виды выполняемых студентами исследовательских работ помимо основной образовательной программы:

- участие в работе научных кружков, семинаров и студенческих исследовательских лабораторий;

- подготовка рефератов и сообщений по темам, вынесенным для самостоятельного изучения;

- участие в конференциях, конкурсах и олимпиадах;
- подготовка публикаций по результатам научно-исследовательской работы.

Исследовательская работа, ведущаяся параллельно учебному процессу.

Основной целью данной формы организации ИРС является повышение у студентов уровня научной квалификации и получение навыка работы в научных коллективах и организациях. Данная форма предполагает:

- участие в качестве исполнителей в выполнении бюджетных и внебюджетных научных исследований, осуществляемых профессорско-преподавательским составом кафедр и лабораторий университета;
- выполнение собственных научных исследований при получении гранта на исследовательскую работу [5].

Исследовательская работа студентов является одной из важнейших форм учебного процесса. Занимаясь, научно-исследовательской деятельностью студент развивает с одной стороны самостоятельность суждений, умение отстаивать свою точку зрения, и с другой стороны творческое мышление.

Участие студентов в различных формах работы, как научные лаборатории, кружки и семинары позволяют им начать свою научно-исследовательскую работу. Исследовательская работа студентов является важным фактором при подготовке молодого специалиста и ученого, потому, что сам студент приобретает навыки, которые пригодятся ему в течение всей жизни и в частности в профессиональной деятельности.

На мой взгляд, важным в исследовательской работе является творческое участие преподавателей. Осуществляя научно-методическое руководство необходимо сформировать осознанный интерес у студентов к научной деятельности. Немало важным также является и поощрение студентов за выполняемую исследовательскую работу.

Список использованной литературы:

1. Полат Е.С. «Новые педагогические технологии в системе образования», М., 2002.
2. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы. – Астана, 2010.
3. Барсукова Л.С. Методика психолого-педагогического исследования. - М., 2001.
4. Бабанский Ю.К. Проблема повышения эффективности педагогических исследований. – М., 1992.
5. Смирнов С.Д. Педагогика и психология высшего образования М., 2001.

Мақалада студенттердің оқу үрдісіндегі зерттеу қызметінің кейбір ерекшеліктерінде өз мақсаттары - магистратура мен аспирантурада білім алу үшін алғышарттарды қамтамасыз ету және студенттердің ғылыми біліктіліктері деңгейін арттыру туралы сөз қозғалған.

Some features of research activity of students in the process of educating providing of pre-conditions has to it for an object for educating in a city council and aspiranture, increase for the students of level of scientific qualification.

ӘОЖ 372:316

*Махметова А.С. – магистрант,
М. Өтемісов атындағы БҚМУ*

КӘСІПТІК ЛИЦЕЙДЕ БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе – білім беру, ғылымды дамыту.

Өркениет өзегі – білім, ғылым. Осы орайда білім ордасының жаны ұстаз екендігі баршамызға белгілі. Білім беру жүйесіндегі негізгі талап – сабақта білім берудің жаңа технология әдістерін қолдана отырып, халықтық педагогикамен ұштастыру және оқушыларды өздігінен шығармашылықпен жұмыс істей алатын деңгейге жеткізу.

Бүкіл білім беру жүйесін жақсарту және жас ұрпақты тәрбиелеу, оларды жариялылық жағдайында және адам факторының рөлі артқан кезде өмірге әзірлену міндеттерін түбегейлі шешу үшін әрбір пән жоғары деңгейде өз үлестерін қосуды көздеп отыр.

Біздің №1 Кәсіптік лицейде биология пәнінен білім берудің маңызды мақсаттарының бірі – күнделікті өмір сүруге қажетті және республикадағы барлық халық шаруашылығы, мәдениеті, ғылымның барлық салаларына қажетті биологиялық білім мен біліктілікті оқушыларға меңгерту. Биологиялық білім оқушыларды өздігінен дамытуға, жетілдіруге мүмкіндік туғызады. Биология курсынан берілетін базалық білім оқушыларға кәсіптік бағдар беру оқу-тәрбие жұмысының негізгі саласы. Осы мақсатта биология пәні бойынша оқушылармен төмендегідей жұмыстар жүргізіледі:

1. Оқушылардың алға қойған мақсаттарын қоғам мүдделерімен сәйкестендіріп, олардың болашақ мамандықтарын жақсы игеруге үйрету.

2. Оқушылардың таңдаған мамандықтары бойынша көптеген дайындық шараларын ұйымдастыру, бағыт беру.

3. Биологияның тұрмыста, халық шаруашылығында қажеттілігі туралы ақпарат беру.

Оқушылардың танымдық көзқарасын байыту, ақыл-ой қабілеттерін жетілдіру, өзіндік ойлау және өмірлік ұстанымын қалыптастыру – оқытушының шеберлігіне, шығармашылық қызметке байланысты. Осы орайда білім алу сапасын жақсартудың бірден-бір жолы – оқу үрдісінде жаңа технологияларды қолдану. Жаңа технологияны пайдаланудың мақсаты – міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, мүмкіндік деңгейге жету [1].

Білім беруде қолданыс тапқан жаңа технологиялар:

- Искерлік ойынның жүргізілу технологиясы – топтық жұмыс, пікірталас тудыру тренингі, нәтижені қорғау, рөлдерге бөлу, талдау жасау, баға, ұсыныстар беру.

- Проблемалық оқыту технологиясы – проблемалық ситуация туғызу.

- Деңгеймен саралап оқыту технологиясы – әр оқушының қабілеті мен мүмкіндігіне қарай топтардың ерекшеліктеріне қарай бейімдеу.

- Саралап оқыту технологиясы – әркімнің мүмкіндігіне сай қызығушылығы, ақыл-ой деңгейі, дамуы, денсаулық деңгейі, жасы бойынша үлгерімі жақсы оқушы тереңірек білім алуға, қиын оқушылармен жұмыс жүргізу.

Қазіргі кезде көптеген оқу орнында оқушылардың қызығушылығын толық есепке ала отырып, биологиядан тереңдетілген бағдарламалар бойынша саралап

оқыту жүзеге асырылуда. Оқытуда компьютерлік технологиясының мақсаты – ақпаратпен жұмыс істей білуді қалыптастыру және қатынас қабілетін дамыту, «ақпараттық қоғамға» даярлау. Бұл - оқушының компьютермен қатынасы және баланың жеке қасиеттеріне қарай компьютерге бейімдеу. Мазмұны мен әдістерінің ерекшелігі компьютерлік техниканың принциптерін меңгеруге көмектеседі. Қазіргі заманғы өмір талабы, информатизация бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында білім беру жүйесін компьютерлендіру, озық технологияларды пайдалану арқылы оқытуды жүйелендіру, ақпараттандыру оқушылардың алдына үлкен жауапкершіліктер жүктеп отыр. Жаңа заман талаптарына байланысты оқыту процесінде компьютерлік технологиялардың пайдалану аясын кеңейту – оқытушылардан үнемі әдістемелік ізденісті талап етеді және оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруға көмектеседі [2].

Сондықтан да, 1997 жылғы Елбасының «Ақпараттандыру туралы» Жарлығы алғашқы электрондық оқулықтардың шыға бастауына түрткі болды. Интернет арқылы көп жағдайда бұрмаланған әрі сыннан өтпеген қазіргі кезде, арнайы жасалған электрондық оқулықтың маңызы зор. Сабақта қазіргі заман технологиясы саналатын компьютермен жұмыс жасауға баулу, мәліметтерді компьютер арқылы көрсетіп сабаққа қызығушылығын, белсенділігін арттыру қажет. Сабақта дидактикалық материалдар арқылы оқушылардың білімін тексеріп және өз уақытымды ұтымды пайдалануға мүмкіндік аламын. Әрбір тарау өтілгеннен кейін перфокарталармен жұмыс жасап, әр тақырыпқа байланысты қызықты сөзжұмбақтар, ребустар шешіп, оқушыларды сабаққа белсене араласуға ынталандырамын.

Жаңа технология әдістеріне жататын электрондық оқулықтар қазіргі оқу үрдісіндегі ең маңызды орынға ие болып отыр. Білім беру жүйесінде электрондық оқулықтарды пайдаланып, үлкен табыстарға жетуге болады. Электрондық оқулықтарды пайдалану барысында оқушы екі жақты білім алады: біріншісі – пәндік білім, екіншісі – компьютерлік білім. Электрондық оқулық оқушының өз бетінше шығармашылық жұмыс жасауына, теориялық білімін практикамен ұштастыруына мүмкіндік береді. Оқушылардың танымдық деңгейін дамытуда теориялық білімнің эксперимент, тәжірибе арқылы бекітілуі үлкен рөл атқарады. Электрондық оқулыққа оқу технологиялары жинақталған. Мысалы, ойын арқылы оқыту, тірек-сигналдар арқылы оқыту. Электрондық оқулық арқылы оқушы көптеген қосымша мағлұматтар ала алады, осы алған мәліметтерді компьютерден көргендіктен есіне жақсы сақтайды. Осылайша жас ұрпақты оқытуда инновацияны пайдалану – шығармашылық жетістіктің негізгі көзі болып табылады [3].

Биология пәні бойынша сапалы білім беріп, ой-өрісін кеңейтуде бейнефильмдердің де маңызы ерекше. Негізгі жалпы білім көлемінде кәсіптік лицей оқушыларына бағдарлама бойынша жалпы білім беретін пәндерге аз уақыт бөлінетін болғандықтан, уақытты тиімді пайдалану мақсатында техникалық құралдармен жабдықталған оқыту кабинетінде мультимедиялық компьютер, проектордың көмегімен сабақта өткен тақырыптарды қайталау, оқушылардың білімін ұштау, дамыту мақсатында жаңа технологиялық әдістерді қолдануға мүмкіндік бар.

Өз тәжірибемде «Қолдан будандастыру» тақырыбы бойынша маңызды мәліметтерді бейнетаспа арқылы көрсеттім.

Мультимедиялық кешен мәліметтерді, дыбыс, анимация және графикалық бейнелерді біріктіріп, оларды аналогтық түрден сандық түрге және керісінше сандық түрден аналогтық түрге аударуға мүмкіндік беретін көп функциялы

технология. Қорыта келгенде, жаңа технологиялық әдістердің мынадай артықшылықтары бар:

1. Оқушының танымдық мүмкіндігін кеңейте түседі.
2. Электрондық оқулық білімді есте сақтауға жақсы әсер етеді. Оқыту үрдісінде оқушының өзінің қатысуы оның ойлау қабілеті мен оқуға деген ынтасын арттырады.
3. Оқушыны табиғи құбылыстарды, маңызды мағлұматтарды өзінше талдауға, баға беруге үйретеді.
4. Оқулықтар мазмұнының негізгі арқауы соңғы жылдардағы ғылыми жетістіктер.

Сонымен электрондық оқулық – ерекше көрнекілік. Ал биология сабақтарында көрнекі құралсыз оқушыларды сабаққа ынталандыру, олардың алған білімдерінің тиянақты, баянды болуы қиын. Сондықтан да оқушылардың ақпараттық мәдениетін көтеріп, әрбір сабақта жаңа технологиялық әдістерді қолдануды жолға қою керек [4].

Менің негізгі мақсатым – сабақ сапасын көтеріп, түрлерін жетілдіре отырып, оқушыларға терең де тиянақты білім беру. Ол үлкен ізденіс пен шығармашылықты талап етеді және бұл күннің әрекеті емес, оған уақыт керек. Мен өз сабақтарымда Ж.Ж.Руссоның айтқан сөзін ұстаным етіп келемін.

«Ұстаздық ету – ұту емес, ұстаздық ету – өзгенің бақытын аялау, өз уақытын аямау». Биология пәнінен өткізген «Қолдан будандастыру» тақырыбына арналған сабағымды ұсынамын. Сабақ әдістемелік талапқа сай сабақ үш мақсат бойынша құрастырылды [5].

Білімділік: Ақпараттық құзыреттілік. Оқушының ғылыми дүниетанымын қалыптастыру және оларды алған білімі негізінде қазіргі өндірістік технологияларды игеруге баулу.

Дамытушылық: Коммуникативтік құзыреттілік.

Тәрбиелік: проблемалы оқыту құзыреттілігі. Жаңа ұғымдарды, білімдерін іс жүзінде күнделікті өмірде қандай да практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдануға тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: Жаңа тақырыпты түсіндіру.

Қолданылған әдістер: Интерактивті әдістер.

Құрал-жабдықтар: Электрондық оқулық, интерактивті тапсырмалар, интерактивті карта, бейне қатар, бейнефильм, оқулық, әдістемелік нұсқау, кесте қолданылды.

Сабақтың құрылымы: Негізгі бес бөлімнен тұрады. Ұйымдастыру бөлімі өткізілгеннен кейін, үй тапсырмасын тексеруде «Оқу және жазу сыни тұрғыда ойлауды дамыту» стратегияларын қолдандым. Мысалы, «РАФТ» стратегиясы: бұл рөл, аудитория, форма, тақырып деген мағынаны береді.

Үй тапсырмасы бойынша оқушылар өтілген тақырыпқа байланысты топқа бөліне отырып, рөлдерді орындау арқылы хабарлама жасайды.

Келесі қолданған әдісім «Презентация» деп аталады. Мұнда оқушылар жеке-жеке немесе топқа бөлініп, берілген тақырыпқа кесте, плакатқа салынған сурет немесе слайд құрастырып, оны қорғайды. Қорғап болған кезде сұрақ қойылады, кеңес беріледі, бір-бірінің жұмыстарын толықтырып, пікір алмасады. Бұл әдіс оқушының ойлау, қиялының дамуына ізденісіне, материалдың есте сақталуына мүмкіндік береді [6].

Жаңа сабақта «Білемін, білгім келеді, үйрендім» стратегиясын қолдандым. Оқушылар күннің жадын, жаңа сабақтың тақырыбын жазып болған соң, дәптерлерін тең үш бағанға бөледі. Білемін, білгім келеді, үйрендім

деп жазады.

Енді, жалпы «Қолдан сұрыптау» дегенді естігенде қандай ұғымдар естеріңе түседі, соны кестенің бірінші «білемін» атты бағанасына түсіріңдер деймін, оқушылар кестеде көрсетіліп тұрғандай білетін ұғымдарын жазады.

Білемін	Білгім келеді	Үйрендім
---------	---------------	----------

Үй хайуанаттарының жаңа тұқымдары
Мәдени өсімдіктердің жаңа сорттары
Сұрыптау ұғымы

Сонан соң өзім тақырыпты түсіндіру барысында, мені мұқият тыңдай отырып, оларға дәптерлерінің екінші «білгім келеді» бағанасына түсінбеген, таныс емес, әрі қарай тереңірек білгілерің келетін ұғымдарды жазыңдар деп тағы тапсырма беремін. Сабақ түсіндіріп болған соң «білгім келеді» бағанасындағы ұғымдарды, сұрақтарды талдай отырып, осы тақырыпқа арналған бейнеқатар көрсетемін. Бейнеқатар аяқталған соң, сұрақтарға алған жауаптарды оқушылармен бірігіп талқылай отырып, келесі «үйрендім» бағасын толтырамыз.

Келесі сұрақ, «мәдени өсімдіктердің шығу тегіне арналды», арнайы интерактивті картаны пайдаландым. Бұл оқулықтағы берілген кестемен жұмысты толықтыра түсті, яғни әрбір мәдени өсімдіктің ауданына барған кезде осы ауданда кең тараған өсімдік түрлерін көруге болады. Сабақта айтылғандарды қорыта келе, үй жануарларына арналған интерактивті тапсырмалар орындадық. Бұл кезде жануарлардың суреттері беріледі, соларды сәйкестендіріп, аттарын атап, жазып, соңынан жауаптарын өздері тексеруге мүмкіндік алады. Қолдан сұрыптауға қорытынды ретінде интерактивті зертханалық жұмыс жасалды. 1) жаңа форманы ата-тегімен айырмашылықтарын ажыратып, кестені толтырады; 2) гибриді форманы ата-тегімен салыстырады. Мысалы, жаңа форманың ата-тектерінен қандай белгілерін алғандығын кестеге жазады.

Осы сабақ барысында құрылған кестеміздің үшінші бағанасы арқылы бүгін не үйрендік деген сұрағымызға толық жауап аламыз. Бұл сабақта адам мүддесіне белгілі жануарлардың жаңа тұқымдары мен өсімдіктердің сорттарын түзуде қолдан сұрыптау негізгі қозғаушы күш болып табылатындығы дәлелденді.

Білемін	Білгім келеді	Үйрендім
Үй хайуанаттарының жаңа тұқымдары	Штамм ұғымы	Штамм – адам қолдан жасайтын популяция
Мәдени өсімдіктердің жаңа сорттары	Гетерозис құбылысы	Гетерозис- будан ұрпақтың белгі-қасиеттерінің ата-анасынан артық болуы
Сұрыптау ұғымы	Мәдени өсімдіктердің жаңа сорттарының шығу тегі	Оңтүстік азия тропиктік орталығы, Жерорта теңізі, Орталық Америка, Шығыс Азия, Оңтүстік Америка

Қорыта келгенде, оқушылардың қызығушығын арттыруда осындай интерактивті әдістердің пайдасы мол. Себебі, дәстүрлі сабақтардан ерекшелігі:

оқушылар жеке немесе жұпта, топта өз ойларын ортаға салып талдайды. Әр оқушы өз ойын ашық айтып, өзін еркін ұстап, өз білімін өзі толықтыруға мүмкіндік алады. Яғни, оқушылар жазып, еске түсіріп, өз ойларын саралап, өзі сияқты оқушылардың пікірін тыңдап, білімін кеңейте түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. М.М. Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде». Алматы, 2002ж. 4-14 б.

2. «Білім технологиялары» журналы. 2009ж. №5, 19-24 б.

3. «Қазақстан мектебі» журналы. 2009ж. №4, 63-64 б.

4. «Педагогика мәселелері» журналы. 2010ж. №2, 52-54 б.

5. «Биология Қазақстан мектебінде» журналы. 2011ж. №5, 36-43 б.

6. «Организуем педагогическую деятельность» журналы. 2011ж. №1, 49-54 б.

В данной статье раскрываются основные аспекты применения новых технологий обучения в преподавании биологии на базе профессиональных образовательных учреждений.

In given article opens main aspects an using new technology of the education in teaching the biologies on base of the professional educational institutions.

УДК 82

*Заварзина Н.Н. – учитель,
СОШ № 7, г.Уральск*

**ТВОРЧЕСКИЙ ПОДХОД К ИЗУЧЕНИЮ ПРОИЗВЕДЕНИЙ
А.С.ПУШКИНА В ШКОЛЕ**

Творчество А.С. Пушкина занимает центральное место в изучении русской словесности и русской литературы в школе. Это обусловлено тем, что произведения великого мастера слова являются образцами литературы романтизма, реализма, непревзойденными по своим художественным достоинствам, глубине идейного содержания. Огромное значение имеет и актуальность тематики произведений, раскрытие автором сущности общечеловеческих ценностей.

В связи с этим учебной программой предусмотрено изучение следующих произведений А.С.Пушкина:

В 5 классе – «Песнь о вещем Олеге», вступление к поэме «Руслан и Людмила», «Сказка о попе и работнике его Балде», а также рассмотрение элементов обрядовой поэзии в стихах поэта.

В 6 классе – стихотворения: «Домовому» (при изучении темы «Славянская мифология»), «Ангел» (Мифы Ветхого Завета); «Повести Белкина» («Метель», «Станционный смотритель»).

В 7 классе – поэмы: «Полтава», «Медный всадник»; маленькие трагедии («Моцарт и Сальери»); стихотворения «К морю», «Кавказ» (при изучении темы «Человек и природа в литературе»).

В 8 классе – повести «Капитанская дочка», «Барышня–крестьянка».

В 9 классе – вольнолюбивая, философская лирика, стихи о любви и дружбе, роман в стихах «Евгений Онегин».

В 10 классе к биографии и творчеству А.С.Пушкина обращаются при изучении жизни и творчества Ф.М. Достоевского, М.Е.Салтыкова–Щедрина, Ф.И. Тютчева.

В 11 классе творчество великого поэта соотносят с произведениями поэтов Серебряного века (А.Ахматовой, М. Цветаевой, А. Блока ...), романом «Петр Первый» А. Толстого, стихотворениями О.Сулейменова, повестью «Заповедник» С. Довлатова и другими.

Учащимся необходимо проанализировать, усвоить данный материал, выучить стихи и отрывки из произведений наизусть. При этом процесс обучения должен стать увлекательным занятием, способным вызвать у учеников живой интерес к творчеству гения литературы. В связи с этим учитель–словесник находится в поиске оптимального подхода к изложению материала, изыскивает различные формы, приемы и методы деятельности.

Опыт работы показывает, что творческий подход помогает решить сложную задачу изучения произведений А.С.Пушкина, а также способствует духовному воспитанию детей на примере лучших образцов русской литературы. Развитие творческих способностей учеников формирует образное мышление, которое помогает быстрому и устойчивому усвоению материала, развивает интерес к дальнейшему изучению литературы.

В данной деятельности центральное место отводится **уроку**. На уроке учитель от репродуктивного восприятия материала переходит к творческому, посредством которого ученик способен создавать новое, оригинальное. В процессе деятельности педагог не ограничивается традиционными формами работы, а широко использует компьютерные технологии: видеорепортажи, слайдовые презентации, электронные учебники, материалы мультимедийных уроков виртуальной школы, а также игровые элементы, инсценирование произведений, выставки творческих работ, поисково–эвристический метод, групповые формы работы.

Музыкальность, образность стихотворений Пушкина помогают проведению уроков – конкурсов чтецов, концертов, инсценированию отрывков повестей в 5,6,7 классах, при этом ученики могут быть не только участниками, но и членами жюри, режиссерами, независимыми экспертами.

При изучении темы «История создания повести А.С.Пушкина «Капитанская дочка» в 8 классе целесообразно провести презентацию книги исследователя литературы Приуралья Н.М. Щербанова «Поехал я в Уральск», видеорепортаж «По Пушкинским местам Приуралья», подготовленный учениками, мини–конференцию с элементами ролевой игры «Историки, биографы, литературоведы о работе Пушкина над повестью «Капитанская дочка».

Одним из примеров, иллюстрирующих творческий подход к изучению творчества А.С.Пушкина, может служить урок литературы по теме «Пейзаж в романе «Евгений Онегин», проведенный в 9 классе. Для проверки домашнего задания учитель использует карточки программированного опроса, тестовые задания по повторению пройденного материала, спроецированные на интерактивную доску. В ходе формирования новых знаний и способов действия учащиеся представляют слайдовую презентацию творческих работ по теме «Осень, весна, зима в романе А.С. Пушкина» с элементами литературно–музыкальной композиции, вернисаж детских иллюстраций к произведению, ролевою игру «Искусствоведы о русском пейзаже 19 века», материалы мультимедийного урока, музыку П.И.Чайковского. С целью

формирования умений и навыков преподаватель организует поисковую работу. Ученики отвечают на вопросы: «В какой главе автор впервые обращается к пейзажу?», «В связи с какими событиями рисует панорамный пейзаж?», соотносят виды пейзажей (идиллический, элегический, романтический и реалистический) с текстом произведения, определяют значение изображения природы в раскрытии образов произведения. Они наблюдают, как из фона действия пейзаж превращается в элемент повествования. В завершении урока школьники делают вывод о том, что времена года, олицетворяющие вечное движение, помогают композиционному построению сюжета, способствуют развитию событий романа, раскрытию характеров героев. Человек – неотъемлемая часть окружающего мира, и он должен находиться с ним в гармонии [журнал «Современный урок», ОИПК ЗКО №1 (15), 2011г. С.75 - 81].

На уроках словесности, литературы также уместно и продуктивно использовать групповые формы работы, построенные в виде диспута, защиты проекта, мини-конференции. Ученикам могут быть предложены варианты заданий. Они разноплановые, предполагают анализ развития стадий сюжета, исследование критического материала, художественную оценку текста. В ходе поисковой работы ученики определяют характерные черты времени, в которое создавалось произведение, биографичность, выявляют признаки энциклопедичности, соотносят портрет с чертами характера персонажа. На наш взгляд, наиболее продуктивными являются сравнительный (сопоставительный), ассоциативный анализ, выявление роли эпиграфа в раскрытии идеи художественного произведения. Данные формы работы развивают мышление, способности учеников, помогают качественному освоению учебного материала.

Огромные возможности для раскрытия творческих способностей учащихся, интересного, доступного изучения произведений А.С.Пушкина представляет **внеклассная работа**. Она расширяет границы познания, углубляет, совершенствует знания, полученные на уроке. Учитель получает возможность одновременного привлечения к работе учеников среднего и старшего звена, что способствует преемственности в учебном процессе, также использования сцены как важного атрибута постановки, песни, танца. Особый интерес вызывают мероприятия панорамного характера, охватывающие сферы поэтической деятельности, историю, культуру, искусство, связанные с интеграцией и корреляцией предметов учебной программы. Так задачей внеклассного мероприятия «Пушкин и Абай» является изучение русской и казахской литературы, русского, казахского и английского языков. На трех языках ведущие рассказывают о жизни великих поэтов, созвучии поэтических мотивов. Представляют творчество поэтов как высокий образец мастерства, отражение времени, в которое им суждено было жить, и одновременно прозорливое предвидение будущего. Звучат стихи А.С.Пушкина «Телега жизни», Абая «Грядущее скрыто туманом от нас». Участники знакомят зрителей с литературно-музыкальной и хореографической композициями «Абай. На двадцать седьмом году», «Пушкин на балу», «Страницы «Евгения Онегина». Исполняются стихи поэтов о природе, поэте и поэзии, проникновенном чувстве любви на русском, казахском, английском языках. Звучат романсы «Юноша и девушка», «Я помню чудное мгновенье» (сл. А.С.Пушкина), «О любви, душа, молись вновь» (сл. Абая). В завершении ведущие говорят о том, что творчество двух великих поэтов – полифония мелодий почти всех литературных жанров – стихотворения, сказки, поэмы, сонета, послания, слов назидания. Это неповторимый мир красоты и гармонии. Произведения Пушкина и Абая

устремлены в будущее. В них – вера в мир, добро, созидание [журнал «Внеклассная работа в школе» №7, Алматы, 2006г. С.26 – 30].

Внеклассное мероприятие «И жизнь, и слезы, и любовь» о поэзии А.С.Пушкина помогает проникнуть в творческую мастерскую гения слова с целью понятия его духовного мира, раскрытия темы любви в произведениях, обращает подростков к нравственным проблемам, формирует чувство сопереживания, воспитывает эстетически. В ходе мероприятия ученики углубляют знания о жизни поэта, соотносят события его биографии с творениями, осознают, что всю недолгую, но яркую жизнь путеводной звездой судьбы и творчества Пушкина была любовь. Раскрытию темы мероприятия способствуют литературно–музыкальные, литературно–хореографические композиции по произведениям: «Цыганы», «Сказка о золотом петушке», «Барышня–крестьянка», «Русалка», стихи: «Керн», «Мадонна», «Подъезжая под Ижору», романсы на слова великого поэта. Школьные внеклассные мероприятия охватывают многих учащихся, помогая им проникнуться талантом Пушкина и раскрыть свои творческие способности.

В процессе школьных занятий складывается определённый фонд знаний и умений учеников, развивается внимание, укрепляется память, появляется воображение. Благодаря систематической, целенаправленной работе школьники и сами овладевают приёмами творческой деятельности. Качественным показателем формирования устойчивых умений и навыков являются результаты деятельности детей. Они проявляются на конкурсах научных проектов, чтецов, сочинений, творческих работ, олимпиадах. В них принимают участие одарённые дети, однако в работу вовлечены и учащиеся, проявляющие интерес к изучению литературы. В течение ряда лет главным достижением ребят являлось успешное участие в Пушкинских чтениях. Подготовка к ним проходила по нескольким направлениям: выразительное чтение стихов и прозы Пушкина, сочинение, защита образа, исполнение песни, романса на стихи поэта, инсценировка, презентация рисунка, выступление команды. С будущими участниками конкурса работали учителя словесности, изобразительного искусства, музыки, хореографии. Учащимися нашей школы были представлены слайдовые и видео презентации, литературные композиции по темам: «Пушкин и творчество», «Абай и Пушкин», «Дорога в творчестве Пушкина», инсценировка отрывков из произведений «Пиковая дама», «Станционный смотритель» и другие. Была подготовлена защита образа Екатерины Второй из повести «Капитанская дочка» с использованием исторического, краеведческого материала, живописи, сценического искусства. Команда стала победителем городских, областных чтений 2004, 2006, 2008 годов. Её участники вошли в состав сборной команды Западно-Казахстанской области на 1 и 2 Республиканских чтениях и одержали победу в номинации «Выразительное чтение», а также стали призёрами в конкурсе сочинений «Союз волшебных звуков, чувств и дум» и командном выступлении [Сб. материалов 1 и 2 Республиканских Пушкинских чтений «Есть в мире сердце, где живу я...», департамент образования ЗКО, ИППК, 2007 г.].

Ученикам важно видеть результаты своего труда, поэтому с большим интересом они принимают участие в показательных выступлениях, концертах. Творческие работы детей, их лучшие выступления были представлены на областном семинаре учителей русского языка и литературы школы передового опыта (2007 год), городском семинаре по теме «Развитие творческих способностей учащихся» (2008 год), где также был проведен тренинг на примере изучения стихотворения А.С.Пушкина «Наташа».

Таким образом, творческий подход в изучении произведений А.С.Пушкина стал одной из важных составляющих частей сложного учебно–воспитательного процесса. Он помог активизации познавательной деятельности, выявлению способностей учеников, их духовному развитию. Творчество А.С.Пушкина высветилось новыми яркими гранями, одновременно сохранив высокое достоинство образца классической литературы.

Список использованной литературы:

Балаларға бүгінгі жарық өмір, бақытты дәуір талабына сай жарасты да лайықты есім қою халық діттеп отырған мүдделі де маңызды мәселелерінің бірі болып саналады. Ата-ана дүниеге келген перзентке мағынасы айқын, әдемі де айшықты сұлу есім беруді қалайды, бірақ олар қай атты таңдауда, одан кейін оны жазуда қиналысқа ұшырап отырады. Бұл - өмірлік мәселе. Сондықтан адамдарға есім беру мәселесі барлық уақытта қоғамды толғантып келді, қазіргі кезде өзекті күйінде қалып отыр. Балаға жарасымды есім беруге ата-ана, олардың туған-туыс, жора-жолдастары ғана емес, жергілікті халық депутаттары кеңестері мен Азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдері де толық мүдделі.

Ұрпаққа жарасымды есім беру - ежелден келе жатқан, ізі суымаған жалпы халықтың игі дәстүрі. Есімдер де халық тіліндегі сөздер сияқты өмір сүріп, ескіріп, я болмаса қайтадан жаңарып отырады. Қазіргі қазақ есімдері сан жағынан көп те мол болумен қатар, құрамы мен құрылысы жағынан да алуан,

өзінше бөлек, дәстүрлі қазақ есімдері де көп кездеседі. Ол жөнінде жазылған еңбектер біздің қазақ тіл білімінде де аз емес. Өйткенмен, кісі есімдері жөнінде жазылған еңбектердің ішіндегі халыққа ең қажеттісі де, керегі де кісі аттары жайлы анықтама құрал. 1968 жылы белгілі ономаст ғалым Т.Жанұзақовтың қазақ есімдерінің қысқаша анықтама құралы «Қандай есімді ұнатасыз» деген атпен шыққан еді. Бұл анықтамада жаңа туған нәрестеге ат таңдау, жақсы және әдемі есімдерді ұсынумен қатар, қазақ есімдерінің жазылуына да біраз түзетулер енгізілген. Алайда қазақ антропонимдері құрылысы мен құрамы жағынан, лексика-семантика, этнолингвистикалық тұрғысынан жеке-жеке, жан-жақты қаралып, бітпей жатқан мәселелерінің бірі болып саналады. Қазақ антропонимдері мейлінше бай әрі әр алуан, бірақ тіліміздегі есімдердің басым көпшілігінің кірме сөздерден екендігін бүгінгі күнде тіпті ажырата алмай жатамыз. Өзге тілдерден еніп, қазіргі тілдік қолданысымызда жүрген антропонимдердің тілімізге келіп, әбден кірігіп, сіңісіп кетуі соншалық - бұл күнде оларды өзге тілдерден енген есімдер деп айту өте қиын. Қазақ антропонимдерін жүйелей келе тіліміздегі антропонимдердің басым көпшілігінің араб, иран тілдерінен келгендігіне көзіміз жетті.

Кісі есімдерін белгілі бір тәртіппен, жүйеге келтіріп, қатаң әліпбилік ретпен беріп, мағыналарын түсіндіретін анықтамалық кітап - антропонимиялық сөздік болып табылады. Антропонимиялық сөздік жер жүзі халықтары тілдерінде ерте заманнан бар. Ол Батыс Евразия, Иран, Америка, Қытай, Жапония елдері. Түркі халықтары тілдерінде бұрын да, қазіргі кезде де жариялануда. Олар көлемі мен құрылысы жағынан әр түрлі болып келеді. Әр халықтың жалпы тіл білімінде антропонимия ғылымы жақсы әрі жан-жақты қарастырылған. Антропонимдердің құрамы, құрылысы, лексика-семантикасы, этнолингвистикасы тағы басқа әртүрлі анықталған, антропонимдердің түсіндірме сөздіктері, этимологиялық сөздіктері жасалған. Жалпы тіл біліміндегі антропонимия саласымен айналысып жүрген ономаст-ғалымдар - Г.В.Тропин, А.В.Суперанская, В.А. Никонов, Н.А.Баскаков, Н.М.Тупиков, өзбек тілінде Э.А.Бегматовтың «Өзбек есімдері», татар тілінде Г.Ф.Саттаровтың «Татар есімдері», И.С.Колосов, қырғыз тілінде Ш.Жапаровтың шығарған «Қырғыз есімдер сөздігі», А.В.Суперанская мен Ю.М.Гусева редакциясымен жарық көрген РСФСР халықтары есімдері» сөздігі, О.Мирзаевтың «Әзербай есімдері», Р.Ортиков пен Я.Калонтаевтың «Тәжік есімдерінің емлесі» атты еңбектерін ерекше атауға болады. Қазақ ғалымдарынан Т.Жанұзақов пен К.Есбаеваның «Қазақ есімдері» атты қазақ тіліндегі анықтама сөздігін осы еңбектердің қатарына қоя аламыз.

Антропонимдер тілдегі сөздік құрамның бір бөлігі болып саналады. Ол өзінің қорын жалпы халық тілі қорынан алады да, тіліміздің ішкі заңына сәйкес дамиды. Сөйтіп, ол тілдегі лексикамыздың барлық салаларынан жасалады. Қазақ есімдерінің басым тобы халқымыздың өткен замандарынан басталып, күні бүгінге дейін мәдени-тарихи өмір бейнесін анық көрсетеді.

Лексикалық тұрғыдан қарағанда, олардың көне қабаттары ұйытқы тірек боп табылып, төмендегідей лексика-семантикалық топқа жіктеледі:

Мал шаруашылығына байланысты есімдер: Бота, Бұқа, Аққозы, Құлыншақ, Жылқыбай, Қозы, т.б.

Табиғат құбылысымен байланысты есімдер: Таубай, Боран, Толғанай, Айым.

Аңдар мен үй хайуанаттары және құстармен байланысты есімдер: Арыстан, Түлкібай, Лашын, т.б.

Асыл металдар, қымбат заттар атауларына байланысты: Алтын, Болат, Маржан, т.б.

Өсімдік аттарына байланысты: Қызғалдақ, Райхан, Раушан, Гүлжан, т.б.

Жеміс-жидек атауларымен байланысты: Алма, Мейіз, Анар, Жаңғақ, т.б.

Туыстық атаулармен байланысты: Атабек, Баба, Туғанбай, Жиенбай, т.б.

Жер-су аттарына қойылған есімдер: Алатау, Еділ, Орал, Алтай, т.б.

Үй-жиһаздарымен, мүліктерге байланысты: Шара, Табакбай, Айнагүл, т.б.

Тағам аттарына байланысты есімдер: Айранбай, Шырынбай, Шекер, Сүттібай, т.б.

Есім берудің кең тараған дәстүрінің бірі сан есіммен байланысты болды. Мысалы: Бірбай, Біржан, Бесбай, Жетібай, Сегізбай, Елубай, Сексенбай, Тоқсанбай, Жүзбай, Мыңбай. Керісінше, сан есіммен қойылған әйел есімдері некен-саяқ қана. Ал, балаларға жарасымды да сұлу есім беруден ешбір шек болмаған есімдер тарихында ғасырлар бойы жаңару, ескіру, архаизмге айналу процесі болып отырады. Адамға ат қоюдың себептері алуан түрлі тілек-мақсаттармен байланысты да болып отырды. Бұл - заңды құбылыс. Адамға ат қоюда белгілі дәрежеде ырым мен дәстүр ерекше орын алып отырады. Олардың кейбірі сөздің киелі күшімен де байланыстырып отырушылық көне дәуірден бар құбылыс. Сол ескі замандарда балаларға көз тиюден немесе жын-шайтаннан сақтау мақсатымен елеусіз оғаш есімдер қойып отырған. Мәселен, Итбай, Күшікбай, Жаманбай, тағы басқа. Бұл, құбылыс әрине, заңды құбылыс еді, өйткені ертедегі халықтың санасының дәрежесіне байланысты болды. 1. Бала дәулетті де бай, ауқатты болсын деген тілекпен қойылған есімдер: Байбол, Дәулетбай, Алтынбай, Малбай, т.б.

2. Күшті де батыл, қырағы да сақ, ержүрек болсын деп қойылған есімдер: Арыстан, Батыр, Тарғын, т.б.

3. Бал сұлу да көрікті, ажарлы да әдемі болсын деген тілекпен қойылған есімдер: Айсұлу, Ботагөз, Әсем, Нұрсұлу.

4. Денсаулығы зор болып, ұзақ жасасын деген тілекпен қойылған есімдер: Ұзақ, Өмірзақ, Мыңжасар.

5. Бала ақылды да тапқыр болсын деген тілекпен қойылған есімдер: Ақылбай, Ақылбек, Данышпан.

6. Бала мырза да жомарт болсын деп қойылған есімдер: Жомарт, Мырзабек, Мәртбай. Есімдерді таңдап, талғап қоюда бұлардан басқа да белгілер мен түрлі нышан, әр түрлі жағдаяттар болып отырған. Мәселеге, Аманжан, Қоржаубай, Жолай, тағы басқа. Ал балалары тұрмай өле берген үйлерде өмірге жаңа келген сәбилерге: Тоқтар, Тұрар, Тұрсын деген есімдер қойылып отырған. Батырлар жырларында халық батырлары мен тамаша, ақылды да парасатты тарихи адамдардың дәстүрлі есімдері ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, күні бүгінге дейін қойылып келе жатыр.

Тілімізде кеңінен тараған екі не үш сөздерден құралған күрделі тұлғалы есімдердің көбірек кездесетіндері – құрамында бай, бек, би, хан, сұлтан, төре, шах, ханым компоненттері - сыңарлары бар есімдер. Тарихи сипаты жағынан, бұл сөздер - архаизм әрі историзм ретінде келмеске кеткен әлеуметтік терминдер.

Бірақ біздің советтік дәуірде анықтауыштар әуелі мағыналарынан айрылса, енді біреулері жаңа мағынаға ие болады. Мәселен, мырза «қайрымды», «жомарт», «мәрт адам», «бай», «әлді», «қуатты». Бұл күнде ата-ана балаларына – бай, бек, би, сұлтан, төре сөздері арқылы жасалған есімдерді сирек беріп, балаларға мән-мағынасы айқын да анық, сұлу да көркем есімдер береді:

Ал қазіргі халық тілінде есім берудің ауқымы дүниежүзілік есімдердің көптеп араласуымен байланысты сан сала болып кетті. Мысалы, Салидат, Джони, Беррин, Басат, Азат, Артур, Айбек, Серік, Алма, Дина, Мира, Сәуле, тағы басқа.

Кейбір есімдердің мән-мағынасы (семантикасы) мен дыбыстық сипаттарынан белгілі бір аймақ тұрғындарының тілдік ерекшеліктерін анық байқауға болады. Сол жергілікті тілдер негізінде қойылған есімдердің алуан түрлі тұлғалары мен тұрмыстық варианттары да ерекшеленіп тұрады. Атап айтқанда, оңтүстік тұрғындары есімдеріне дауыссыз еріндік және сонар м дыбысының қолданылуы есімдер мен фамилиялардың тек басқа буындарында ғана емес, ортасында да кездесіп отырады. Мәселен, Пактагүл, (әдеби тілдегі Мақтагүл орнына), Палым (Балым); Полат (Болат), Палымбет (Болымбет), т.б. Алматы, Жамбыл, Талдықорған облыстарында, сондай-ақ, Семей, Шығыс Қазақстан облыстарының кейбір аудандарында әдеби тілімізге дауыссыз ұяң ш дыбысы орнына тіл алды ч дыбысы қолданылады. Мәселен, Ақчал, Чегебай, Чотбай, Чойбек, т.б.

Тілімізде халықтың осындай ұлттық психологиялық түсінік, ырым, наным-сенім негізінде дүниеге келген есімдер өте көп. Айталық, аты айналған Қорқыт есімінің шығу тарихы «Қорқыт ата» кітабында: «Қорқыт ата дүниеге келгенде, табиғат алай-дүлей қаһарына мініп, көк аспанды қара бұлт басып, бірнеше күн қараңғылық билеп, елдің зәре-құты қашырған күн болыпты» делінген. Халықты қорқытқан бала деп атын Қорқыт атапты десе, енді бір деректерде Қорыт түбірі-күт-береке, байлық, ырыс мағынасында қойылған есім делінеді.

Тіл білімінде бүгінгі таңда тіл арқылы мәдениеттанудың бір-бірімен өзара тығыз байланысты жаңа ғылыми бағыттары қалыптасып келеді. Соның бірі - этнолингвистика. Этнолингвистика - этнос болмысын оның тілі арқылы танып - білу мақсатында туындаған лингвистиканың жаңа да дербес бір саласы.

Тіл әлемінің өзіндік табиғатын, даму заңдылықтарын толық та, жан-жақты зерттеу барысында іштей жіктеліп, дүниеге келген социоллингвистика, психоллингвистика, статоллингвистика іспеттес этнолингвистика да - «этностаным» мен «тілтаным» ғылымның ортақ мәселесі шеңберінде тоғысу нәтижесінде пайда болған жаңа сала.

Профессор М.М. Копыленконың пайымдауынша, «этнолингвистика» термині ғылым әлемінде ең алғаш шетел ғалымы Уорфтың идеясы негізінде этнография мен социология ғылымдарының аралығынан туындаған. Ал, бұл идея Э.Сепирдің тіл фактілерін этнос мәдениеті мен жеке тұлға тұрғысынан қарастыратын теориясымен сәйкес болғандықтан, ғылымда «Сепир – Уорф болжамы» деген атпен де белгілі болып келеді.

Алайда, этнолингвистика идеясын әр қырынан және әр деңгейде қарастырып келе жатқан ғалымдардың (мәселен, В.Ф.Гумбольд, В.Вунт, Г.Шухард, Ф. Де Соссюр, Бодуэн де Куртене, т.б.) өздері де о бастан-ақ, этнолингвистиканың «Этнос пен этнос тілі» негізінде қалыптасқанын толық мойындаса да, олардың өзара қатыстылығы мен үйлесімін айқындауға келгенде бір жерден шыға алмай жүргендігі мәлім. Мәселен, этнолингвистиканың аяқ тірер бір табаны - «этносты» кейде «этнос» деуден қашқақтап, сан-саққа жүгіртіп, біресе «мәдениет», біресе «тарих пен әлеуметтік жағдай» деп, оның шеңберін тарылтып, бүтіннің бөлшегі ретінде көрсетулері ерекше көзге түседі.

Ал, кейінгі кезде АҚШ-та қалыптаса бастаған тағы бір көзқараста этноста «Адам» деген ұғыммен алмастыру арқылы этнолингвистиканың баламасы ретінде антропология (адам туралы ғылым) терминнің пайдалану үрдісі де байқалып отыр.

Этнолингвистиканы тек «Көне дүниені зерттеуші» ғылым деп танып, оларды байырғы халық тілінен, жергілікті тіл ерекшеліктерінен іздеу орыс ғалымдарына (Н.Т.Толстой, В.Н.Топопоров, В.В.Иванов, т.б.) тән дәстүр десе болады.

Бүгінгі таңда қазақ этнолингвистикасының ғылыми негізгі қалыптаса бастаған, жан-жақты ізденіс нәтижесінде өзіндік ерекшелігі мен үрдісі айқындалып келе жатқан, дербес те перспективті ғылым саласы ретінде танылып отыр. Мұны белгілі ғалым профессор М.М.Копыленко өзінің «Этнолингвистиканың негіздері» деп аталатын еңбегінде айқын көрсеткен. Қазақ этнолингвистикасына қатысты мәселелер жөнінде бұл еңбектің берері мол. Онда қазіргі қазақ тіл білімінде дүниеге келген этнолингвистика ғылымының төңірегінде ғылыми мектеп қалыптасқандығы және бұл салада бойынша көп жылдар бойы үздіксіз жүргізіліп келе жатқан ізденістердің нәтижесінде жалқы есім атауларының тілдік сипаты айқындала түскен. Этнолингвистика - о бастан-ақ екі ұдай объектінің, этнос пен оның тілінің ортасынан туындаған ғылым саласы. Демек, бұл - этнос пен оның тілі арасындағы табиғи тұтастықты саналы түрде сарапқа салып мойындау «этнос жоқ жерде тіл болмайды, тілсіз этнос болмайды» деген қағиданы нақтылап зерттеуге өзек ету деген сөз. Әдетте осы екі объектіні - «этнос» пен «тілді» - біз тым еркін, кең мағынада да, тар мағынада да қолдана береміз.

Қазақ антропонимдері саны жағынан да, мағынасының байлығы жағынан да өте көп. Солай бола тұрса да, адам есімдері тілдік таным тұрғысынан зерттеген уақытта басқа халықтар сияқты бір есімдердің қайта жаңғыру немесе қайталанбауы сияқты құбылыстардың болатындығы байқалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ тілінің энциклопедиясы./ Құраст. Құдабаев А.Ж. - Алматы: «ИДК-ТИПО редакциялық баспа орталығы, 1998 ж.
2. Жанұзақов Т.Ж. Есіміңіз кім? Ваше имя?./ Т.Д.Жанұзақов-Алматы: Қазақстан, 1989 ж.
3. Жанұзақов Т.Ж. Қазақ есімдерінің тарихы/ Т.Д.Жанұзақов, Алматы: Қазақстан, 1997 ж.
4. А.Н. Супераньская. «Что такое топонимия?» Москва, 1982 ж.
5. К.Еспаева. «Қазақ есімдері». Астана, 2004 ж.

Антропонимы - одно из видов науки ономастики, изучающая этимологию, языковую особенность имен людей. В этой статье идет речь о том, как присуждают имя будущему поколению, соблюдая древние традиции нашего народа относятся к мировой ономастике, даются пути исследования лексико-грамматического состояния.

This article deals with the giving names to the future generation of the Karahh people.

Which refers to the world onomastics The article also refers about the research and lexico-grammatical description of giving names.

ӘОЖ 83:82.3(574)

*Мұхамбетқалиева Р.Қ. - ф.ғ.к., доцент,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ*

ЕҢБЕК АДАМЫНЫҢ ӘДЕБИЕТТЕГІ КӨРКЕМ БЕЙНЕСІ

Қазақ халқының өткеніне байланысты деректемелердің маңызды салаларының бірі - әр аймақтың тарихы мен саясатына, әдебиеті мен мәдениетіне, халықтың жалпы тыныс-тіршілігіне еңбегі сіңген елеулі тұлғаларының ерен еңбектері мен өмір жолдарын дәріптеп, өскелең ұрпаққа үлгі етерліктей тәрбиелік мәнін ашудан да көрінеді.

Жайық бойы – Қазақстанның батыс өлкесінің дүниелік, рухани құндылықтарының мол қордаланған өлкесі. Өңіріміздің тарихын және сол тарихты жасаушы тұлғалардың өз тұстарындағы қоғамдық ортадағы айрықша орны мен атқарған адал еңбектерін еселейтін болсақ, солар арқылы сан салалы батысқазақстандық үлкен тарихтың көкжиегінің кеңейетіні де хақ.

Өмір саласының барлық қыр-сырын ішегінің қырындысына шейін бейнелейтін және бейнелеуге тиісті әдебиет секілді ірі жанрдың назарынан ешбір мәселе қағыс қалмайтыны да заңдылық. Себебі адам факторы үшін қызмет ететін руханияттың өзегі әдебиеттен бастау алып жатса, елге, елдегі адамдарға қатысты мәселелердің бәрі дерлік әдебиеттің төл нысаны болып қала бермек.

Әсіресе, соңғы онжылдықтар көлемінде еліміздің ұланғайыр тарихын қайта жаңғырту мәселесінде отандық тарихқа қарымды үлестерін қосқан субъектілердің еңбек жолдары мен тағылымды өмір тәжірибелері де қоғамдық даму институттарының аса маңызды ажырамас бөлігіне айналып отыр. Соның бірі – «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының басты нысанына айналған: әрбір қоғамдық ортадағы жеке тұлғалардың елдің рухани-материалдық құндылықтарына қосқан үлестерін еселеумен бірге, олардың атқарған еңбектеріне қарай есімдерін ұлықтау мәселесіне назар аудартады. Әрине осы жайдың басы-қасындағы келелі істерді айнадағыдай бейнелеуге бейімді әдебиеттен үлкен жауапкершілік талап етіледі. Әдебиет басқа да өнер түрлері секілді адам және қоғамды өз бояуымен жетістіретін бейнелеуші сала ретінде өмірдің мәнін өмірдің өзінен алып, дәуірлік уақыт пен кеңістік мәселесінің жанды ортасын жасай да алады.

Осы орайда, әдебиеттегі көркемдік таным бағытында сөз еткелі отырған еңбек адамының бірі – жерлесіміз, қадірлі азамат Фазыл Мұхамедғалиұлы Мұхамедғалиев - Бөкейордасынан шыққан алғашқы биолог-академик, зоолог, қазақтың ауыл шаруашылығының майталманы, мал саласының білгір генетик-эмбриологі ретінде Қазақстанның ауыл шаруашылығы тарихынан ойып орын алуға құқылы ірі тұлға. Ол - тіпті шығандатып айтсақ, елдігімізбен құрдас, ежелгі «Қарабай идеясын» алғаш іске асырып, еліміздің қиын-қыстау кезеңдерінде қазақтың төрт-түлігінің әлемдік үлгісін жасап, генетика мен селекция саласына қомақты үлес қосқан малжанды ғалым болатын.

Ал «Қарабай идеясы» деп көркемдікпен тұмшалап отырған ұлттық түсініктің астарында әдебиетімізде көп сөз бола бермеген қазақ экономикасының бұдан 5-6 ғасыр бұрынғы малжанды қазақтарының төрт-түлік төңірегіндегі ежелгі «инновациясының» жетістіктері қордаланған. «Қарабай идеясы» - мал қадірін өз қадіріндей сезінген жандардың ел молшылығын еселеуде елдің табиғи байлықтарымен қоса, жалпы тіршіліктегі флора мен фаунаның озық жетістіктерін мақсатты іске жұмсай біліп, ұлттық ырзықты бабасына

табынғанындай дәріптеп, анасындай құрмет тұтып, баласындай қорғауға бейімді іс-әрекеттерінен туындаған.

Талай ұрпақтың мектеп табалдырығындағы оқу-тәрбиелік үдерісінің ондаған жылдар бойы күн тәртібінен түспей келген әдебиет оқулығындағы санаға әбден орнықтырылған жағымсыз категориялардың алғы шебінде: «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырындағы – Қарабай бейнесінің тұрғандығы мектеп көрген баршамыздың есімізде. Қарабай бейнесі бізге дәріс берген ұстаздың да, оны тыңдаған біздің де ұғымымызша соншалықты жексұрын, сараң, мал десе өмірін де қиятын, жалғыз қызы Баянды да малын шөлден құтқарған көлденең көк атты Қодар құлға бермекші болған қатігез кейіптегі жамандықтың символындай санамызға қалыптастырылды, бірақ сол бір «малым аман болсыншы» деп өткен ежелгі қытымыр қазақтың бойынан кейінгілер, ең болмағанда, оның адам сүйер бір қылығы жоқ дегеннің өзінде, малмен бірге өріп, малмен кешті батырған малжанды болмысынан ұлттық тірліктің арқауы үзілмеуі тиісті тіршілік идеалдарына өреміз жете бермеді. Тіпті әлі де ұмытылып үлгермеген, күні кешегідей басымыздан өткерген өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарындағы дағдарыс кезінде де алдында асы, үстінде лыпасы болмаған ауыл кенішіндегі қазақтардың бір қойды бір шөлмекке айырбастап, көшеде қайыршылықтың «серенадасын» соғып жүргеніне талай куә болдық.

Ал сол ұлттық төрт-түліктің саны мен сапасына ғасырлар бойы қабырғасы қайысқан «Қарабайлардың» арқасында төрт түлігіміз жер бетінен жоғалып кеткен мамонттар секілді «Қызыл кітап» беттерінде қалмай, ежелгі айқай қарттарымыздың көзінің қарашығындай сақтаған мал тұқымдарының ең соңғы легі десе болғандай, бүгінгі біз көріп жүрген сүреңсіз мәліш жандықтардың жілігін кемірудің де азды-көпті ырзығы бізге бұйырғанына шүкіршілік. Осының бәрі - білімсіздіктің, болашақты алысқа мегзеп үйренбеудің, күндік қызыққа бой ұрушылықтың, ұлттық көрегенділіктен тініміздің ажырай бастаған кездері десе артықтық болмайды.

Талғамсыз талданған немесе әлі күнге сол ізбен талданып жататын әдеби мұралардың ішкі табиғатына бойлай білмегендіктен, кім не айтса, соның пікіріне жығылдық, өзгенің ойымен ойластық, өзгенің сөзімен қайшыластық, біреуді жамандаса, тұқымына шейін құрттық, дәріптеуге тұрмайтындарды аспандата шығандаттық, әдебиеттегі бүкіл материалдар сол әдеби мәтіндерді құрастырушының көзқарасымен бағаланды, мәтін ішіндегі мәселеге айтарын болса да көмейге келіп шырқыраған шындықты қайта жұттық немесе айтпағымызды «мақтаға орап» айттық.

Малды ауылда өскен осы біздердің де дәріс берген әдебиет мұғалімімізге Қарабайдың қорлығы өткеніндей екілене айтатын әңгімесінен кейін қорадағы бес жандығымызға үрпие қараған кездеріміздің де болғаны рас... Пайымсыз әңгіменің де санаға жарықшақ түсіріп, ұлттық тірліктен тінімізді ажыратып бара жатқанын түсіне бермеппіз. Мал тұрған қораға мұрын шүйіре қарап, тіпті кей қазақ қарапайым еңбек адамына немесе мал баққан малшыға қызы кетсе, тағынан түскендей бола бастағанымыз да шындық. Тіпті бүгіндері мамандығы зоотехник пен мал дәрігері болғандардың өздері де «Дипломмен ауылға» бағдарламасынан үміттенетіні де расқа айналып барады, қайсыбірінің өмірлік мамандығы тікелей мал төңірегінде болса да, мемлекеттің қаржысын шашып білім алғанымен, елімізде малдың жоқтығынан емес, бар малдың басын сақтап қалуға құлықтарының жоқтығынан қалада көше сыпырып жүргендеріне мәз.

Бүгінгі таңдағы малға деген осындай енжарлық көзқарастарды тізбелеудің тасасында, қазақ өмірінің әр кезеңінде мал шаруашылығына ата кәсіптің

төресіндей қарап, саналы өмірлерін арнап өткен іскер жандардың да болғандығын және қазіргі таңда ауыл шаруашылығына үлкен бетбұрыс жасалып жатқан шақта олардың толағай еңбектерін жас зерделерге жеткізу де әдебиетші қауымның қоғамдық қатынастарды бейнелеуші ретіндегі міндеті деп санаймыз.

Қазақтың ауыл шаруашылығы тарихында ерекше азаматтық бағыт ұстанған, біз түсінбей өткен «Қарабай идеясын» жүреппен сезініп, малмен күн кешкен ауылдың шаруасын ешбір тірлікке айырбастамай өскен, 17 жасында оқу іздеп қалаға кеткен батысқазақстандық жерлесіміз Фазыл Мұхамедғалиұлы Мұхамедғалиев жарқыл-жұрқыл дүниенің ешбір қызығына еліктемей, елде өскен елгезек мінез-құлқын өзгертпестен, 1929 жылы Ордадан орта білім алысымен, басқа салаларға өресі жетіп тұрса да, Алматыдағы зоотехникалық мал дәрігерлік институтына түсіп, 1933 жылы оқуын үздік бітіреді. Есіл-дерті мал шаруашылығы төңірегіндегі білімін жетілдіріп, өзінің туған ауылы Бөкейдегі Мешітқұмға оралып, ауыл шаруашылығын көтеру болғанымен, талантты жасты аталмыш оқу орны елге жібермей, аспирантураға қалдырады. 1936 жылы ғылыми диссертациясын сәтті қорғап, биология ғылымының кандидаты атағын алады.

1939 жылы әскерге кеткенге дейін өзі оқыған жоғары оқу орнында әуелі ассистент, доцент, кафедра меңгерушісі, директордың ғылыми істер жөніндегі орынбасары болып қызметтер атқарады. Фазыл Мұхамедғалиұлы әскер қатарында жүргенінде тағдыры кенеттен басталған Ұлы Отан соғысына ұласып, Отан қорғау үшін соғысқа аттанады. Елге 1945 жылы аман-есен оралысымен, өзінің ғылыми ізденістерін қайта жалғайды. Соғыстың да анда-санда болса да дамылдайтын сәттерінде өлең жазатын ақынжанды жауынгер жігіттер өлең жазып, қайсыбірі сурет салып отырғанда, Фазыл отыра қалып, ғылыми ойларын қағазға түсіре беріпті. Қырғын соғыстың ішінде жүрсе де өлім туралы ойды бойына дарытпағандығынан болар, өзін бейбіт өмірдің игі істеріне арнап білімін жетілдіре береді.

Майдан жылдарында ойластырған ғылыми толғамдарын төрт жыл ішінде игеріп, 1949 жылы биология ғылымдарының докторы атағын иемденді, іле-шала озат еңбегі бағаланып, профессор дәрежесіне жетіп, ал 1951 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшелігіне сайланды.

Сол жұлдызды 1951 жылдан 1979 жылдарға дейін Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы академиясының Қазақ филиалы Президиумы председателінің орынбасарлығынан бастап, Алматы зоотехникалық мал дәрігерлік институтының ректоры, Қазақ Ауыл шаруашылығы Ғылым академиясының президенті, Бүкілодақтық Ауыл шаруашылығы Ғылым академиясының Шығыс бөлімінің академик-секретары, ВАСХНИЛ академигі, ВАСХНИЛ Шығыс бөлімі Президиумының председателі және ВАСХНИЛ вице-президенті секілді тағы да басқа көптеген жауапты қызметтерді атқарады.

Фазыл Мұхамедғалиұлының көршілес немесе шет елдерде өткен ғылыми басқосулардағы жасаған баяндамаларының өзекті мәселелері отырыс залдарының қабырғасында қалмай, оның іргелі ойларын білгісі келетін Австрия, Венгрия, Закавказье немесе мал шаруашылығымен айналысатын туысқан түркі тектес елдердің биолог ғалымдарын өзіне тартып, олармен үнемі ғылыми байланыста, достық қарым-қатынаста болуына кең жол ашты.

Ол әрдайым танымал болған сайын кішіпейіл, жетістіктері еселенген сайын қарапайым бола түсті, биік тұғырларға көтерілген сайын халқына жақындай берді, туған елге қажетті мақсатты ісіне асқан жауапкершілікпен қарап, қай істе де өз сорпасында өзі қайнап жүрмей, айналасына білікті шәкірттер, малжанды жастарды топтастырды. Өз тұсында ол шәкірттеріне: «Біздің ата-

бабаларымыз надандығынан немесе қолынан басқа тірлік келмегендігінен ғасырлар бойы мал соңында салпаңдамаған, олар алдағы бірнеше дәуірдің тыныс-тіршілігін көрегенділікпен жобалап, адамзат баласы игере алатын көптеген тіршілік көздерінің ішінен мал шаруашылығын үйлесімділікпен таңдап, оны жетілдіру жолында бар білігін аямаған. Сондықтан біз де мал атаулыны ел байлығының басты көзіне айналдырып, оның ұлттық тіршіліктегі маңыздылығын ғылыми түрде дәлелдеуіміз керек» - деп қайталаудан жалықпайтын.

Жерлесіміз Фазыл Мұхамедғалиұлының қазақ ауыл шаруашылығы саласындағы: мал өсіру кәсібін, малдағы ауруларды емдеу, сұрыптау мен көбейту мәселелерін авангардтық дәрежеге көтерді. Әсіресе, оның ұсақ және ірі қараның эволюциялық морфология мәселелерін терең талдап, жеке органдар мен орган жүйелері арасындағы корреляцияны тұтас организм тұрғысынан жан-жақты, түбегейлі зерттеген ғылыми тұжырымдары аса маңызды болғандықтан, отандық және шетелдік оқулықтарға енгізілді.

Білгір ғалым малдың эволюциялық морфологиясы мен генетика ғылымдарын түйістіре отырып, биологияға «морфогенетика» саласын әкелді. Малдың сүйек қаңқасын, тыныс алу, жүрек-тамыр, ет жүйелерін, тері-түгін зерттеу барысында малдың жаңа түрдегі тұқымдарының ерекшеліктерін анықтауға, тұқымқуалаушылық көріністеріне толымды жауап ала білді. Автордың жануарлар биологиясын үш бөліммен қарап: морфогенетика, жануарлар жасы генетикасы және жануардың өсу заңдылығы тұрғысында ашқан жаңалықтары биология ғылымын дамытудағы зор үлесі деуге болады.

Ғалымның малды тіршілік атаулының небір төрелерінің қатарына қойып, олардың өсу кезеңдерін адам физиологиясын қарастырғанмен теңестірді. Қарапайым қой төлінің өсу бағытын бірнеше мерзімдік метрияға салып, жаңа туған кезеңін: 10-15 күндік, ең өскіш кезеңін: 1-3 ай аралығы немесе өсуі баяулайтын кезеңді: 4-5 ай, ал жетілу кезеңін: 6-7 айларда болатынын мұқият қарастырды. Бұл – бүгінгі таңдағы қазақтың заманауи мал шаруашылығының да ыждағаттылықпен ескеретін заңдылығына айналды.

Фазыл Мұхамедғалиұлының зерттеу жұмыстарының нәтижелі жемісінің бірі – қойды қыс кезінде төлдету мәселесі. Қыста және ерте көктемде туған төлдің биологиялық өсу қарқыны республикамыздың табиғи-климаттық зоналарына бейімділік жағынан тиімділігі көрсетіліп, Қазақстанның аймақтық ерекшеліктері ескеріле отырып, қыс мезгілінде төлдетудің іске асырылуына өз тұсында-ақ жол ашты.

Ғалымның зерттеу нысандары сан-салалығымен ерекше болатын. Жануарлар эмбриологиясы туралы тың ойларын тұрақтандыру мақсатында қой малына дүркін-дүркін цитологиялық, гистохимиялық, биохимиялық және цитоморфологиялық зерттеулер жүргізуінің нәтижесінде малдағы гетерозис механизмін анықтап, бұл резервтік құбылысты мал шаруашылығында дұрыс пайдаланудың жаңа үлгісін көрсетті. Яғни малдың дұрыс дамуы мен өсімталдық сапасына әсер ететін факторларды сауатты түрде анықтаудағы жетістіктерімен Фазыл Мұхамедғалиұлы басқарған Биологиялық зерттеу институты өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында ең ірі Ғылыми Орталыққа айналды.

Ғалымның көреген басшылығымен Қазақстанның шығысы мен оңтүстігінде кроссберд қой шаруашылығын жандандыру мақсатында бірнеше облыстың қой өсіретін аудандарында генетика-селекциялық ірі машықтық зерттеулер жүргізілді. Шығыс және Орталық Қазақстанның таулы, қыратты жерлерінде биязы жүнді қойдың жаңа түрлері пайда болды. Бұдан бұрын да ғалымның көкейінде жүрген, кейіннен жүзеге асырылған жетістіктің бірі –

аналық қойлардың үздіктерін барынша пайдалану арқылы өзге мекенде қиын жерсінетін қой тұқымынан қошқар өсіру әдісі болатын, яғни зиготаны трансплантациялау әдісімен төрт мың бас қой отары құрылып, линкольн қой тұқымының кроссберд қойын өсіруге қажетті жоғары өнімді қошқарлары жеткілікті түрде өсірілді. Қазір бұл қойлардың, әсіресе, арқар меринос қойларының да ерекше түрлері таулы жайылымдарда жиі кездеседі. Тіпті біздің өлкемізде де меринос қойлардың алуан түрлері өсіріліп, батысқазақстандық қой шаруашылығынан өз орнын тауып отыр.

Ғалымның мал төңірегіндегі жасаған эксперименттері Қазақстанның бар аймағында өткізілгендіктен бе, ол малдың қай аймақтан екендігін дәмінен де айыра білетін мықты сыншыл адам болған. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары ол Бөкейордасының Мешітқұм, Жиеккұм, Шәпи деген жерлеріндегі малды мекендерді шәкірттерімен бірге аралап жүргенінде, қадірлі қонақ ретінде өзіне тартылған табақтағы еттен ауыз тиісімен айналасындағыларға: «Қазақстанның әр аймағының малының түрінен де, дәмінен де өзгешелік мықты байқалады. Жетісу, Шу өңірлерінің қой етінен алма татыса, ал біздің өлкенің малының етінде жусанның кермек дәмі басым және болбыр емес, еті тығыздау келеді» - деп бағасын айта отырып, айналасындағы жастардың мал өнімдерінің дәм-тұздағы ерекшеліктеріне де аңғарымды болуларын көздепті.

Ғалымның қазақ тіршілігінің әр дәуіріндегі даму үдерістерін де бір тарихшыдай білетіндігі жас мамандарды үнемі таң қалдырып отырған. Өз тұсындағы мал шаруашылығының жай-күйін жіті меңгерте отырып, қазақтың ұлттық тіршілігіндегі, соның ішінде, жеке ұлыс бола бастаған XV-XVII және XVIII ғасырлардағы хан ордаларындағы шаруашылық жүйелерінен де салыстырмалы-типологиялық мәліметтер келтіріп, тіпті мал дәрігерлік жаңа заманғы ғылыми-практикалық зерттеулермен қоса мал ауруларын емдеудегі халықтық емсектер пен оташылардың ежелгі іс-тәжірибелерін де қолдана білудің жолдарын үйретуден жалықпаған.

Қой малынан басқа ірі қара малдың да, тіпті мұсылмандар үшін төрт-түлікке қосылмайтын шошқа өсірудің де қыры-сырын бір орыстан кем білмейтін ғалым соғыстан кейінгі тұралап қалған шаруашылық кездерінде: «Қой - қазақтың өз малы, ал шошқаны да өзекке теппейік, ел экономикасын көтеруде бұл бар болғырдың да қажеттігі болады...» - деп күліп отырады екен.

Фазыл Мұхамедғалиұлының ғалым ретіндегі ерекше қасиеті: өзі діттеген ғылыми-теориялық ой-тұжырымдарын қағаз бетінде қалдырмай, Қазақстанның бар аймағында практикалық тұрғыда машықтан өткізілуін қадағалап, тұжырымды нәтижесімен шынайы құндылыққа қол жеткізе білуінен көрінді.

Бүгінгі таңда еліміз ауыл шаруашылығына ниет бұрып, мал, диқаншылық немесе егін шаруашылығын дамыту мақсатында жұмыстанып жатқанда, Фазыл Мұхамедғалиұлы сынды мәртебелі ғалымның ауыл шаруашылығымызға қосқан сүбелі еңбектерін еске алып, халық тіршілігінің білікті маманының еңбектерін іздеп жүріп оқитындай жағдайға жетуіміз керек, себебі ғалым малжанды ғана емес, егіншілік кәсіптің де бүге-шігесін бір агрономнан кем білмейтін диқаншылықтың да көп сырын ашып кеткен жершіл адам болатын.

Талантты адам қай салада да жан-жақты болатындығынан болар, Фазыл Мұхамедғалиұлы тамаша ұстаз, өзі секілді жалынды жастарды ғылымға тартқан мықты ғылыми жетекші де болатын. 30 кандидаттық, бес докторлық диссертация қорғатып, ұстаз ретінде ғылыми жапырағы жайылған дара тұлғалы, ғылымға адал жан еді. Бір өзі өрлей бермей, өзі тақилеттес шәкірт дайындай білетін адамды ғана осылайша ұстаздықтың тамаша үлгісіне балауға болады.

Жерлесіміз, Бөкейордасының Мешітқұм аулының перзенті, ауыл шаруашылығының білгір маманы, Қазақстанның биология ғылымына толағай үлес қосқан академик ғалым Фазыл Мұхамедғалиұлы Мұхамедғалиев биыл 100 жасқа толып отыр.

Осы орайда, тек Батыс Қазақстанның ғана емес, жалпы Қазақстанның ғылымы мен білім саласының мерейін өсіріп, бүкілодақтық биология ғылымының тарихынан ойып орын алған ғалымның өнегелі өмірін, тіпті қазақ қазақ атанғалы оның есімімен қоса өрілетін төрт түлігінің жай-күйін бір қазақтай біліп, оның өсіп-өнуіне бар білігі мен білімін арнап кеткен ірі тұлғаның ел экономикасына қосқан мол үлесінен құлағдар болуымыз артық емес.

Ғалымның білімі мен төл тәжірибесін немесе өз қолымен тындырған азаматтық іс-әрекеттерін үлгі ете отырып, бүгінгі жас ұрпағымыз да мал шаруашылығының тек материалдық пайдасын ғана иемденуге иектей бермей, оның адамзат тіршілігіндегі руханилыққа бастайтын: табиғатқа, жалпы тіршілік атаулыға деген құрметті сезімдерін орнықтыруға септігін тигізетін, дәл осындай қазақы еңбектің өресін ғылыми танымға дейін көтерген ауыл перзентінің малжандылығы мен сақи мінез-құлқын, елжанды қасиетін де үлгі етуді мақсаттандық. Себебі заманауи еңбектің ендігі жерде тек құр пайдалылықтың шекарасында қалмайтындығы, еңбектің қай түрі де шығармашылық көзқарасты талап етіп, ғылыми танымға негізделуге бейімділігі арта түсетіндігі күн санап айқын бола түсуде.

Сондықтан, болашағын алысқа мегзей білетін әрбір азамат өзі еңбек ететін саласында еңбекке емес, еңбек өзіне қызмет ететіндей ресурстардың көздерін тауып, қол еңбегінің рухани сілемдерін алға салуды үйренгені ләзім.

Осы орайда, материалдық құндылықты еселеудегі сирек кездесетін еңбек адамдарының рухани қадір-қасиеттеріне ерекше назар аударып, еңбек атаулыны, соның ішінде, ұлттық мүкәмалдарымызды дәрежелей білген адамдардың жарқын үлгісін ғалым Фазыл Мұхамедғалиұлы сынды қазақ мал шаруашылығының майталманының болмыс-бітімінен тауып, еңбек адамының әдебиеттегі көркем бейнесін жасауға талаптандық.

Туғанына ғасыр толып отырған ұлы академиктің халқымызға арнап кеткен толағай еңбегі белгілі бір салаға бөліне жарылмайды, бөлшектенбейді, ол атқарған іс - халық шаруашылығының да, әдебиеттің де өзекті мәселесі, себебі ғасырлар бойы ата-бабамыздың ән-жырынан түспеген төрт түліктің және сол салада етігімен су кешкен еңбек адамдарының да бейнесі - халық әдебиетінің ең басты да өзекті тақырыбы болғандығы хақ.

Әдебиет - шын мәнінде, әрдайым адам факторына қызмет ете алған жағдайда ғана, әр аймақтағы озық субъектілердің мамандығына қарай санамалап сұрыптаумен емес, барлық саладағы еңбегімен елін мойындатқандардың үлгі-тағылымдарын өкше басқан ұрпақ тәрбиесі үшін айнадағыдай бейнелей алатындығымен өлке тарихына адал қызмет ете алады.

Есімдерін ерекше құрметтеп, еңбектерінің жемісін айтып тауыса алмайтын азаматтарымыз сан-салалы тіршілікте көптеп кездеседі, сондықтан олардың жарқын бейнелері біздің өлкенің паспортындай жас ұрпақтың жадында әдебиет арқылы қастерленуі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Краткий очерк научной, педагогической и общественной деятельности академика ВАСХНИЛ и Академика наук Казахской ССР Ф.М.Мухамедгалиева. Алма-Ата, 1981.

2.Кандидатские и докторские диссертации выполненные под научным руководством Ф.М.Мухамедгалиева. Алма-Ата, 1982.

3.Литература о жизни и трудах академика ВАСХНИЛ и Академии наук Казахской ССР Ф.М.Мухамедгалиева. Алма-Ата, 1982.

4.Материалы к библиографии ученых Казахстана. Алма-Ата: «Наука», 1981.

В статье отображается литературный образ уроженца Западного Казахстана известного ученого, генетика, академика, Мухамедгалиева Фазыл Мухамедгалиевича на примере его жизни и деятельности в честь его столетия.

The article describes the literary image of scientist, geneticist and an academician of Biological Sciences Muhamedgaliev Fazil Muhamedgalievich to 100th anniversary day of his birth.

УДК 821.161.1

Опря О.В. - к.ф.н., доцент,
ЗКТУ им.М.Утемисова

ОСОБЕННОСТИ ПОЭТИКИ ПОВЕСТИ В.И.ДАЛЯ «САВЕЛИЙ ГРАБ, ИЛИ ДВОЙНИК»

Владимир Иванович Даль вошел в большую литературу в начале 1830-х годов под псевдонимом *Казак Луганский* и сразу же завоевал широчайшую известность, популярность, став к середине 1840-х годов признанным классиком, о чем свидетельствует высказывание В.Г.Белинского: «После Гоголя это до сих пор решительно первый талант в русской литературе».[1] Однако и Белинский, и вслед за ним некоторые русские писатели и критики (И.С.Тургенев, А.Н.Пыпин) решительно не признавали художественных достоинств далевских произведений. Тургенев считал, что нет в "рассказах" Казака Луганского "особенно художественного достоинства со стороны содержания". Даль остроумен, но "у него мало юмора", он "балагурит немного, щеголяет "словечками" [2]. Безусловно, со времени написания тургеневских рецензий взгляд на художественную сторону прозы Даля изменился, но не все еще произведения подверглись целостному анализу. Так, например, не исследована поэтика повести Даля «Савелий Граб, или двойник» (1842 год)[6]. Украинская исследовательница Н.Л.Юган предприняла попытку изучить сюжет повести. Она определяет повесть как социально-бытовую[3]. Однако читатель не видит в повести широких картин общественной жизни. Нет в ней и общественно-значимых проблем, конфликтов. Считаем, что данную повесть можно определить как семейно-бытовую.

В центре произведения – истории и судьбы нескольких украинских и польских семей. Центром повествования становится украинская помещичья семья Сергея Сергеевича Бабачка. Центр художественного мира повести не сюжет, а основная смысловая нагрузка связана со статическими элементами – описаниями, лирическими отступлениями, вставными новеллами. Даль представляет жизнь своих героев в деревне Шпиговке: это размеренный провинциальный помещичий быт. Ключевое художественное средство описания сельского праздника – ирония. Бабачок празднует дни рождения своих дочерей со всей пышностью, на какую способен сельский помещик: «...надо скатерть-хлебосолку с черного конца на красный хоть зубами натянуть». Главенствующую роль в доме выполняет жена, что соответствует

культурным постулатам того времени. Домовитая помещица-крепостница распоряжается не только приготовлением пиршественного стола, но и судьбами дочерей. С иронией описывает автор приготовление блюд: «выпотрошенные курицы лежали чинно на столе», «старый вол был передан семейному пиру на жертву», подана «ижица с точкой – то есть пирожное». Говоря о приехавших гостях, автор восклицает: «Что за потешные снаряды для езды сползли и сгромоздились тут со всех концов уезда на один двор!». Описать типичный помещичий бал автору удастся с помощью разговорной лексики: «Барыни в гостиной чинно насиделись, барышни, столпившись вокруг холодной печи, нашушукались вдоволь, молодежь, в брызжах, под цвет платьев барышень, нашаркались, наломались и наловили с три короба невзначай оброненных миловидных взоров и вздохов, вытерли стены и двери спинами своими вокруг...». Облик недалеких сельских помещиц автор создает, прибегая к сатире. Так, автор говорит, что слуга Савка каждый раз после застолья снимал мерку с чепцов местных модниц и приносил потом для сальных свечей «хитро вырезанные фигурки», напоминающие по форме чепцы. Автор высмеивает местную даму, которая не знала, как носят правильно чепцы и шляпы, и носила все это вместе, уверяя округу, что это – современная мода. Даль подсмеивается и над дочерью своего героя. Культурный уровень дочерей Бабачка заключается в том, что они умеют играть на гусях.

В характеристике помещичьего мира особую роль играют лирические отступления рассказчика. Одно из отступлений касается русского обряда сватовства. Даля беспокоит тот факт, что в брак вступают по расчету, сватовство больше похоже на выгодную сделку. Девушку выдают замуж, расхваливая ее приданое, имущество, а не личностные качества. Счастье молодых доверяют в богатых семьях свахам, которые не заботятся о последствиях: «Что после будет – до этого им нет нужды». Самое страшное, замечает Даль, что «многие так женятся, плодятся и множатся». Подобным сватовством чуть не портят судьбу одного из главных героев повести – Иваси (Василия), воспитанника соседского помещика Бублинского. В семье Бабачка знают, что Ивася богат, поэтому и ждут от него союза с одной из своих дочерей. Даль гневно осуждает местных помещиц-сплетниц, которые стараются сочинить такие небывлицы, чтобы вынудить Ивасю жениться. Приемных родителей Иваси – Бублинских – заботит только, чтобы он ни в коем случае не женился на Бабачкиной дочке, ведь придется делиться деньгами. Этот главный герой скрыто противопоставлен образам помещиков. Он умен, разносторонне развит, начитан, образован, трудолюбив. На дне рождения именно он вместе со слугой Бабачков Савелием Грабом устраивает фейерверк, оригинальные световые эффекты, театральное представление. Узнав о готовящемся сватанье, чтобы уберечь девушку от пересудов, Ивася отправляется в путешествие. Он ставит себе несколько целей: «1. Собрать по пути названия местных урочищ, расспрашивать о памятниках, преданиях и поверьях, с ним соединенных, 2. Разузнавать и собирать, где только можно народные обычаи, поверья, суеверья, песни, сказки, пословицы и поговорки, 3. Вносить в памятную книжку свою все народные слова, выражения, речения, обороты языка и наречий его». Безусловно, здесь прослеживается черта самого Даля, который с молодости и до конца жизни собирал фольклор и составил прекрасный «Толковый словарь живого великорусского языка»[4].

Ивася отправляется в путешествие, не зная, что рассказанная слугой Савелием Грабом на дне рождения сказка о двух подмененных детях очень точно воспроизводит историю его жизни. Он и Савелий Граб оказываются сводными братьями, причем богатый Ивася - теперь крепостной, а крепостной Граб – наследник богатой польской графини. Образ слуги Савелия, именем которого

неслучайно названа повесть, заслуживает особого внимания. Все в округе признают его таланты, впоследствии и немецкий заводчик высоко ценит его способности. Он у Бабачков хозяйство ведет так умело, что гости не догадываются о бедственном их положении, а когда открывается тайна рождения, первым настаивает на равном делении наследства. Крепостной крестьянин не раз становился главным героем художественных произведений в русской литературе (А.С.Пушкин, И.С.Тургенев, М.Е.Салтыков-Щедрин, Н.А.Некрасов). Примечательно, что повесть «Савелий Граб» создана Далем практически в одно время с повестями и романа Пушкина, в которых мы также встречаем запоминающиеся крестьянские образы (например, роман «Капитанская дочка» (1836), в котором создан образ слуги Савельича, глубоко преданного своим хозяевам; тут прослеживается некая переключка имен-отчеств). Примечательно, что двойник Савелия – Ивася, осуждая крепостное право, это «необходимое зло», продает имение матери и передает деньги Савелию.

Утверждение, что повесть имеет авантюрно-приключенческий сюжет, нуждается в корректировке. Если приключение и играет в сюжете какую-то роль, то служит оно совершенно другой мысли. Даль выдвигает на первый план мысли философские: что означает богатство в жизни человека? как бедняк, крепостной слуга мог за одно мгновение стать богатым и свободным человеком, но при этом не потерять человеческое достоинство? Как будто бы в противовес крепостной системе России Даль показывает завод на Урале, которым управляет англичанин Давидсон. У него порядок, потому что он не гонится, как русские, за моментальной прибылью, а думает о правильном управлении; во всем, пишет Даль, «чувствуются польза, цель, расчет, прибыль».

Высокую оценку творчества Даля в жанре повести дал Н.В. Гоголь: "Все у него правда и взято так, как есть в природе. Ему стоит, не прибегая ни к завязке, ни к развязке, взять любой случай, случившийся на русской земле, первое дело, которого производству он был свидетелем и очевидцем, чтобы вышла сама собой наизаманательнейшая повесть"[5].

Список использованной литературы:

- 1.Белинский В.Г. Полн.собр.соч.: В 13т. М., 1955. Т. IX. С.399
- 2.Тургенев И.С. Полн. собр. соч. и писем: В 30 т. М., 1978. Т.1. С.278
- 3.Юган Н.Л. Художественная специфика повестей В.И.Даля «Савелий Граб», «Небывалое в былом», «Гофманская капля» // Вісник ЛНУ імені Тараса Шевченка № 11 (198), Ч. II, 2010.
- 4.Порудоминский В.И. Даль. М., 1971.
- 5.Гоголь Н.В. Полн.собр.соч. в 14т. М., 1937-1952. Т. 8.С.427.
- 6.Даль В.И. Савелий Граб, или двойник // \Dahl\texts.htm

Мақалада В.И.Даль шығармаларының өдіндік ерекшеліктері туралы сөз қозғалады.

УДК 82

*Евстратов А.Н. - к.ф.н., доцент,
ЗКГУ им. М. Утемисова***МИР РУССКОГО ДВОРЯНСТВА И КРЕСТЬЯНСТВА
В РОМАНЕ А.С.ПУШКИНА «КАПИТАНСКАЯ ДОЧКА»**

«Капитанская дочка» - одно из наиболее совершенных и глубоких созданий Пушкина – постоянно была в центре внимания исследователей-пушкинистов. В обширной литературе особо следует выделить ряд исследований Ю.Г.Оксман и главу в книге Г.А.Гуковского. Архивные разыскания и публикации документов, равно как и тонкий анализ идейного содержания повести в работах Ю.Г.Оксмана, производимый на обычном для этого исследователя широком идеологическом фоне, и рассмотрение художественной природы повести, ее места в истории формирования пушкинского реализма в книге Г.А.Гуковского составляют высшие достижения русского литературоведения этой области. И если те или иные конкретные положения этих работ могут стать предметом научного спора, то это не умаляет их значения как основы для любого дальнейшего углубления в анализ пушкинской повести. Ряд глубоких замечаний исследователь найдет в работах Б.В.Томашевского, В.Б.Шкловского, Д.П. Якубовича, Е.Н.Купреяновой, Н.К.Пиксанова, Д.Д.Благого и других. Это, однако, не означает, что проблематика «Капитанской дочки» выяснена исчерпывающе. Более того, многие кардинальные вопросы позиции Пушкина в «Капитанской дочке» все еще продолжают оставаться дискуссионными. Таково, например, истолкование знаменитых слов о «русском бунте». Если Ю.Г.Оксман считает их своеобразной данью цензурным условиям, воспроизведением охранительной точки зрения (равной взглядам Дашковой и Карамзина), разоблачаемой всем ходом повествования, вызывающего читательское сочувствие Пугачеву, то другой авторитетный знаток творчества Пушкина, Б. В. Томашевский, писал: «Оставленная в тексте романа сентенция отнюдь не вызывалась необходимостью изложения событий. Что же касается до взглядов Гринёва, как героя романа, на Пугачёва и крестьянское движение, то Пушкин отлично охарактеризовал их в других более четких словах и в самом ходе действия. Если он сохранил эту фразу, то потому, что она отвечала собственной системе взглядов Пушкина на крестьянскую революцию. За этой фразой не кроются ни презрение к русскому крепостному крестьянству, ни неверие в силы народа, ни какие бы то ни было охранительные мысли. Эта фраза выражает, что Пушкин не верил в окончательную победу крестьянской революции в тех условиях, в которых он жил».

Это не единственный из спорных вопросов, возникающих в связи с «Капитанской дочкой». Решение их следует искать на путях анализа произведения как идейно-художественного единства.

«Общие замечания», которыми снабдил Пушкин «Историю Пугачева» для Николая I, свидетельствуют о глубоком переломе, который произошел во взглядах Пушкина в ходе изучения материалов крестьянской войны под руководством Пугачева. Пушкин писал. «Весь черный народ был за Пугачева, духовенство ему доброжелательствовало <...>. Одно дворянство было открытым образом на стороне правительства. Пугачев и его сообщники хотели сперва и дворян склонить на свою сторону, но выгоды их были слишком противоположны» (1, Т. 9. Кн. 1. С. 375). Именно то, что в основе поведения людей, как теперь

считает Пушкин, лежат интересы, позволяет объединить всех дворян, без различия их идейно-интеллектуального уровня, степени свободолюбия, в один общий с правительством лагерь, противопоставленный «черному народу». Типизация художественного образа приобрела отчетливо социальную окраску.

Потому вся художественная структура «Капитанской дочки» отчетливо распадается на два идейно-стилистических пласта, подчиненных изображению двух миров: дворянского и крестьянского. Было бы недопустимым упрощением, препятствующим проникновению в подлинный замысел Пушкина, считать, что дворянский мир изображается в повести только сатирически, а крестьянский – только сочувственно, равно как и утверждать, что все поэтическое в дворянском лагере принадлежит, по мнению Пушкина, не специфически дворянскому, а общенациональному началу.

Каждый из двух изображаемых Пушкиным миров имеет свой бытовой уклад, овеянный своеобразной, лишь ему присущей поэзией, свой склад мысли, свои эстетические идеалы.

Быт Гриневых, воспитание героя даются сквозь призму ассоциаций с бытом фонвизинских героев. Уклад жизни провинциального дворянина Гринева не противопоставлен, как это было у Фонвизина, вершинам дворянской культуры, а слит с ней воедино. «Простаковский» быт Гриневых не снимает их связи с лучшими традициями дворянской культуры XVIII в. и их порождением – чувством долга, чести и человеческого достоинства. Не случайно «дворянский» пласт повести пронизан отзвуками и ассоциациями, воскрешающими атмосферу русской дворянской литературы XVIII в. с ее культом долга, чести и человечности.

